



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және
ақпарат министрлігі



Jastar
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Астана 2024



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі



«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

ӨЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Астана, 2024


УДК 316.35

ББК 60.5

Қ18

**Курмангажинова А.Ф., Килыбаева П.К., Ахантаева С.Ж., Шаймерденова С.А.,
Кожобекова Д.А., Сулейменова М.Ж., Арғынбаева Ж.Ж., Амуртаева К.М.**
"ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ" ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
АНАЛИТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА

ISBN 978-601-7857-64-6



ISBN 978-601-7857-64-6



МАЗМҰНЫ

I. ӘЛЕУМЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	5
II. ЖАСТАРДЫ ЖАППАЙ САУАЛДАН ӨТКІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	10
<i>Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы</i>	<i>10</i>
1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ	10
<i>Жастар денсаулығының жағдайы.....</i>	<i>10</i>
<i>Репродуктивті денсаулық және жыныстық тәрбие</i>	<i>15</i>
<i>Спортқа қатынас</i>	<i>19</i>
<i>Вакцинацияға көзқарас</i>	<i>21</i>
2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ.....	22
<i>Білім беру жүйесіне қанағаттану</i>	<i>23</i>
<i>Мектептер.....</i>	<i>24</i>
<i>Колледждер.....</i>	<i>25</i>
<i>ЖОО-лар</i>	<i>25</i>
<i>Қосымша білім</i>	<i>26</i>
<i>Ғылыми қызмет</i>	<i>27</i>
3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	29
<i>Жастардың әлеуметтік көңіл-күйі</i>	<i>29</i>
<i>Жастардың материалдық жағдайы және қаржылық сауаттылық.....</i>	<i>31</i>
4. ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ	36
<i>Жастардың құндылық бағыт-бағдары.....</i>	<i>36</i>
<i>Тілдік орта.....</i>	<i>40</i>
<i>Діни сенімдер</i>	<i>41</i>
<i>Отан ұғымымен ассоциация және ел болашағы бейнесі.....</i>	<i>43</i>
<i>Демалыс және жастардың қызығушылықтары</i>	<i>46</i>
5. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАР ТЕНДЕНЦИЯСЫ	47
<i>Неке жасы және некелік дәстүрлерді сақтау.....</i>	<i>47</i>
<i>Отбасылық өмір үшін болашақ өмірсеріктің орны</i>	<i>50</i>
<i>Неке бұзылу себептері.....</i>	<i>51</i>
6. ЖАСТАРДЫҢ ТҰТЫНУ МӘДЕНИЕТІ	53
<i>Видеоплатформаларды пайдалану.....</i>	<i>54</i>
<i>Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалану</i>	<i>56</i>
<i>Кітап оқу.....</i>	<i>58</i>
7. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ	60
<i>Мемлекеттік саясатқа көзқарас</i>	<i>60</i>

<i>Мемлекеттік бағдарламаларға қатысу</i>	61
<i>Жастардың азаматтық белсенділігі</i>	63
<i>Климаттың өзгеруіне қатынас</i>	66
<i>Креативті өнеркәсіптің дамуы</i>	67
ҚОРЫТЫНДЫЛАР	70
ҰСЫНЫМДАР	76
III. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ	77
1. <i>Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау</i>	78
2. <i>Қазіргі жастардың құндылық бағыт-бағдары мен басымдықтары</i>	85
3. <i>Азаматтық және саяси белсенділік</i>	91
4. <i>Жастармен идеологиялық жұмыс</i>	96
5. <i>Жоғары білімді жаңарту</i>	98
ҚОРЫТЫНДЫЛАР	101
ҰСЫНЫМДАР	103

I. ӘЛЕУМЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан – жас ұлтты мемлекет, халқының орта жасы 2023 жылы 32 жасты құрады. 2023 жылдың қыркүйегінде Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ағымдағы осы демографиялық үрдісті бәсекелестік басымдыққа айналдыру қажеттігін атап өткен болатын.

2023 жылы жастардың жас ерекшелігі 35 жасқа дейін деп белгіленген еді, нәтижесінде жастар саны елде 5,7 миллион адамнан асты. Бүгінде еліміздегі әрбір үшінші адам – жас азамат. Осылайша, жастар ұлттық дамудың басты қозғаушы күштерінің бірі болып саналады.

Сонымен бірге қазіргі кең көлемді жаһандану мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму жағдайында, сол сияқты әлемдегі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер ықпалымен құндылық бағыт-бағдарды айтарлықтай қайта ойлау, қайта бағалау жүріп жатыр. Бұл тұрғыдан алғанда жеке тұлға мен азамат деңгейінде индивидтің өз-өзін анықтау үрдісі маңызды сипатқа ие болуда және бұл әсіресе жастар ортасында маңызды. Қазақстандық жастардың құндылықтарын, қызығушылықтарын мен сұраныстарын зерттеу мемлекеттік жастар саясатын сапалы түрде жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады.

«Қазақстан жастары» қоғамдық пікір өлшемі жастардың құндылық бағдарларына назар аударады және білім, денсаулық азаматтық белсенділік, әлеуметтік-экономикалық жағдай және басқа да жастар дамуы саласындағы кешенді мәселелерді зерттеуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі жастар, қоғам және мемлекет арасындағы кері байланысты жетілдіру мақсатында жастар ерекшелігі мен мәселелеріне, негізгі үдерістеріне тұрақты түрде талдау жасалу қажеттілігінен туындайды. Әлеуметтік институттар мен ұйымдар, мемлекеттік бағдарламаларға қатысты жас адамдардың, сол сияқты жастар саясаты саласы сарапшыларының ой-пікірі мен бағаларын жан-жақты зерттеу жүргізіліп отырған мемлекеттік жастар саясатына қатысты шаралардың тиімділігін талдау үшін ерекше қажет.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі

«Қазақстан жастары» қоғамдық пікір өлшемі Қазақстан жастары дамуының ағымдағы жағдайын зерттеу және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін нұсқаулар дайындау мақсатында жыл сайын жүргізіледі.

Міндеттер:

- жас қазақстандықтардың құндылық бағдары мен қызығушылықтарын зерттеу;
- жастар ортасындағы отбасылық-некелік басты тенденцияларды қарастыру;
- жастардың пайдалану мәдениетін қарастыру және жастарға әсер етудің барынша оңтайлы жолдарын анықтау;
- жастардың азаматтық және саяси белсенділігі деңгейін, олардың көңіл-күйлерін сараптау;
- жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жастар жобаларына қатысу деңгейін анықтау;
- жастардың креативті индустрияның дамуына көзқарас, қатынастарын анықтау;
- әлеуметтік-экономикалық жағдай мен білім сапасына қанағаттану деңгейін белгілеу;
- жастардың дене шынықтыруға, ментальдық және репродуктивті денсаулыққа қатынасын қарастыру;

• мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін нұсқаулар дайындау.

Зерттеу пәні – Қазақстан жастарының денсаулық пен демалыс, білім мен ғылым, әлеуметтік-экономикалық ахуал, құндылық бағдарлар мен қызығушылықтар, қоғамдық-саяси процестер сияқты өз өмірінің негізгі аспектілерін қабылдауы мен бағалауы.

Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Зерттеуде сауалнама арқылы жаппай сауал, респондентпен жеке сұхбат және сарапшымен сұхбат әдісі сияқты ақпарат жинау мен талдаудың сандық және сапалық әдістері қолданылды.

Ақпарат жинаудың негізгі әдісі ретінде 14 пен 35 жас арасындағы жастардан жаппай сауалнама алу әдісі қолданылды, «face-to-face». Бұл әдіс жастар ортасындағы ахуал туралы барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жаппай сауалнама іріктеу негізінде алынған және жиынтығында әлеуметтік топтың құрылымын білдіретін респонденттердің үлкен тобының зерттеуге қатысуын көздейді. Өткізілген жаппай сауал нәтижелері негізінде дәлдіктің түрлі деңгейімен жаппай көңіл-күй туралы болжам құрылады. Жаппай сауалдың басты міндет-мақсаты – адамдар пікірі, олардың әлеуметтік құбылыстарға бағасы мен мотивтері, қоғамдық, топтық және жеке сана – сезім жағдайы мен феномені туралы ақпарат алу.

Әлеуметтанулық зерттеулер тәжірибесінде сарапшылық сауал қандай болса да бір құбылыстың дамуы туралы болжам жасау үшін, жаппай сауалнама нәтижелеріне сенімді болу үшін, зерттеу мәселесі (зондаж) туралы алдын ала ақпарат алу мақсатында, респонденттерден жаппай сауал мүмкін болмаған және тиімсіз болған жағдайда қолданылады.

Іріктелген респонденттер құрамы 2000 болды. Әлеуметтанулық зерттеу аумағы Қазақстан Республикасының бар аймағын – республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларын, 17 облыс орталығын, сонымен бірге ауылдық елді мекендерді қамтыды (А кестесі). Зерттеуде стратификацияланған квоталанған көп сатылы іріктеу қолданылды. Алдымен, облыстар мен қалалардағы тұрғындар санына қарай ел аумақтары бойынша жүргізілетін жұмыс ауқымы айқындалды. Одан кейін әр аймақ бойынша қалалық және ауылдық іріктеу, сол сияқты гендерлік іріктеу ауқымы есептелді.

*А кестесі. Адам жобасы бойынша іріктеу жиынтығы есебі**

Облыс	Барлығы	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1247	753	1021	979
Абай	53	33	20	27	26
Ақмола	74	42	32	38	36
Ақтөбе	93	69	24	48	45
Алматы	148	23	125	76	72
Атырау	72	39	33	37	35
Батыс Қазақстан	65	36	29	33	32
Жамбыл	123	52	71	63	60
Жетісу	65	29	36	33	32
Қарағанды	108	88	20	55	53
Қостанай	77	47	30	40	37
Қызылорда	85	39	46	44	41

Маңғыстау	81	36	45	41	40
Павлодар	68	48	20	35	33
Солтүстік Қазақстан	47	23	24	25	22
Түркістан	228	55	173	120	108
Ұлытау	21	17	4	11	10
Шығыс Қазақстан	62	41	21	32	30
Астана қ.	159	159	0	80	79
Алматы қ.	238	238	0	114	124
Шымкент қ.	133	133	0	66	67

Бұл зерттеуде байқау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Облыстар бойынша таңдау. Облыстар мен республикалық деңгейдегі қалалардағы 14 пен 35 жас аралығындағы тұрғындар санына қарай Астана, Алматы, Шымкент қалалары және елдің 17 облыстарындағы іріктеуге сәйкес облыстар бойынша іріктеу.

2. Әр облыстағы қалалық және ауылдық іріктеу көлемі ара қатынасына қарай қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу. Барлық облыс орталықтары, қалалар мен ауылдық елді мекендер сауалмен қамтылатын болады.

3. Сауал нүктелерін таңдау. Қала және ауылдық елді мекендерде сол елді мекеннің картографиялық тізімінен көшелер мен шағынаудандар жай кездейсоқ таңдалады.

4. Үй шаруашылықтарын таңдау. Бастау нүктесінен бастап «сол жақ қол» ережесімен, қалада 5 реттік таңдау қадамымен, ауылда 3 реттік таңдау қадамымен үй шаруашылықтары іріктеледі. Квотаға сәйкес келген бір үй шаруашылығынан бір белсенді сұхбатпен шектеледі. Бастау нүктесі ерікті түрде таңдалады.

5. Респонденттерді квотаға сәйкес таңдау. Әр жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша, жынысы мен жасына қарай іріктеледі. Сауал кезінде респондент 14 жастан кіші болмауы, 35 жастан үлкен болмауы керек, сол сияқты жыныс бойынша өкілі репрезентативті болуы керек (сауал алынатын ерлер мен әйелдер саны әр облыс, қала, ауыл бойынша Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде есептелді).

Іріктеу репрезентативті, яғни бөлінген параметрлерімен респонденттер құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жуықтайды. Бұл жағдайда іріктеу жиынтықтың орташа сипаттамасының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 2,19\%$ -дан аспайды.

Берілген параметрлерге сәйкес сарапшылар сұхбаты 10 сарапшыны құрады, ол параметрлер: біліктілік, қызмет саласы (зерттелуі тиіс жастарға қатысты денсаулық, білім мен демалыс, еңбекпен қамтылу, мемлекеттік жастар саясаты және тағы басқа салаларда).

Құралнама құрылымы

Алғашқы ақпаратты жинау үшін тираждалған құжат – сауалнама қолданылды, ол белгіленген ережелер бойынша бір-бірімен байланысты құрастырылған сұрақтардан тұрады. Респонденттермен сауал олардың таңдауымен қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Зерттеудің далалық кезеңі ақпаратын жинауды аймақтық супервайзерлер басшылығымен арнайы дайындалған сұхбат алушылар (интервьюер) жүзеге асырды.

Сарапшылар сұхбаты зерттеу міндеттеріне сәйкес алдын ала дайындалған сценарий (гайд) бойынша өткізілді.

Зерттеу құралдары құрылымы зерттеу міндеттері мен бағдарламалық мақсаттарға сәйкес логикалық блоктарға бөлінген бірнеше сұрақтардан тұрады.

Сұхбат алу кезінде деректерді сараптау мен оны кейін расшифровка жасау мақсатында аудиожазба жүргізілді. Қорытындылары бойынша аудиожазбалардың расшифровкасы жасалып, транскрипт құралды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңі қорытындылары бойынша интервьюерлер жұмысына бақылау (100% сауалнама толтыру сауаттылығын тексеру және 30% телефон бойынша алаңды бақылау), сонымен бірге кодтау, кіріспелер және деректерді өңдеу жүргізілді.

Кіріспе, бастапқы деректерді өңдеу, және бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдау жасау лицензияланған, орыс тіліне бейімделген SPSS компьютерлік бағдарламасы арқылы жасалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Алғашқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректерді бір өлшемді талдау;
- 2) деректерді екі өлшемді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

1 кезең. Әлеуметтанулық сауалды дайындау.

Келесі бағыттардан тұратын бағдарлама жасау:

- проблемалы ахуалды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу;
- міндеттер мен мақсаттар қою;
- ұғым-түсінікті операциялизациялау;
- гипотезаларды шығару;
- таңдаулы жиынтықты жобалау.

Эмпириялық ақпарат жинау үшін құралды (сауалнама) даярлау:

- сауалнаманы аудару;
- құралдарды пилоттау.

2 кезең. Эмпириялық ақпарат жинау.

Сауалды ұйымдастыру:

- интервьюерлерді іріктеу, дайындау, нұсқау беру;
- сауал учаскелерін бөлу;
- сауал бірліктерін таңдау;
- сауал өткізу мен сауалнама толтыру жөнінде сауалдама мен нұсқаулықтар жіберу;
- сұхбаттар өткізу.

3 кезең. Әлеуметтанулық деректерді өңдеу және түсіндіру.

- статистикалық деректерді өңдеу мен талдау бағдарламасында макет әзірлеу (SPSS);
- сауалнаманы кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- сауалнамалық деректерді енгізу;
- алаңды бақылау;
- әлеуметтік-демографиялық өлшемдер бойынша есептер мен сызбалық есептерді шығару мен өңдеу;
- статистикалық талдаудың басқа да түрлерін қолдану.

4 кезең. Алынған деректерді талдау.

Алғашқы талдауды өткізу:

- сауал барысында анықталған тәуелділіктерді тіркеу;
- кестелерді шығару;
- диаграммалар құру.

Деректерді екінші рет талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпарат тарту;
- жаңа болжамдар мен нұсқауларды шығару;
- зерттеудің қорытынды есебін дайындау.

II. ЖАСТАРДЫ ЖАППАЙ САУАЛДАН ӨТКІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Гендерлік тұрғыдан алғанда сауалға қатысқан респонденттердің 51,3%-ы ерлер өкілі, ал 48,7%-ы әйелдер болды. Жас диаппазоны жағынан респонденттердің 25,8%-ы 14 пен 18 жас арасында болса, 21,0%-ы 19 бен 23 жас, 22,3%-ы 24 пен 28 жас, 31,1%-ы 29 бен 34 жас арасында болды. Респонденттердің басым бөлігі қазақтар – 78,6%, орыстар – 13,9%, басқа этникалық топ өкілдері – 7,5%.

Білім деңгейі: сауалға қатысқан жастардың 13,7%-ы тек мектептің 9 сыныбын бітіргендер, 12,8%-ында толық орта білім бар. Респонденттердің 27,2%- кәсіби-техникалық, арнайы білім алғандар. Сауал кезінде шараға қатысқан жастардың 12,7%-ы ЖОО студенттері, 31,4%-ы ЖОО-ны аяқтап, жоғары білім алғандар болды. Респонденттердің 2,3%-ында ғылым докторы, кандидаты, магистрі ғылыми дәрежелері болды.

Әлеуметтік мәртебесі: сауалға қатысқан жастардың 42,2%-ы тіркелген некеде болса, 2,9%-ы тіркелмеген некеде өмір сүріп жатыр. Респонденттердің жартысынан сәл астам бөлігі үйленбеген/тұрмыс құрмаған, 0,7%-ы ажырасқан.

Сауалға қатысқан жастардың үй шаруашылығының *жалпы табысын* ескерсек, 7,7%-ы айына 100 000 теңгеден төмен тұратынын айтса, респонденттердің 29,4% -ы айына 100 000-250 000 теңге, 36,2%-ы 250 000-400 000 теңге, 15,2%-ы айлық табысы 400 000-нан 550 000 теңге аралығында екенін айтты. Айына 550 000 теңгеден 700 000 теңгеге дейін табысты респонденттердің 6,4%-ы алады. Табысы ең жоғары (700 000 теңгеден жоғары) топ 4,4% болды. Жұмыс істейтіндер арасында сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (9,8%) сауалнама кезінде ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және қызмет көрсету саласында (9,4%) еңбек етті. Респонденттердің 28,8% - ы жұмыс істемеді.

1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Жастар денсаулығының жағдайы

Денсаулық – ерекше назар аударуды қажет ететін адам өмірінің ең басты да маңызды салаларының бірі. Өз денсаулық жағдайларына немқұрайлы қарайтын қазақстандықтардың жас толқынының бір бөлігі үшін оның ерекше маңызы бар. Нақты айтсақ, дұрыс тамақтануда, дене белсенділігі мен зиянды және пайдалы дағдыларға жеке қатынастарын қалыптастыруда мәселелер бар. Сонымен қоса, денсаулық үшін өз жауапкершілігі қажеттігін түсіну медициналық көмек алу мүмкіндіктерін ашады. Бірақ, түрлі себептермен бұл көмекті пайдаланушылар аз.

Бұл бөлімде жастар денсаулығына қатысты негізгі мәселелер қаралды, оның ішінде физикалық пен менталдық денсаулықтың жалпы жағдайы, репродуктивті денсаулық, Жастар денсаулық орталықтары туралы хабардар болушылық пен спортқа қатынас бар.

Ең алдымен, респонденттерге өз денсаулығын үш, жалпы, физикалық және репродуктивтік категория бойынша бағалау ұсынылды. Талдау үшін теріс «1» және «2» бағалар, оң «4» және «5» бағалар жиынтығы есептелді. Жалпы алғанда жастар өз денсаулықтарын барлық категория бойынша, әсіресе физикалық денсаулық категориясы (84,7%) бойынша айтарлықтай жоғары бағалаған (№1 кесте).

№1 кесте, «Өз денсаулығыңыздың жағдайын 1-ден 5 балл шкаласы бойынша бағалаңыз, бұл жерде 1 – өте нашар денсаулық, 5 – өте жақсы денсаулық» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	1	2	1+2	3	4	5	4+5	3/0
Жалпы физикалық денсаулық	0,4	2,5	2,9	11,8	34,5	50,2	84,7	0,8
Менталды денсаулық	0,6	2,9	3,5	12,2	31,7	49,2	80,9	3,6
Репродуктивті денсаулық	0,5	2,6	3,1	11,5	29,5	50,5	80	5,6

Денсаулыққа қатысты мәселелерді бағалауда (№1 диаграмма) спортқа аз көңіл бөлетін респонденттердің 20,6%-ы мазасыздануда, олар жағдайды өзгертуді қалайды, 12,4%-ы болса мәселеге байланысты ешқандай әрекет жасауды ойлап отырған жоқ, ал 15,2%-ы бұл мәселенің өз өмірінде бар екенін түсінсе де, оларды бұл мәселе мүлдем мазаламайды.

Отырып өмір сүретіндер арасында 14,5%-ы осындай өмір салтын өзгерткісі келеді, 11,8%-ы ешқандай әрекет жасауды ойлап отырған жоқ, ал 13,7%-ы бұл мәселеге алаңдамайды. 16,2%-ы жұмысқа көп уақыт бөлінетініне алаңдамайды, 4,5%-ы бұл жағдайды өзгерткісі келеді, 11,3%-ы ештеңені өзгертпейтінін айтты.

Зиянды дағдылар мен тәуелділікке келсек, респонденттердің көпшілігі алкоголь, темекі, есірткі пайдалану және құмар ойындарға қатысуға байланысты өздерінде проблема жоқ екендігін мәлімдеді (84,9% бен 94,6% аралығындағы жастарда бұндай проблема жоқ).

№1 диаграмма. «Алаңдаушылық деңгейіне қарай өз денсаулығыңызға қатысты мәселеңізді бағалаңыз (әр жолда бір жауап)», сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Менталдық денсаулыққа қатысты жастарды алаңдататын түрлі өмірлік жағдайлар психологиялық проблема себептері болуы ықтимал. Қазіргі кезде жастарды алаңдатып отырған 3-топ жағдай келесілер: өзінің материалдық жағдайына алаңдаушылық (28,1%), өз өмірі мен жақындары өмірі үшін алаңдаушылық (27,3%), жұмысқа орналасу мәселесі (18,7%). Сол сияқты сұралғандардың 16,6%-ын елдегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі мазаласа, 15,9%-ы ішкі және сыртқы саяси ахуалдың тұрақсыздығына алаңдайды. 14,1%-дан 14,7%-ға дейінгі жастарды бәрінен бұрын жұмыссыз қалу, оқудағы проблемалар, тұрғын үйдің болмауы немесе нашар өмір сүру жағдайлары, өзінің өмірге бейімделе алмауы көбірек алаңдатады.

Тұтастай алғанда сауалға қатысқан жастар, өзіндік мәселеден болашақ балаларына қатысты мәселеге дейін өздерін алаңдататын түрлі себептерді көрсетті. Тек 11,2%-ы өз өмірлерінде оларды ештеңе алаңдатпайтынын жеткізді (№2 кесте).

№2 кесте. «3 топ жағдай тізімінен өзіңізді қазіргі кезде барынша алаңдатып отырғанын таңдаңыз (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Өмір сүруге керек материалдық ресурстарсыз қалу	28,1
Өз өмірі мен жақындары өмірі үшін алаңдаушылық	27,3
Жұмысқа орналасу мәселесі	18,7
Елдегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі	16,6
Ішкі және сыртқы саяси ахуалдың тұрақсыздығы	15,9
Өмірде өзін іске асыра алмау	14,7
Тұрғын үйдің болмауы, нашар өмір сүру жағдайлары	14,3
Оқумен байланысты мәселелер	14,2
Жұмыс орнынан айрылу	14,1
Мені ештеңе алаңдатпайды	11,2
Қарыз, несие төлеу мүмкіндігінің болмауы	9,4
Жақын адамдармен өзара түсіністіктің болмауы	8,9
Жақсы білім алу мүмкіндігінің болмауы	7,4
Достарсыз қалу, жалғыздық	6,8
Мемлекет тарапынан шектеу, бақылау	5,5
Отбасы құра алмау	4,5
Сүйген адамыңды кездестіре алмау	3,4
Инфляция, жоғары баға	0,3
Денсаулық	0,2
Ұлтаралық қатынас	0,1
Тілдік мәселе	0,1
Азық-түлік қымбатшылығы	0,1
Грантқа түсу, оқудың жоғары бағасы	0,1
Балалар болашағы	0,1
Жауап беруге қиналамын	3,3

Елді мекен типіне қарай корреляцияда ауылдық елді мекен респонденттерін қалалықтарға қарағанда жұмысқа орналасу (23,0%, қала – 16,0%), жұмыс орнынан айрылу (15,6%, қала – 13,1%), тұрғын үйдің болмауы немесе нашар өмір сүру жағдайлары (15,5%, қала – 13,5%), қарыз, несие төлеу мүмкіндігінің болмауы (12,5%, қала – 7,4%) көбірек алаңдатады. Бұл жерде қала респонденттері материалдық ресурстар, өз өмірі мен жақындары өміріне алаңдаушылыққа жиі мазасызданып отыр (тиісінше 29,5% бен 28,5%) (№3 кесте).


№3 кесте. «3 топ жағдай тізімінен өзіңізді қазіргі кезде барынша алаңдатып отырғанын таңдаңыз (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі бойынша, %-бен

	Қала	Ауыл
Өмір сүруге керек материалдық ресурстарсыз қалу	29,5	25,8
Өз өмірі мен жақындары өмірі үшін алаңдаушылық	28,5	25,2
Жұмысқа орналасу мәселесі	16,0	23,0
Елдегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі	16,1	17,3
Ішкі және сыртқы саяси ахуалдың тұрақсыздығы	15,7	16,3
Жұмыс орнынан айрылу	13,1	15,6
Тұрғын үйдің болмауы, нашар өмір сүру жағдайлары	13,5	15,5
Өмірде өзін іске асыра алмау	15,7	13,0
Қарыз, несие төлеу мүмкіндігінің болмауы	7,4	12,5
Оқумен байланысты мәселелер	16,0	11,2
Жақын адамдармен өзара түсіністіктің болмауы	8,4	9,7
Мені ештеңе алаңдатпайды	12,2	9,7
Достарсыз қалу, жалғыздық	6,5	7,1
Жақсы білім алу мүмкіндігінің болмауы	7,9	6,6
Мемлекет тарапынан шектеу, бақылау	5,4	5,6
Отбасы құра алмау	5,0	3,6
Сүйген адамыңды кездестіре алмау	3,6	3,1
Денсаулық	0,2	0,3
Грантқа түсу, оқудың жоғары бағасы	0,1	0,1
Балалар болашағы	-	0,1
Ұлтаралық қатынас	0,2	-
Инфляция, жоғары баға	0,4	-
Тілдік мәселе	0,1	-
Азық-түлік қымбатшылығы	0,1	-
Жауап беруге қиналамын	3,4	3,0

Өздерінің физикалық және менталды денсаулығын сақтау үшін жас респонденттер тұрақты түрде немесе белгілі уақыттан соң медициналық тексеруден өтіп тұрады (65,5%), аурудың алғашқы белгілері байқалғанда дәрігерге қаралады (67,1%) немесе үй жағдайында өздері дербес емделе бастайды (60,4%).

Сонымен қатар, респонденттердің 59,5%-ы тұрақты түрде немесе белгілі уақытта өз тамақтануына мұқият болса, 63,7%-ы ұйқы мен сергектік режимін сақтауға тырысады, 75,5%-ы уақытты таза ауада өткізгісі келеді. Респонденттердің 72,7%-ы еш уақытта психотерапияда болмағанын атап өтуге болады. Сауалға қатысқандардың 69,6%-ы еш уақытта халық емшілеріне қаралмаған (№2 диаграмма).


№2 диаграмма. «Көрсетілгендердің қайсысын Сіз өз мәселеңізді шешу үшін қолданасыз? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Қазақстанда жастарға медициналық қызмет пен кеңес беретін Жастардың денсаулық орталықтары (ЖДО) жұмыс істейді. БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) өкілдігінің «Қазақстандағы жастар және жасөспірімдер қажеттіліктері мен Жастар денсаулық орталықтары әлеуетінің бағасы» зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, ең алдымен, тұрғындардың хабардар болмауы себебінен ЖДО жұмысы, тиісті деңгейде тиімді емес¹.

Сауал нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 7,7%-ы ғана кеңес немесе ем алу үшін ЖДО-ға жүгінген. Сауалға қатысушылардың жартысынан астамы орталықтарға жүгінбеген, ал 33,8%-ы ЖДО туралы естімеген де екен (№3 диаграмма).

№3 диаграмма. «Ем немесе кеңес алу үшін Сіз Жастар денсаулық орталықтарына (ЖДО) бардыңыз ба? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



¹ «Жастар денсаулық орталығы әлеуетін және Қазақстандағы жастар мен жасөспірімдер сұранысын бағалау. Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қоры өкілдігі. Астана, 2024 ж. // <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/11846/file/%D0%9E%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20%D0%BF%D0%BE%20%D0%B8%D1%82%D0%BE%D0%B3%D0%B0%D0%BC%20%D0%B2%D0%BD%D0%B5%D1%88%D0%BD%D0%B5%D0%B9%20%D0%BE%D1%86%D0%B5%D0%BD%D0%BA%D0%B8.pdf.pdf>

Репродуктивті денсаулық және жыныстық тәрбие

Ерте жастан жыныстық белсенділік, қажет емес жүктілік, жыныстық мәселелер бойынша толық ақпараттың жетіспеуі жастар дамуындағы маңызды аспект болып қалуда. Менталитетті ескерсек, жыныстық тәрбие мәселесінде әлі де тыйым салынған, айтуға болмайды деп саналатын тұстар жеткілікті. Мемлекет бұл салада бақылаудың қажеттігін түсінеді және жастардың репродуктивті денсаулығын қорғау бойынша бағдарламаларға біртіндеп бастамашы болуда. «Sauluq.life – Жастардың денсаулығын сақтау»² жобасы осы мысалдардың бірі. Ол жастарға жыныстық тәрбие беру мен қажетсіз жүкті болу, аборт және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу мақсатында құрылды.

Репродуктивті және сексуалды денсаулық туралы беделді ақпарат көздеріне келсек, сауалға қатысқан жастардың 26,6%-ы үшін жеке гинекологпен, урологпен, репродуктологпен әңгімелесу осындай ақпарат көзі, респонденттердің 17,9%-ы ақпаратты интернет-жарияланым мен мақалалардан алса, 16,6%-ы отбасылық талқылаулардан алады.

Жартысына жуығы өз құрдастары (15,4%) мен отбасылық дәрігерге (15,3%) жүгінеді. Респонденттердің 14,4%-ы үшін әлеуметтік желілер, 11,3%-ы үшін медициналық мекемелердің баспа материалдары ақпарат көзі болып есептеледі.

Жыныстық денсаулық туралы ата-аналарынан ақпарат сұрайтын респонденттер мейлінше аз болды (0,1%) (№4 диаграмма).

№4 диаграмма. «Репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы Сіз үшін ең беделді ақпарат көзін көрсетіңіз (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



² <https://sauluq.kz/ru> «Sauluq.life – Жастардың денсаулығын сақтау» жобаның ресми веб-сайты

Гендерлік тұрғыдан алғанда ерлерге қарағанда әйел-респонденттердің репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы ақпаратқа қызығушылығы жоғарылау. Әйелдер өз гинеколог-дәрігеріне қаралуға басымдық береді (34,2%, ерлер – 19,4%). Өз кезегінде, репродуктивті денсаулық туралы ақпарат алатын ерлер-респонденттер аз (24,4%, әйелдер – 14,9%) (№4 кесте).

№4 кесте. «Репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы Сіз үшін ең беделді ақпарат көзін көрсетіңіз (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жыныс бойынша, %-бен

	Ерлер	Әйелдер
Өзімнің отбасылық дәрігеріммен әңгімелесу	15,6	15,0
Өзімнің гинеколог, уролог, репродуктологіммен әңгімелесу	19,4	34,2
Медициналық мекемелердің баспа материалдары	9,9	12,6
Отбасылық талқылаулар	15,4	17,9
Мектептегі сабақтар мен талқылаулар	6,2	6,2
Интернет-жарияланым, мақалалар	16,8	19,1
Имам, священник	1,7	2,4
Деректі фильмдер	5,5	3,8
Әлеуметтік желідегі талқылаулар	14,6	14,1
Сенім телефондары	3,0	3,2
Құрдастар, достар	14,4	16,4
Мен мұндай ақпарат алмаймын	24,4	14,9
Талқылауға немесе сұрауға ұяламын	9,3	9,3
Ана	-	0,7
Ата-ана	0,1	-
Жауап беруге қиналамын	6,2	5,3

Жас тұрғысынан алғанда респонденттердің жасы үлкейген сайын оларға жыныстық денсаулық мәселелерін кәсіби мамандармен талқылау жеңілірек екені байқалады (24-28 жас – 31% және 29-34 жас – 31,7%). Бұл ретте сауалдың 14-18 жастағы ең жас қатысушылары бұл тақырыпты талқылауға әдетте қысылады (13,6%), бірақ отбасылық талқылауда (19%) немесе құрдастар мен достары арасында олар өздерін әлдеқайда жайлы сезінеді (17,9%). 19-23 жастағы респонденттер интернет-жарияланымдарға, мақалаларға, әлеуметтік желілердегі талқылауларға басымдық береді (16,9%) (№5 кесте).

№5 кесте. «Репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы Сіз үшін ең беделді ақпарат көзін көрсетіңіз (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Өзімнің отбасылық дәрігеріммен әңгімелесу	13,6	14,3	17,1	16,1
Өзімнің гинеколог, уролог, репродуктологіммен әңгімелесу	16,9	26,3	31,0	31,7
Медициналық мекемелердің баспа материалдары	12,4	9,1	11,7	11,4
Отбасылық талқылаулар	19,0	16,2	14,8	16,1
Мектептегі сабақтар мен талқылаулар	10,3	7,4	4,0	3,5
Интернет-жарияланым, мақалалар	13,6	22,7	19,3	17,2
Имам, діни қызметкер	2,9	1,7	2,0	1,4
Деректі фильмдер	4,5	5,7	4,5	4,2
Әлеуметтік желілердегі талқылаулар	12,0	16,9	16,0	13,4
Сенім телефондары	2,7	3,1	2,2	4,0
Құрдастар, достар	17,9	19,6	13,0	12,2
Мен мұндай ақпарат алмаймын	21,4	16,7	20,7	19,8
Талқылауға немесе сұрауға ұяламын	13,6	9,8	5,8	7,9
Ана	0,6	0,2	0,2	0,3
Ата-ана	0,2	-	-	-
Жауап беруге қиналамын	7,4	4,3	4,7	6,3


Респонденттердің 42,3%-ында венерологиялық аурулардың таралуы туралы нақты білім жоқ. Респонденттердің 53,5%-ы бұл туралы хабардар (№5 диаграмма).

№5 диаграмма. «Венерологиялық аурулардың таралуы туралы Сіз не білесіз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен




Гендер бойынша корреляцияны қарағанда венерологиялық аурулардың таралуы туралы еркектерге қарағанда әйелдердің көбірек хабардар екені байқалады. Әйелдердің 18,2%-ы барлық аурулар туралы жақсы білетін болса, ерлерде бұл көрсеткіш – 15,5%. «Жақсы деуге болады, кейбір ауруларды білемін» жауап нұсқасын респондент-әйелдердің 39%-ы көрсетсе, ерлерде бұл жауапты таңдағандар – 34,4% (№6 диаграмма).

№6 диаграмма. «Венерологиялық аурулардың таралуы туралы Сіз не білесіз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жыныс бойынша, %-бен



Сұралған жастардың жартысынан астамы (58,9%) жасөспірімдерді анатомия, физиологиямен хабардар ету, сол сияқты қажет емес жүктілік деңгейін төмендету мақсатында мектептерде сексуалдық/жыныстық тәрбие бойынша сабақтар өткізу қажет деп санайды. Респонденттердің 35,6%-ы мұндай сабақтарға қарсы, олардың бір бөлігі (15,0%) бұны ұят деп есептесе, қалғандары (20,6%) бұл ерте жыныстық өмірге әкелуі мүмкін деп ойлайды (№7 диаграмма).

№7 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, мектептерде сексуалдық/жыныстық тәрбие бойынша сабақтар болуы тиіс пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Гендерлік тұрғыдан респондент-әйелдер ерлермен салыстырғанда мектепте жыныстық тәрбие сағаттарын енгізу қажет деген жауапты көбірек көрсетті. Әсіресе, әйелдер қажет емес жүктілік мәселесіне баса назар аударып отыр (29,9%, ерлер – 24,2%) (№8 диаграмма).

№8 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, мектептерде сексуалдық/жыныстық тәрбие бойынша сабақтар болуы тиіс пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жыныс бойынша, %-бен



Жас ерекшелігі бойынша жыныстық өмірге ену үшін барынша жайлы кезең деп респонденттердің көпшілігі (23%) 20 жасты атады. Респонденттердің сәл аз бөлігі (20,8%) осы жыныстық өмірге ену үшін барынша жайлы кезең деп 18 жасты көрсетті.

Респонденттердің 3,8%-ы жыныстық өмірдің басталуын 13-16 жас деп көрсеткенін атап кеткен жөн. 5,8% сауалға қатысқан жастар жыныстық өмірді некеге отырғаннан кейін бастаған дұрыс деп санайды (№6 кесте).

№6 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жыныстық өмірді қай жастан бастаған дұрыс?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Жасы	Пайыздар
------	----------

13	0,2
14	0,2
15	0,4
16	3,0
17	1,4
18	20,8
19	4,0
20	23,0
21	6,6
22	5,0
23	4,9
24	2,5
25	7,7
26	1,0
27	0,7
28	0,5
30	0,8
34	0,1
Жауаптан бас тарту	8,2
Жауап беруге қиналамын	3,3
Некеге отырғаннан кейін	5,8
Ересек жаста	0,3
Өркім өзі шешеді	0,1

Спортқа қатынас

Өр аймақта спорт инфроқұрылымын дамыту, салауатты өмір салты мен белсенді спорттық жаттығулармен айналысуды насихаттау, ілгері жылжыту өзекті мәселе болып қалуда. Спорт пен тұрақты түрдегі физикалық белсенділік жастар үшін бос уақыттың маңызды бөлігіне айналып, адам денсаулығы мен психикалық ахуалына едәуір оң ықпалын тигізеді.

Кедергілерге келсек, сауал нәтижелеріне сәйкес жас респонденттердің 36,2%-ы спортпен айналысуға мүмкіндік бермей тұрған басты кедергі еріншектік деп санайды. Респонденттердің ширек бөлігі уақыт жетіспеушілігін айтты. Одан сәл аз бөлігі (24,9%) спортпен айналысуға жастарға қаржы жетіспейтінін көрсетті, мотивацияның жоқтығын 24,4%-ы атады. 19,4%-ы үшін кедергі шаршау, ал 19,0%-ы үшін жуық жерде жаттығу нысандарының жоқтығы. Сауалға қатысушылардың 10,7%-ы нашар инфроқұрылым мен денсаулықтың нашар күйін атады. 10,2% респонденттер пікірінше жастар жаттықтырушылар мен секциялар болмағандықтан спортпен айналыса алмай отыр. 16,4% респонденттер пікірінше жастардың спортпен айналысуына кедергі болатындай ерекше себептер жоқ (№9 диаграмма).

№9 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жастардың спортпен айналысуына не кедергі? (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Елді мекен типіне қарай корреляцияда қалалық респонденттер үшін еріншектіктен басқа жиі кедергі қаржының болмауы (27,1%, ауыл – 21,3%), уақыт жетіспеуі (25,9%, ауыл – 23,4%), шаршау (21,9%, ауыл – 15,4%) және мотивацияның болмауы (17,8%, ауыл – 14,2%).

Бұл ретте ауыл жастары жуық жерде жаттығу нысандарының жоқтығын (25,2%, қала – 15,1%) және жаттықтырушылар мен секциялар жоқтығын (14,6%, қала – 7,4%) қалалықтардан гөрі жиірек атады (№10 диаграмма).

№10 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жастардың спортпен айналысуына не кедергі? (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типіне қарай, %-бен



Вакцинацияға көзқарас


Вакцинация – қоғамдық дискурстың ең өзекті талқыланатын тақырыптарының бірі. Сенімді ақпараттың жетіспеушілігі жағдайды ушықтыра түседі, тұрғындарда сенім төмендеп, қауіптену үрдісі артады. Бұл ретте вакцинация – адам ағзасын қорғаудың, аурулар мен оның таралуының алдын алудың ең тиімді құралдарының бірі. Үкімет профилактикалық екпе алуды қажет ететін аурулар тізімін бекітті³.

Сауал барысында респонденттер міндетті және ұсынба вакцинацияға қатысты өз пікірлерін білдірді. Сауалға қатысушылардың 52,5%-ы өз денсаулығын сақтау және аурулар таралуының алдын алу үшін міндетті және ұсынба вакцинацияларды қабылдау қажет деп санайды.

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 102 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P20000000612>
«Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық егулер жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және профилактикалық егуге жататын халық топтарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына өзгерістер енгізу туралы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31880902 Постановление Правительства Республики Казахстан от 20 февраля 2024 года № 102 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P20000000612>


14,5%-ы вакцинаның пайдасынан зияны көп десе, 29,3% респонденттер вакцина қабылдау немесе қабылдамау туралы әр адам дербес шешім қабылдау керек екенін атады (№11 диаграмма).

№11 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, ұсынылатын және міндетті вакциналарды қабылдау керек пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Этникалық топтар тұрғысынан алғанда орыстармен салыстырғанда қазақтар және басқа да этникалық топ өкілдері өз денсаулығын сақтау үшін вакцинаның маңыздылығын жиі атады (қазақтар – 34,6%, басқалар – 30,7%, орыстар – 19,8%). Өз кезегінде респондент-орыстар өзгелерге қарағанда вакцина қабылдау немесе қабылдамау туралы әр адам дербес шешім қабылдау керек жауабын жиі белгіледі (орыстар – 46,4%, басқалар – 40,0%, қазақтар – 25,2%) (№12 диаграмма).

№12 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, ұсынылатын және міндетті вакциналарды қабылдау керек пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, этникалық топтар бойынша, %-бен



2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ


Білім беру жүйесіне қанағаттану

Адамның жеке тұлға ретінде дамуында білім іргелі рөл атқарады, ол интеллектуалдық және сонымен бірге әлеуметтік, кәсіби дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Білім – қоғам мен әр адамның жеке қабілеттерін дамытудың шешуші құралы.

Қазақстанда соңғы жылдары барлық деңгейде білім жүйесінің сапасын жақсарту үшін белгіленген шаралар алынды, қадамдар жасалды. Білім саласын қаржыландыру артты, шетелдік университеттермен меморандумдарға қол қойылуда, жаңа мектептер салынуда, педагогтің кәсіби мәртебесі артып, мектеп бағдарламалары жаңартылды.

Алып жатырған немесе алған білімді бағалауда респонденттердің көпшілігі (76,2%) оның сапасына қанағаттанатындықтарын жеткізді («қанағаттамын деуге болады» + «толық қанағаттанамын»). Сауалға қатысқандар ішінде қанағаттанбағандары – 20,2% («қанағаттанбаймын деуге болады» + «мүлдем қанағаттанбаймын») (№13 диаграмма).

№13 диаграмма. «Алған немесе алып жатырған білім сапасына Сіз қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Бұл мәселені *білім деңгейлері бойынша* қарағанда респонденттердің барлығы дерлік өздерінің алған біліміне қанағаттанатындықтарын жеткізді (81,8%-дан 71,7%-ға дейін, «толық қанағаттанамын» + «қанағаттанамын деуге болады»). Орта мектептің 9 сыныбын бітіргендерде бұл жерде ең жоғары қанағаттану көрсеткіші (81,8%) болды.

Ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 28,2%-ы алған білімге қанағаттанбайтындықтарын өзгелерге қарағанда жиі атады (№7 кесте).

№7 кесте. «Алған немесе алып жатырған білім сапасына Сіз қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, білім деңгейлері бойынша, %-бен

	Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы	Орта, мектеп 11 сыныбы	Кәсіби-техникалық, орта арнаулы, колледж, училище	Аяқталмаған жоғары, ЖОО-да оқып жатырмын	Жоғары, ЖОО бітірдім	Жоғары және ғылыми дәреже, магистр, ғылым кандидаты, доктор, PhD
Толықтай қанағаттанамын	31,8	22,4	20,4	29,6	28,2	39,1
Қанағаттанамын деуге болады	50,0	51,4	51,8	50,6	48,6	32,6
Оң бағалар жиынтығы	81,8	73,8	72,2	80,2	76,8	71,7
Қанағаттанбаймын деуге болады	9,9	17,3	16,4	11,9	13,9	23,9
Мүлдем қанағаттанбаймын	5,1	5,9	6,6	5,5	5,4	4,3
Теріс бағалар жиынтығы	15	23,2	23	17,4	19,3	28,2
Жауап беруге қиналамын	3,3	3,1	4,8	2,4	4,0	-

Мектептер

Орта білім беру түрлі аспектілерін талдау барысында респонденттердің ең алдымен мектеп мұғалімдерінің біліктілігін жоғары бағалайтыны анықталды (58,5%). Сонымен бірге кітапханадағы жұмыс жайлылығы (56,4%), қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігі (56,0%), мұғалімдердің этикалық мінез-құлқы (54,1%) сияқты аспектілер де жоғары бағаланды.

Ең төмен бағаны респонденттер діни киімдерді киюге (30,5%), сонымен қатар ғимарат ішіндегі дәретханаларға, тазалығына, қағаз бен сабынның болуына (26,6%), оқудан тыс сабақтарға (24,6%) және мектептегі интернет қолжетімділігіне (21,5%) қойды (№8 кесте).

№8 кесте. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі өлшем бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	1	2	1+2	3	4	5	4+5	Ж/Ж, бас тарту	Ж/Қ
Мектептер									
Мектептердегі бағалау жүйесі (БЖБ, ТЖБ)	7,1	12,5	19,6	32,9	27,0	13,7	40,7	0,4	6,7
Мектеп оқулықтарының сапасы	5,5	13,7	19,2	28,7	31,6	15,6	47,2	0,3	4,8
Қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігі	2,9	8,2	11,1	24,7	33,2	22,8	56	0,3	8,1
Кабинеттердің материалдық-техникалық жабдықталуы	4,6	9,5	14,1	31,8	33,1	16,0	49,1	0,6	4,7
Мектептердегі интернет қолжетімділігі	10,4	11,1	21,5	30,6	28,0	14,3	42,3	0,4	5,3
Мектеп мұғалімдерінің біліктілігі	2,3	7,6	9,9	27,3	35,1	23,4	58,5	0,4	4,0
Мұғалімдердің этикалық мінез-құлқы	3,3	9,0	12,3	27,9	32,5	21,6	54,1	0,6	5,2
Мектептердің санитарлық жағдайы	4,3	10,2	14,5	31,2	32,4	17,0	49,4	0,5	4,5
Ғимарат ішіндегі дәретханалар, тазалығы, қағаз бен сабынның болуы	11,7	14,9	26,6	31,9	24,7	11,4	36,1	0,3	5,2
Кітапханадағы жұмыс жайлылығы	3,2	9,2	12,4	24,7	35,5	20,9	56,4	0,4	6,2
Оқудан тыс сабақтар (шығу, далалық тәжірибелер)	12,3	12,3	24,6	28,5	27,2	11,8	39	0,4	7,6

Химия, биология және физика сабақтарында реагент, құрал, материалдардың болуы және қолжетімділігі	8,8	13,2	22	30,4	26,5	13,0	39,5	0,5	7,8
Діни киімдерді кию (хиджаб және т.б.)	18,3	12,2	30,5	20,2	16,4	13,1	29,5	0,5	19,5

Колледждер

Колледждердегі білім беру жүйесін сипаттаған респонденттер көп жағдайда жоғары бағаны оқытушы біліктілігіне (43,0%) кітапханадағы жұмыс жайлылығына (42,0%) қойды.

Ең төмен бағаны стипендия көлемі (19,9%) мен діни киімді кию (17,6%) аспектілері алды (№9 кесте).

№9 кесте. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі өлшем бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	1	2	1+2	3	4	5	4+5	Ж/Ж, бас тарту	Ж/Қ
Колледждер									
Оқытушылар біліктілігі	1,7	6,7	8,4	21,7	26,6	16,4	43	2,4	24,6
Стипендия көлемі	10,0	9,9	19,9	25,4	20,9	9,0	29,9	2,4	22,5
Кабинеттердің материалдық-техникалық жабдықталуы	3,4	7,1	10,5	27,3	24,9	12,3	37,2	2,4	22,8
Колледждердегі интернет қолжетімділігі	6,4	8,7	15,1	22,7	24,6	11,0	35,6	2,4	24,4
Ғимарат ішіндегі дәретханалар, тазалығы, қағаз бен сабынның болуы	6,4	9,6	16	26,4	22,7	8,6	31,3	2,4	24,1
Кітапханадағы жұмыс жайлылығы	2,9	6,4	9,3	21,8	28,0	14,0	42	2,4	24,7
Оқудан тыс сабақтар (шығу, далалық тәжірибелер)	6,0	9,2	15,2	22,1	23,3	10,2	33,5	2,4	26,9
Химия, биология және физика сабақтарында реагент, құрал, материалдардың болуы және қолжетімділігі	4,9	7,3	12,2	25,8	24,0	9,5	33,5	2,4	26,2
Қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігі	3,7	7,1	10,8	21,8	26,2	12,7	38,9	2,4	26,2
Оқудан тыс кезде бос уақытты ұйымдастыру	7,0	7,8	14,8	22,9	23,6	9,9	33,5	2,4	26,6
Діни киімдерді кию (хиджаб және т.б.)	9,8	7,8	17,6	16,3	19,4	12,0	31,4	2,8	32,2

ЖОО-лар

Жоғары білімге қатысты сауалдарда респонденттер көп жағдайда жоғары бағаны кітапханадағы жұмыс жайлылығына (46,3%) оқытушы біліктілігіне (46,1%) және қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігіне (41,7%) қойды.

Ең төмен бағаны оқу үшін төлем құны (32,4%), сол сияқты стипендия көлемі (22,2%), мемлекеттік білім гранттарының саны мен бөлінуі (21,0%), білім жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар (20,7%) алды (№10 кесте).


№10 кесте. «Қазақстандық білім беру жүйесінің түрлі аспектілерін 1-ден 5-ке дейінгі өлшем бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	1	2	1+2	3	4	5	4+5	Ж/Ж, бас тарту	Ж/Қ
ЖОО-лар									
Бірыңғай ұлттық тестілеу (БҰТ)	6,9	8,5	15,4	23,3	23,5	14,9	38,4	1,8	21,3
Мемлекеттік білім гранттарының саны мен бөлінуі	10,6	10,4	21	22,4	22,1	11,7	33,8	1,8	21,1
Білім жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	9,7	11,0	20,7	23,5	19,1	11,5	30,6	1,8	23,6
Оқытушылар біліктілігі	1,8	6,3	8,1	21,5	28,2	17,9	46,1	1,8	22,6
Студенттер стипендиясы көлемі	11,5	10,7	22,2	22,5	20,6	12,3	32,9	1,8	20,6
Оқу үшін төлем құны	20,1	12,3	32,4	19,3	16,8	9,1	25,9	1,8	20,8
Ғимарат ішіндегі дәретханалар, тазалығы, қағаз бен сабынның болуы	5,7	8,8	14,5	25,6	23,0	11,2	34,2	1,8	24,0
Кітапханадағы жұмыс жайлылығы	2,4	7,0	9,4	18,9	25,8	20,5	46,3	1,8	23,7
Оқудан тыс сабақтар (шығу, далалық тәжірибелер)	4,8	8,0	12,8	23,6	23,6	12,4	36	1,8	26,0
Химия, биология және физика сабақтарында реагент, құрал, материалдардың болуы және қолжетімділігі	2,7	7,8	10,5	23,7	25,4	12,5	37,9	1,8	26,2
Қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігі	3,2	6,2	9,4	21,3	26,4	15,3	41,7	1,8	25,9
Студенттік өмірді ұйымдастыру	5,1	8,8	13,9	21,1	24,5	14,2	38,7	1,8	24,7
Діни киімдерді кию (хиджаб және т.б.)	10,2	6,4	16,6	16,8	16,9	16,1	33	1,8	32,0

Қосымша білім

Қосымша білім бойынша сауал нәтижелері көрсеткендей респонденттердің 34,6%-ы офлайн оқу курстарына қатысады. Онлайн-курстардың қажеттілігі сәл жоғары, ол курстарға қатысатын жастар – 40,3% (№14 диаграмма).

№14 диаграмма. «Сіз бос уақытыңызда қаншалықты жиі.....? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Гендер тұрғысынан алғанда сауалға қатысушы әйелдер ерлерге қарағанда офлайн-курстарға жиі барады (38,1%, ерлер – 31,3%) және қосымша онлайн білім алумен айналысады (44,8%, ерлер – 36,1%) (№11 кесте).

№11 кесте. «Сіз бос уақытыңызда қаншалықты жиі.....? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жыныс бойынша, %-бен

...оқу курстарына офлайн барасыз		
	Ерлер	Әйелдер
Ешқашан	37,9	30,4
Сирек	28,6	29,5
Кейде, анда-санда	21,9	26,0
Тұрақты	9,4	12,1
Жауап беруге қиналамын	2,2	2,1
...қосымша онлайн білім алумен айналысасыз		
	Ерлер	Әйелдер
Ешқашан	34,0	23,1
Сирек	28,1	30,3
Кейде, анда-санда	27,2	32,8
Тұрақты	8,9	12,0
Жауап беруге қиналамын	1,9	1,8

Ғылыми қызмет

Орта мектеп оқушылары мен студенттердің зерттеулер мен ғылыми жобаларға қызығушылықтарын арттыру үшін респонденттердің жартысына жуығы (41,5%). іске асырылған жобалар мен өнертабыстардағы жетістіктері үшін оқу орындарында марапаттар беру керек деп санайды. Сол сияқты 41,1% сауалға қатысқандар оқушылардың/студенттердің зерттеу жұмыстарына бөлінетін жеке гранттарды көбейту керек деген пікірде.


Жастар пікірі бойынша оқушыларды/студенттерді мектеп, кафедра және ғылыми орталықтардың жобалық қызметтеріне белсендірек тарту (39,5%) мен оқушылардың/студенттердің инновациялық жобалары конкурстарын өткізу (31,8%) тиімді шаралар болады (№12 кесте).

№12 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, орта мектеп оқушыларында/студенттерде зерттеулер мен ғылыми жобаларға қызығушылықты дамыту үшін оқу орындарында қандай шаралар істеу керек? (үш жауаптан кем емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Іске асырылған жобалар мен өнертабыстағы жетістіктері үшін марапаттар беру	41,5
Оқушылардың/студенттердің зерттеу жұмыстарына бөлінетін жеке гранттарды көбейту	41,1
Оқушыларды/студенттерді мектеп, кафедра және ғылыми орталықтардың жобалық қызметтеріне белсендірек тарту	39,5
Оқушылардың/студенттердің инновациялық жобалары конкурстарын өткізу	31,8
Дипломдық жобалауды нақты ұйымға бағыттап жүргізу	17,4
Оқу жоспарында оқушылардың/студенттердің өзіндік жұмысы үшін сағаттарды көбейту	16,0
Оқушылардың/студенттердің ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру бойынша арнайы курстар сағаттарын көбейту	13,2
Жауап беруге қиналамын	4,0

Сауалға қатысушылардың көпшілігі жеке қызығушылықтарына байланысты ғылым мен технология әлеміндегі жаңалықтарды қарап отырады (40,7%). Қажеттілікке қарай (оқу мен жұмыс) көңіл бөлетіндер – 28,4%. 28,6% респонденттер өздеріне ғылым мен технология қызық емес деп жауап берді (№15 диаграмма).

№15 диаграмма. «Сізді ғылым мен технология әлемінде болып жатқан жаңалықтар қызықтыра ма? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



- Иә, мен ғылымда не болып жатқанын білгім келеді
- Иә, маған оқуым бойынша керек
- Иә, маған жұмысым бойынша керек
- Жоқ, бұл маған қызық емес
- Жауап беруге қиналамын


3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Жастардың әлеуметтік көңіл-күйі

Әлеуметтік-экономикалық жайлылық – жастар өмірінің маңызды аспектісі, ол жасөспірім кезден-ақ жеке өмір сүру бейнесі, дағдысы мен жеке мінездемесі арқылы қалыптаса бастайды. Бүгінгі күн адам жоғары бәсекелестік ахуалында, бұл ортада білім мен кәсіби дағдылар ғана емес, қарым-қатынастағы, бейімделудегі қабілеттіліктің жоғары деңгейі, креативтілік, сыни ойлау және басқа да soft skills маңызды.

Сауал нәтижелеріне сәйкес респонденттердің басым көпшілігі өз өмірлеріне риза (73,4% «көңілім толады деуге болады» + «толықтай көңілім толады»). Бұл жерде респонденттердің ширек бөлігі өз өміріне риза емес (24,2% «көңілім толмайды деуге болады» + «мүлдем көңілім толмайды») (№16 диаграмма).

№16 диаграмма. «Қазіргі өз өміріңізге жалпы алғанда Сіздің көңіліңіз тола ма?(бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Аймақтық тұрғыдан алғанда өз өмірлеріне көңілі толмайтын респонденттер Маңғыстау (54,3%), Ақтөбе (42,0%), Алматы (39,9%), Жамбыл (34,9%) облыстары мен Астана (33,9%) қаласында тұрады.

Өз өмірлеріне барынша көңілі толатын респонденттер – Ұлытау (100%), Абай (98,1%) және Қызылорда (91,8%) облыстары жастары (№13 кесте).

№16 диаграмма. «Қазіргі өз өміріңізге жалпы алғанда Сіздің көңіліңіз тола ма?(бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, аймақтар бойынша, %-бен


	Мүлдем көңіл толмайды	Көңіл толмайды деуге болады		Көңіл толады деуге болады	Көңіл толықтай толады		Ж/Қ
Абай	-	-	-	28,3	69,8	98,1	1,9
Ақмола	2,7	25,7	28,4	45,9	24,3	70,2	1,4
Ақтөбе	18,3	23,7	42	37,6	18,3	55,9	2,2
Алматы	6,8	33,1	39,9	34,5	21,6	56,1	4,1
Атырау	1,4	9,7	11,1	48,6	38,9	87,5	1,4
Батыс Қазақстан	-	26,2	26,2	56,9	15,4	72,3	1,5
Жамбыл	7,3	27,6	34,9	26,8	38,2	65	-
Жетісу	0,0	13,8	13,8	55,4	24,6	80	6,2
Қарағанды	3,7	14,8	18,5	48,1	33,3	81,4	-
Қостанай	3,9	9,1	13	61,0	26,0	87	-
Қызылорда	1,2	7,1	8,3	44,7	47,1	91,8	-
Маңғыстау	17,3	37,0	54,3	25,9	18,5	44,4	1,2
Павлодар	2,9	23,5	26,4	55,9	14,7	70,6	2,9

Солтүстік Қазақстан	2,1	8,5	10,6	70,2	17,0	87,2	2,1
Түркістан	2,6	12,7	15,3	44,7	36,4	81,1	3,5
Ұлытау	-	-	0	28,6	71,4	100	-
Шығыс Қазақстан	6,5	9,7	16,2	72,6	11,3	83,9	-
Астана	3,1	30,8	33,9	50,3	11,3	61,6	4,4
Алматы	10,1	18,9	29	45,8	21,4	67,2	3,8
Шымкент	0,8	11,3	12,1	48,1	35,3	83,4	4,5

Респонденттердің 39,3%-ы өз болашақтарына алаңдамайды, 33,5%-ы өз кезегінде өз болашақтарына сенімді және оған оптимизммен қарайды.


19,2% респонденттер өз болашағына алаңдаулы және оған үреймен, қауіппен қарайды. Сұралғандардың 6,9%-ы өз болашағына бейжай. 1,3%-ы жауап беруге қиналды (№17 диаграмма).

№17 диаграмма. «Сіз өз болашағыңызға қандай көңіл-күймен қарайсыз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен



Топтарды жас ерекшеліктеріне қарай салыстыра отырып, жас үлғайған сайын адамдар өз болашағына қатысы алаңдаушылық пен қауіптенуге мейлінше бейім болып келетіні туралы қорытынды жасауға болады. 14-18 жас аралығы тобында респонденттердің тек 7,4%-ы ғана өз болашағына алаңдап отырса, 29-34 жас тобында бұл көрсеткіш – 19% (№18 диаграмма).

№18 диаграмма. «Сіз өз болашағыңызға қандай көңіл-күймен қарайсыз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен



Жастардың материалдық жағдайы және қаржылық сауаттылық

Сандық технология қаржылық шешімдермен араласқан бүгінгі әлемде қаржылық сауаттылық шешуші рөл атқарады. Ерте жастан қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеу адамдарға өз қаржыларын сауатты басқаруды үйретумен қатар, жеке табысқа, шығысқа және инвестицияға саналы түрде қарауды қалыптастырады.

Қаржылық сауаттылық қажеттілігі мен маңыздылығын сезінген жас ұрпақ негізделген қаржылық шешімдер қабылдау үшін қажет білім мен дағдыларды алуда. Бұл олардың жеке дамуы мен болашақтағы қаржылық тәуелсіздігі үшін қажет. Қаржыны дұрыс басқара білу өте маңызды болуда.

Зерттеу шеңберінде респонденттердің материалдық қамтылуы қарастырылды. 5,2%-ы өзінің материалдық қамтылуын барынша төмен деп бағалайды, қаржы тіпті азық-түлікке де жетпейді. 14,0%-ы тек азық-түлік сатып алумен ғана шектеледі. Респонденттердің аз ғана бөлігі (49,8%) сонымен қатар киім алуға да қаржы шығара алады, бірақ тұрмыстық техниканы сатып алу олар үшін қиындау түседі. Сұралған жастардың 27,5%-ында ұзақ мерзімді қолдану заттарын алу мүмкіндіктері бар. Респонденттердің 3,2%-ы ғана пәтер, машина және басқа да қымбат тұратын заттарды алу мүмкіндіктері бар екендігін айтты (№14 кесте).

№14 кесте. «Өз материалдық жайлылығыңызды Сіз қалай бағаладыңыз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Өзер амалдаймыз, ақша тіпті азық-түлікке жетпейді	5,2

Азық-түлікке қаржы жетеді, бірақ киім сатып алу қиын	14,0
Азық-түлік пен киімге қаржы жетеді, бірақ ұзақ мерзімді қолдану заттарын (теледидар, тоңазытқыш) алу қиындық тудырады	49,8
Ұзақ мерзімді қолдану заттарын қиындықсыз аламыз, бірақ шын қымбат тұратын нәрсені (тұрғын үй, машина) алу қиын	27,5
Шын қымбат заттарды – тұрғын үй, машина, саяжайды тағы да басқа қымбат нәрселерді қиындықсыз ала аламыз	3,2
Жауап беруден бас тарту	0,5


Елді мекен типі бойынша корреляцияда ауылдық респонденттердің 7,0%-ы қиын жағдайда, әрең амалдауда (қала – 4,1%). Бірінші кезекте қажетті тауарларды алу бойынша ауыл жастарының сәл басым бөлігі (15,2%, қала – 13,1%) бұл мәселе бар екенін жеткізді (№15 кесте).

№15 кесте. «Өз материалдық жайлылығыңызды Сіз қалай бағаладыңыз? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі бойынша, %-бен

	Қала	Ауыл
Өзер амалдаймыз, ақша тіпті азық-түлікке жетпейді	4,1	7,0
Азық-түлікке қаржы жетеді, бірақ киім сатып алу қиын	13,1	15,2
Азық-түлік пен киімге қаржы жетеді, бірақ ұзақ мерзімді қолдану заттарын (теледидар, тоңазытқыш) алу қиындық тудырады	52,3	45,7
Ұзақ мерзімді қолдану заттарын қиындықсыз аламыз, бірақ шын қымбат тұратын нәрсені (тұрғын үй, машина) алу қиын	26,2	29,5
Шын қымбат заттарды – тұрғын үй, машина, саяжайды тағы да басқа қымбат нәрселерді қиындықсыз ала аламыз	4,0	1,9
Жауап беруден бас тарту	0,3	0,6


Сауалға қатысушы жастар бюджетінің басым бөлігі (77%) азық-түлікке жұмсалады. Келесі барынша танымал категория – киім мен аяқ киім. 66,7%-ы қаржыны көбіне осыған жұмсайды. Тұрғын үй жалдауға сұралғандардың 21,4%-ы, электроника мен гаджетке 20,7%-ы қаржы шығарып отыр. 19,9%-ы үшін шығыстың басты бөлігі мейрамхана мен кафелерде тамақтану болса, 13,7% респонденттер хобби мен қызығушылыққа қаржы шығарады (№19 диаграмма).

№19 диаграмма. «Тауарлардың қандай түріне Сіз қаржыны көбірек жұмсайсыз? (үш жауаптан кем емес)», %-бен



Сауалға қатысушы жастардың 40,9%-ы өз қаржысын жоспарлауға үйренген, кейде жоспарлайтыны – 38,1%. Өз кезегінде 18,4%-ы өз шығыстарын жоспарлауды қаламайды (№20 диаграмма).


№20 диаграмма. «Өз қаржыңызды ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлау жөнінде Сіз ойландыңыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап)», %-бен



Жас топтарына қарай алғанда респонденттердің жасы ұлғайған сайын олардың өз қаржысын ұзақ мерзімді жоспарлау перспективасы туралы ойланатыны

анықталды. Өз кезегінде 14-18 жастағы респонденттердің 29,5%-ы бұл туралы мүлдем ойламайды екен (№21 диаграмма).

№21 диаграмма. «Өз қаржыңызды ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлау жөнінде Сіз ойландыңыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап)», жас топтары бойынша, %-бен



Қаржылық қиындықтар немесе күтпеген шығыстар болған жағдайда респонденттердің ширек бөлігі тез шешім табуға, қосымша ақы немесе аванс табуға ұмтылады. Сауалға қатысқан жастардың 20,7%-ы несие рәсімдейді немесе банктен кейін төлеу алады, 20,3%-ы таныстар көмегіне жүгінеді. 16,8%-ы не істерін білмей қалып, ата-анадан көмек күтеді. Тек 10,9%-ы ғана күтпеген жағдайға арналған қаржылық қорға ие (№16 кесте).

№16 кесте. «Қаржылық қиындықтар немесе күтпеген шығыстар Сізге қалай әсер етеді? сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап)», %-бен

	Пайыздар
Тез шешім табуға, қосымша ақы немесе аванс табуға тырысамын	25,5
Кредит рәсімдеймін немесе банктен кейін төлеу аламын	20,7
Таныстардан қарыз алуға ұмтыламын	20,3
Не істерімді білмей қаламын, ата-ана көмегін күтемін	16,8
Күтпеген жағдайларға өзімде қаржылық қор бар	10,9
Жауап беруге қиналамын	6,0

Жас топтарына қарай алсақ, 14-18 жастағы респонденттер қаржылық қиындық туындаған кезде не істерін білмей қалады да ата-ана көмегіне сүйенеді (32,4%). 19-23 жастағы респонденттер қосымша ақы табу немесе аванс арқылы тез шешім табуға ұмтылады (28,9%).

24-28 және 29-34 жас респонденттері қаржылық қиындыққа тез шешім табу іздеуден басқа (26,5% және 26,6% тиісінше) банктен кейін төлеу мен кредиттер алуға тырысады (25,2% бен 28,8% тиісінше) (№17 кесте).

№17 кесте. «Қаржылық қиындықтар немесе күтпеген шығыстар Сізге қалай әсер етеді? сауалына жауаптардың бөлінуі (бір жауап)», жас топтары бойынша, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
--	-----------	-----------	-----------	-----------

Не істерімді білмей қаламын, ата-ана көмегін күтемін	32,4	16,9	10,1	8,4
Кредит рәсімдеймін немесе банктен кейін төлеу аламын	9,9	16,9	25,2	28,8
Таныстардан қарыз алуға ұмтыламын	15,5	24,8	21,8	20,1
Тез шешім табуға, қосымша ақы немесе аванс табуға тырысамын	20,4	28,9	26,5	26,6
Күтпеген жағдайларға өзімде қаржылық қор бар	8,7	8,8	13,3	12,4
Жауап беруге қиналамын	13,0	3,6	3,1	3,7

4. ЖАСТАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Жастардың құндылық бағыт-бағдары

Мемлекеттің жалпы бейнесін қалыптастыру мен оның дамуын анықтауда құндылықтар бағыт-бағдары маңызды орын алады. Әсіресе жастар құндылықтарын ескеру маңызды, өйткені жастар қоғамның мейлінше белсенді де динамикалық бөлігін құрайды. Жастар құндылықтары әдетте ағымдағы әлеуметтік-мәдени трендтерді, олардың әділеттілікке, еркіндікке, теңдікке, экологиялық жауапкершілік пен толеранттылыққа көзқарасын білдіреді. Бұл аспектілер олардың таңдауы мен мінез-құлқын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар елдегі әлеуметтік және саяси ахуалға ықпал етеді. Жастар құндылықтарының бағыт-бағдарын түсіну мемлекетке қоғам сұранысы мен ағымдағы талаптарға қатысты өз саясатын бейімдеу мен даму стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жастар түрлі жастағы ұрпақтардан тұрады, олардың әрқайсысы өзіндік ықпал мен трансформацияны бастан кешірді. 1980 жылдар басы мен 1990 жылдар ортасында дүниеге келген Y-ұрпақ (миллениалдар) айтарлықтай өзгерістер кезеңінде өсті. Оның ішінде КСРО ыдырауы, нарықтық экономикаға көшу мен Интернет сияқты жаңа технологиялар дамуы болды. 1990 жылдар ортасы мен 2000 жылдар басында дүниеге келген Z-ұрпақ (постмиллениалдар немесе Gen Z) өз кезегінде жаһандануды, интернет пен әлеуметтік желілердің тез дамуын бастан кешірді, бұл олардың әлеуметтік-мәдени және ақпараттық ортасын едәуір өзгертті.

Тарихи және әлеуметтік-мәдени контекстегі бұл айырмашылықтар Қазақстан жастары арасында түрлі құндылық бағыттардың, дүниетаным мен мінез-құлық моделдері қалыптасуына әкелді. Сонымен бірге географиялық орналасу жағдайын, тарихи оқиғаларды, ірі мемлекеттер ықпалы мен мемлекеттің көп векторлы саясатын ескерсек, жастардың құндылық бағыт-бағдары радикалды ауытқусыз және айтарлықтай бейтарап болып саналады.

Зерттеу нәтижелерін өткен жылдар нәтижелерімен салыстыру айтарлықтай өзгерістер жоқтығын көрсетті. Қазақстандық жастар үшін отбасы (80,1%) мен денсаулық (63,0%) бұрынғыдай басым бағыт болып табылады. 2024 жылғы сауал нәтижелері бойынша достық құндылығы үшіншіден төртіншіге төмендесе де, осы құндылықты таңдағандар үлесі 32,3% (2023 ж.) пайыздан 34,9%-ке дейін өсті. 2024 жылғы сауал нәтижелері бойынша жастар үшін мейлінше маңызды құндылық ретінде үшінші орынды өмірді материалдық қамтамасыз ету алды, көрсеткіш – 42,4%, бұл 2023 жылғы сауалда осы нұсқаны таңдаған респонденттер санынан едәуір көп (7,2% – 2023 жылы).

Жалпы алғанда 2023 жылмен салыстырғанда шығармашылықтан (3,5%, 1,6 пайызға аз) басқа пункттер бойынша респонденттер үлесі өсті. Өсу әсіресе махаббат (21,6%, 11,7 пайызға көп), білім мен ағарту (25,2%, 19,5 пайызға көп), өз-өзін таныту мен өзін құрметтеу (21,6%, 16,8%-ға көп), көңіл көтеру мен рақат алу мүмкіндігін алу (14,3%, 9,8 пайызға көп), қызық жұмыс және мамандық (22,1%, 19,2 пайызға көп) (№18 кесте).

№18 кесте. «Өмірде Сіз үшін ең басты құндылықтар не болып табылады? (5 жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Жауап нұсқалары	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Отбасы	82,3	83,3	72,6	80,1
Достық	23,1	40,7	32,3	34,9
Денсаулық	45,6	64,2	26,9	63,0
Сенім, дін	16,2	18,1	18,7	20,4
Жан тыныштығы	8,8	15,3	17,5	22,2
Махаббат	12	22,8	9,9	21,6
Адамдарға көмек	3,3	10,3	7,5	11,8
Материалды қамтамасыз етілген өмір	20,7	39,3	7,2	42,4
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай	5,2	11	7,2	11,9
Қоғамда мойындалу, танымалдылық, бедел	1,4	3,1	3,4	
Білім, ағарту	11,1	19,5	5,7	25,2
Шығармашылық	1,5	3,3	5,1	3,5
Өз-өзін таныту, өзіндік құрмет	7,8	17,7	4,8	21,6
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	5,1	11,5	4,5	14,3
Биліктің болуы	2,8	5,1	4	7,0
Қызық жұмыс, мамандық	9,1	19,6	2,9	22,1

Жас топтарына қарай көңіл көтеру мен рақат алу мүмкіндігін алудың маңыздылығы 14-18 жастағы респонденттер арасында жоғары (18,1%, «19-23» – 16,7%, «24-28» – 10,3%, «29-34» – 12,4%). Сол сияқты достықты да сауалға қатысушылардың ең жас тобы жоғары бағалайды (46,4%, «19-23» – 31,5%, «24-28» – 31,2%, «29-34» – 30,1%), сол сияқты білім мен ағарту құндылығында да осы рет (35,7%, «19-23» – 22,9%, «24-28» – 21,1%, «29-34» – 20,8%).

Жан тыныштығы мен махаббат сияқты құндылықтар маңыздылығы жас үлкейген сайын артады, бірақ 28 жастан кейін олардың үлесі азаяды.

Ең үлкен жас тобы өзгелерге қарағанда денсаулықты жоғары қояды «14-18» – 59,8%, «19-23» – 60,6%, «24-28» – 60,2%). Материалды қамтамасыз етілген өмір құндылығының маңыздылығы да жаспен бірге өсіп отыр (34,2%-дан 46,7%-ға дейін) (№19 кесте).

№19 кесте. «Өмірде Сіз үшін ең басты құндылықтар не болып табылады? (5 жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Сенім, дін	21,4	22,0	18,4	20,0
Отбасы	80,4	78,8	79,3	81,3
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	18,1	16,7	10,3	12,4
Биліктің болуы	6,0	6,4	8,3	7,1
Достық	46,4	31,5	31,2	30,1
Жан тыныштығы	18,6	21,7	26,5	22,4
Денсаулық	59,8	60,6	60,2	69,2
Білім, ағарту	35,7	22,9	21,1	20,8
Қызық жұмыс, мамандық	18,8	24,8	23,8	21,6
Махаббат	20,2	21,2	25,6	20,0
Материалды қамтамасыз етілген өмір	34,2	44,6	43,8	46,7
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай, қоғамда мойындалу, танымалдылық, бедел	13,4	13,6	11,2	9,8
Адамдарға көмек	12,0	10,5	10,8	13,2
Өз-өзін таныту, өзіндік құрмет	21,0	22,2	20,9	22,1
Шығармашылық	4,9	3,6	3,6	2,3
Жауап беруге қиналамын	-	-	0,7	-

Елді мекен типі бойынша сауалға қатысқан қала жастары үшін ауылдықтарға қарағанда көңіл көтеру мен рақат алу мүмкіндігі (16,8%, ауыл – 10,3%), қызық жұмыс


болуы (23,7%, ауыл – 19,5%), махаббатқа бөлену (23,0%, ауыл – 19,3%), өз өмірін қаржылай қамтамасыз ету (46,4%, ауыл – 36,0%) құндылықтарын жоғары қояды. Өз кезегінде ауыл жастары қалалықтарға қарағанда достықты (37,0%, қала – 33,5%), жан тыныштығын (23,1%, қала – 21,6%), денсаулық (64,1%, қала – 62,3%), білім мен ағартуды (26,0%, қала – 24,6%) жиірек көрсетті (№20 кесте).

№20 кесте. «Өмірде Сіз үшін ең басты құндылықтар не болып табылады? (5 жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типтері бойынша, %-бен

	Қала	Ауыл
Сенім, дін	21,2	19,1
Отбасы	80,1	80,1
Көңіл көтеру, рақат алу мүмкіндігі	16,8	10,3
Биліктің болуы	7,2	6,6
Достық	33,5	37,0
Жан тыныштығы	21,6	23,1
Денсаулық	62,3	64,1
Білім, ағарту	24,6	26,0
Қызық жұмыс, мамандық	23,7	19,5
Махаббат	23,0	19,3
Материалды қамтамасыз етілген өмір	46,4	36,0
Мансап, қоғамдағы жоғары жағдай, қоғамда мойындалу, танымалдылық, бедел	12,0	11,6
Адамдарға көмек	11,3	12,7
Өз-өзін таныту, өзіндік құрмет	21,8	21,2
Шығармашылық	3,3	3,9
Жауап беруге қиналамын	0,1	0,3

Сауалға қатысқан жастардың көпшілігі ешкімнің пікіріне сенбейді (29,8%). Респонденттердің ширек бөлігі билік өкілдері пікіріне сенеді. Сонымен бірге олардың 22,8%-ы ғалымдарға, 20,8%-ы белгілі қоғам қайраткерлеріне сенім білдірді. Сол сияқты жастар саяси партия жетекшілеріне (14,2%), дәрігерлерге (13,7%), блогер/вайнер/тиктокерларға (10,0%) да сенімділігін білдірді (№22 диаграмма).

№22 диаграмма. «Кімнің пікіріне Сіз сенесіз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жас топтарына қарай алғанда ең жас топ респонденттерінің өзге топтармен салыстырғанда спортшыларға (10,7%, «19-23» – 6,2%, «24-28» – 6,7%, «29-34» – 5,8%), блогер, вайнер және тиктокерларға (15,3%, «19-23» – 8,6%, «24-28» – 7,9%, «29-34» – 8,1%) көбірек сенім білдіретінін атап кеткен жөн. Сол сияқты дәрігерлерге де көбірек сенім білдіргендер – сауалға қатысушы 14-18 жас тобы (15,7%) мен 19-23 жас тобы (16,9%), ал 24-28 бен 29-34 жас топтарында дәрігерге сенім білдіргендер тиісінше тек 10,6% бен 11,9% болды.


Жалпы алғанда, респонденттер үлкен сайын кімге болса да сенушілер азая түседі, сауалға қатысушы 29-34 жас тобының 34,9%-ы ешкімге сенбейді (№21 кесте).

№21 кесте. «Кімнің пікіріне Сіз сенесіз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Билік өкілдері	21,7	25,5	24,5	25,0
Саяси партия жетекшілері	13,4	14,6	15,3	13,8
Ғалымдар	26,0	23,2	24,7	18,5
Кәсіпкерлер	8,5	9,3	7,9	7,7
Дәрігерлер	15,7	16,9	10,6	11,9
Белгілі қоғам қайраткерлері	22,5	18,4	22,0	20,1
Дін қайраткерлері, діни қызмет көрсетушілер	8,0	9,3	10,1	8,4
Спортшылар	10,7	6,2	6,7	5,8
Блогер, вайнер, тиктокерлар	15,3	8,6	7,9	8,1
Музыканттар	2,7	2,6	2,0	1,9
Ондай адамдар жоқ	24,3	29,8	29,0	34,9
Мама	0,6	0,7	0,4	-
Апа	0,2	0,2	-	-
Достар	1,2	-	0,2	0,2
Ата-аналар	5,6	1,9	0,7	0,2
Әке	-	-	0,2	0,2
Мұғалім	0,2	-	-	-
Жұбай	-	-	0,4	-
Отбасы	1,2	1,2	0,9	0,5
Өзіме	0,2	-	0,4	0,5
Ата	0,2	-	-	-
Жауап беруге қиналамын	4,3	4,5	3,8	4,8

Тілдік орта

Тілдік орта дамуы контексінен алғанда орыс тілін респонденттер видео қарау үшін жиі қолданады (73,1%). Өз кезегінде қазақ тілін сауалға қатысқан жастар үй іші жақындарымен әңгімелесуде жиі қолданады (72,9%). Ағылшын тілінің қолданылуы төмен, 74,1%-ы оны қолданбайды, дегенмен респонденттердің 14,2%-ы өз оқуы шеңберінде ағылшынша сөйлесе алатынын атап кеткен жөн (№23 диаграмма).

№23 диаграмма. «Сіз қай тілде...?» (әр жолға кез келген жауап саны)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Жас топтары бойынша алғанда мемлекеттік тілде кітап оқитын және оқуда сөйлесетіндер 14-18 жас тобында жоғары (53,6% және 69,3% тиісінше). Видео қарайтын, үйде, жұмыста және достармен көп сөйлесетіндер 29-34 жас тобы (63,9%, 74,1%, 66,5%, 69,1% тиісінше). Қазақ тілін азырақ қолданатындар – 19-23 жас тобы (17,7%).

Сауалға қатысушы 14-18 жас тобындағылар өзгелерден гөрі орыс тілінде кітап оқиды (58,8%), достарымен (62,5%) және оқуда (60,0%) сөйлеседі. Өз кезегінде жұмыста орыс тілін қолданатындар – 29-34 жас тобындағылар (61,0%). Тілді аз қолданатындар – 24-28 жас (15,5%) пен 29-34 жас (15,3%) тобындағы респонденттер.

Ағылшын тілі жас респонденттер арасында танымалдығы жоғары, 14-18 жастағылар ағылшын тілінде кітап оқиды (8,0%), оқуда сөйлеседі (30,5%), 19-23 жастағылар видео қарайды (15,3%). Ағылшын тілін азырақ қолданатындар – 24-28 жас (80,9%) пен 29-34 жас (84,1%) тобы респонденттері (№22 кесте).

№22 кесте. «Сіз қай тілде....? (әр жолға кез келген жауап саны)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен

Қазақ тілінде				
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Кітап оқисыз	53,6	43,9	44,0	43,8
Видео қарайсыз	60,8	58,5	61,6	63,9
Үйде сөйлесесіз	72,6	70,4	73,9	74,1
Жұмыста сөйлесесіз	38,4	56,8	63,4	66,5
Достармен сөйлесесіз	67,0	66,3	67,4	69,1
Оқуда сөйлесесіз	69,3	53,0	39,6	40,4
Осы тілді қолданбайсыз	14,0	17,7	16,0	16,3
Орыс тілінде				
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Кітап оқисыз	58,8	56,3	44,5	47,5
Видео қарайсыз	75,7	75,2	70,1	71,5
Үйде сөйлесесіз	53,0	52,0	49,2	53,0
Жұмыста сөйлесесіз	32,6	57,5	57,3	61,0
Достармен сөйлесесіз	62,5	60,6	54,2	58,3
Оқуда сөйлесесіз	60,0	41,8	30,3	30,3
Осы тілді қолданбайсыз	10,1	13,1	15,5	15,3
Ағылшын тілінде				
	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Кітап оқисыз	8,0	5,7	3,8	4,7
Видео қарайсыз	13,2	15,3	10,8	8,7
Үйде сөйлесесіз	1,4	1,9	1,1	1,4
Жұмыста сөйлесесіз	1,2	2,1	4,7	1,6
Достармен сөйлесесіз	2,9	2,6	1,1	1,0
Оқуда сөйлесесіз	30,5	16,2	5,2	5,8
Осы тілді қолданбайсыз	59,0	70,6	80,9	84,1

Діни сенімдер


Бүгінгі күні қоғамда, соның ішінде жастар арасында да діни мәселелерге көңіл аудару артып келеді. Жеке тұлғаның сана-сезімі мен құндылық бағыттарының, дүниетанымының қалыптасуында дін маңызды рөл атқарады. Бұл әсіресе қазіргі радикализм мен экстремизм сияқты талаптар кезеңінде өте маңызды.

Қазақстанда респонденттердің 78,3%-ы дінге сенушілер, олардың ішіндегі 43,6%-ы дінге сенеді, бірақ діни өмірге қатыспайды, 18,0%-ы кей-кейде ғана, мешіттер мен шіркеулерге барады, 16,7%-ы өз діндерінің шарттарын толық сақтайды.

Респонденттердің 11,2%-ы өздерін дінге сенбеушілер қатарына жатқызады, олардың 5,7%-ы дінге сенбесе де өзге дінге сенушілерді сыйлайды, 3,6%-ы кейде діни ырымдарды сақтайды, 1,9%-ы сенім болмаса да кейде мешіт, шіркеулерге барып, діни нормаларды ұстайды.

4,1% респонденттер дінге бейтарап, 1,3%-ы өздерін атеист санайды, ал 0,9%-ы агностикпіз деп жауап берді. Эзотерикалық тәжірибені, соның ішінде таро, сюцай, фэн-шуй мен т.б. пайдаланушылар – 2,3%. 0,1%-ы дінге қарсылық білдіреді немесе қандай топқа болса да жатпайды (№24 диаграмма).

№24 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз өзіңізді дінге сенушімін деп санайсыз ба? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Респонденттерде діни сенімдердің қалыптасуына ата-аналар мен туыстар (32,1%) көбірек ықпал еткен. Отбасына қарағанда арнайы әдебиеттердің, интернет, орта, құдайға қызмет етушілермен әңгіменің ықпалы айтарлықтай аз (4,0%-дан 4,8%-ға дейін). Сол сияқты діни көзқарасқа өмірлік жағдайлар мен оқиғалар ықпалын тигізді (4,0%- ден 4,8%-ға дейін).

Сауалға қатысқан жастардың 21,5%-ының діни сенімділігіне ештеңе ықпал етпеген. 17,4%-ы дүниеге келгеннен осылай болды десе, 6,6%-ы өз діни сенімдерін анықтамаған (№25 диаграмма).


№25. «Айтыңызшы, Сіздің діни сенімізге, Сіздің дінге сенуші немесе сенбеуші жолын таңдауыңызға басты ықпалын тигізген кім немесе не? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Отан ұғымымен ассоциация және ел болашағы бейнесі


Респонденттердің көпшілігі үшін (39,5%) атамекен ұғымы, ең алдымен, туған жерлері. 26,8%-ы жалпы елді отан деп санайды. 14,0%-ы үшін қала, 12,0%-ы үшін өздері тұрып жатқан көше/шағынаудан туған жер ұғымын білдіреді. Атамекен ұғымы респонденттердің 0,1%-ы үшін аймақ болып саналады (№26 диаграмма).

№26 диаграмма. «Туған жер ұғымымен ең алдымен не байланыстырады?» (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Этностар тұрғысынан алсақ, сауалға қатысқан қазақтар өзге этностарға қарағанда туған өлке ұғымын туған жермен (40,1%) және тұтас аймақпен (7,5%) көбірек байланыстырады. Орыс респонденттер өзгелерден гөрі облыс орталығын (16,5%), тұрып жатқан аудан, шағынаудан көшелерді (15,8%) көбірек көрсетті. Өз кезегінде өзге этностық топтар тұтас елді (33,3%) көп көрсетті (№27 диаграмма).

№27 диаграмма. «Туған жер ұғымымен ең алдымен не байланыстырады? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, этникалық топтар бойынша, %-бен



Елді мекен типіне қарай алғанда қала респонденттері ауыл жастарына қарағанда туған өлке ұғымын облыс орталығымен көбірек байланыстырады (17,7%, ауыл – 8,1%). Бұл ретте ауыл респонденттері өздерінің кіші Отанын көрсетті (46,8%, қала – 34,8%) (№23 кесте).

№23 кесте. «Туған жер ұғымымен ең алдымен не байланыстырады? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типтері бойынша, %-бен

	Қала	Ауыл
Өзім тұратын көше, шағынаудан, аудан	12,2	11,8
Өзімнің кіші Отаным – өзім туған жер	34,8	46,8
Қала – облыс орталығы	17,7	8,1
Аймақ тұтас	6,9	7,2
Ел тұтастай	27,7	25,3
Адамдарды, өзімнің туғандарым	0,1	-
Жауап беруге қиналамын	0,7	0,8

Қазақстанның болашағы туралы айтқанда респонденттердің ширек бөлігінен астамы ештеңе өзгермейді деп есептейді. Тағы бір ширек бөлігі Қазақстанды болашақта зайырлы заманауи мемлекет ретінде көреді. 22,4% сұралғандар Қазақстанды болашақ күшті де қауіпсіз мемлекет болады деп санайды. 17,3%-ы біздің мемлекет көрші мемлекеттердің саясатына тәуелді болады деп есептесе, 15,8%-ы табиғи ресурстарға тәуелділікті атады.

Респонденттердің 14,5%-ы елімізді болашақта халықаралық саясаттың тең қатысушысы ретінде, 13,2%-ы технологиялық мемлекет, ал 12,6%-ы мәдени тартылыс орталығы ретінде көреді. 0,1%-дан 7,4%-ға дейінгі респонденттер сол сияқты келесі жауаптарды таңдады: үкіметтің ауысуы (0,1%), экономикадағы оң өзгерістер (0,1%), туристік орын (0,1%), коррупция (0,2%), діни мемлекет (3,9%), аймақтық держава (5,1%), нашарлай түседі (7,4%) (№24 кесте).

№24 кесте. «Еліміздің болашақ бейнесін Сіз қалай көресіз? (үш жауаптан көп емес)», %-бен

	Пайыздар
Ештеңе өзгермейді	26,3
Заманауи зайырлы мемлекет	25,2
Күшті қауіпсіз мемлекет	22,4
Көрші мемлекеттер саясатына тәуелділік	17,3
Табиғи ресурстарға тәуелділік	15,8
Халықаралық саясаттың тең қатысушысы	14,5
Технологиялық мемлекет	13,2
Мәдени тартылыс орталығы, мысалы Korean pop	12,6
Нашарлай түседі	7,4
Аймақтық держава	5,1
Діни мемлекет	3,9
Коррупция	0,2
Туристтік орын	0,1
Экономикадағы оң өзгерістер	0,1
Үкіметтің ауысуы	0,1
Жауап беруге қиналамын	2,5

Жас ерекшелігіне қарай алғанда 29-34 жас тобы респонденттері Қазақстанның болашақ бейнесіне қатысты өзге жас топтарына қарағанда мейлінше скептикалық көзқараста – 30,3% («14-18» – 22,5%, «19-23» – 24,6%, «24-28» – 26,7%). Сонымен бірге 24-28 жас тобы респонденттері елді көрші мемлекеттерге тәуелділікте көретінін атап кеткен жөн – 19,1% (1,4-ден 3,2-ге дейін өзге топтардан көбірек).

Респонденттердің ең жас тобы өзге респонденттермен салыстырғанда Қазақстанды заманауи зайырлы (27,0%), технологиялық (14,6%), күшті, қауіпсіз (25,8%) мемлекет және мәдени тартылыс орталығы (14,6%) ретінде көруімен ерекшеленеді. 19-23 жас тобындағылар жалпы алғанда, әсіресе, болашақ Қазақстанның күшті де қауіпсіз бейнесіне қатысты ең жас топпен пікірлес (25,8%) (№25 кесте).

№25 кесте. «Еліміздің болашақ бейнесін Сіз қалай көресіз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Нашарлай түседі	6,0	7,6	8,1	7,9
Ештеңе өзгермейді	22,5	24,6	26,7	30,3
Табиғи ресурстарға тәуелділік	16,5	17,4	16,9	13,4
Көрші мемлекеттер саясатына тәуелділік	15,9	16,2	19,1	17,7
Халықаралық саясаттың тең қатысушысы	14,2	15,5	15,1	13,7
Заманауи зайырлы мемлекет	27,0	22,0	26,1	25,1
Діни мемлекет	3,3	3,3	3,8	4,8
Мәдени тартылыс орталығы мысалы, Кореяпрор	14,6	13,6	12,1	10,5
Технологиялық мемлекет	14,6	13,1	12,4	12,7
Аймақтық держава	5,6	5,5	5,4	4,2
Күшті қауіпсіз мемлекет	25,8	25,8	20,4	18,5
Туристік орын	-	-	-	0,2
Экономикадағы оң өзгерістер	-	-	0,2	-
Коррупция	-	-	0,4	0,2
Үкіметтің ауысуы	-	-	-	0,2
Жауап беруге қиналамын	2,7	2,4	2,2	2,6

Әскери міндеттілікке қатысты 19,9%-ы армияда қызмет еткенін атады. Бұл жерде олардың аз бөлігі жұмыс үшін қызмет еткенін, 13,3%-ы әскери қызмет қажет болғандықтан армияда болғанын, ал 3,5%-ы міндетті әскери қызметте болса да одан еш мән көрмейтінін жеткізді. Респонденттердің 38,1%-ы әскери қызметте болғысы келмейтіндіктерін жеткізді.

Демалыс және жастардың қызығушылықтары

Сауалға қатысушылар бос уақытында бірінші кезекте ата-аналарына барады (67,8%), екіншіден, әлеуметтік желілерді пайдаланады (66,2%), үшіншіден, достарымен кездеседі (49,6%), төртіншіден, Интернеттен фильмдер, сериалдар қарайды (42,2%). Жастар үшін бос уақытты өткізуде мейлінше қызығушылықты аз тудыратын музейлерге бару (69,9%, «ешқашан» + «сирек» осында және алдағы деректерде), театрға бару (69,2%), қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу (61,2%) (№26 кесте).

№26 кесте. «Бос уақытыңызда Сіз қаншалықты жиі...? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Ешқашан	Сирек	Кейде	Тұрақты	Ж/Қ
...кітап оқисыз	19,3	31,4	34,1	14,1	1,2
...театрға барасыз	36,8	32,4	22,9	6,5	1,5
...музейлерге барасыз	36,3	33,6	22,7	5,9	1,6
...киноға барасыз	10,9	26,2	42,3	19,8	1,0
...қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысасыз	35,5	25,7	23,4	12,8	2,7
...ата-аналарыңызға келесіз	2,0	8,6	20,2	67,8	1,6
...достармен кездесесіз	2,1	12,6	34,8	49,6	1,0
...интернетте фильм, сериал қарайсыз	3,5	15,2	38,4	42,2	,8
...әлеуметтік желілерді пайдаланасыз	1,9	9,4	21,5	66,2	1,1
...видео ойындармен уақыт өткізесіз (компьютер, приставка)	34,7	24,2	24,1	14,9	2,2
...фитнеспен және спортпен айналысасыз	24,0	27,9	28,5	18,0	1,8
...спорт секцияларына барасыз	34,5	22,8	23,7	17,3	1,9

5. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАР ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Қоғам құндылықтарын қалыптастыруда отбасы мен некенің орны ерекше. Неке институтының берік болуы қоғамдық жайлылық мен мемлекет тұрақтылығына ықпал етеді. Өз кезегінде, жас отбасыларға мемлекеттік қолдау мен неке институтын нығайту көп елдердің әлеуметтік саясатындағы маңызды аспект болып табылады. Бұл бөлімде жастар арасындағы отбасылық-некелік қатынастардың негізгі тенденциялары қаралады.

Неке жасы және некелік дәстүрлерді сақтау

Неке үшін оңтайлы жас туралы сауалға қатысушылардың тек 0,3%-ы ғана көмелетке толмай-ақ, нақты айтқанда 15 немесе 16 жаста некеге отыруға болады деп санайды. Сауалға қатысушылардың басым бөлігі, 58,1%-ы неке үшін қолайлы 22-29 жас деп, 31,2%-ы – 18-21 жас деп санайды. 7,4% респонденттер 30 бен 35 жас аралығында үйленуге/тұрмысқа шығуға. 0,2%-ы 40 жаста некеге отыруға кеңес береді (№27 кесте).

№27 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, қай жаста үйленген/тұрмысқа шыққан дұрыс? (бір жауп)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
15	0,1
16	0,2
18	7,3
19	2,5
20	15,2
21	6,2
22	6,4
23	11,8
24	6,3
25	24,5
26	3,1
27	3,1
28	2,4
29	0,5
30	6,2
31	0,1
32	0,2
33	0,1
34	0,1
35	0,7
40	0,2
Жауап беруге қиналамын	3,6

Некені АХАЖ ресми органдарында тіркеу қажет деп есептейтін респонденттер – 78,0%. Өз кезегінде 15,0%-ы некені ресми тіркеу қажет емес деп санайды, 4,7%-ы үшін «неке қию», шіркеуде неке қию сияқты діни рәсімдер болса жеткілікті. 0,1%-ы ол таңдауды адам өзі дербес жасау керек деп санайды (№28 кесте).

№28 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, отбасы құратын жастар үшін некені ресми тіркеу міндетті ме немесе міндетті емес пе? (бір жауап)», %-бен

	Пайыздар
Некені міндетті түрде АХАЖ органдарында ресми түрде тіркеу қажет	78,0
Жоқ, некені ресми тіркеу міндетті емес	15,0
Діни ырым («некеқияр», никях, шіркеуде неке қию т.б.) орындалса жеткілікті	4,7
Өркім өзі таңдайды, өзі біледі	0,1
Жауап беруге қиналамын	2,4

Этностар тұрғысынан өзгелерге қарағанда қазақтар некені ресми тіркеу қажеттігін көрсетті (80,9%, орыстар – 65,1%, басқалар – 70,7%). Өз кезегінде орыстардың 30,2%-ы ресми тіркеу қажет емес екендігіне сенімді (қазақтар – 11,6%, басқалар – 21,3%) (№29 кесте).

№29 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, отбасы құратын жастар үшін некені ресми тіркеу міндетті ме немесе міндетті емес пе? (бір жауап)», этникалық топтар бойынша, %-бен

	Қазақтар	Орыстар	Басқа этникалық топ
Некені міндетті түрде АХАЖ органдарында ресми түрде тіркеу қажет	80,9	65,1	70,7
Жоқ, некені ресми тіркеу міндетті емес	11,6	30,2	21,3
Діни ырым (некеқияр, никях, шіркеуде неке қию т.б.) орындалса жеткілікті	5,2	1,1	5,3
Өркім өзі таңдайды, өзі біледі	0,1	-	-
Жауап беруге қиналамын	2,1	3,6	2,7

Некеден кейінгі өмір туралы айтқанда респонденттердің 30,2%-ы жас жұбайлар күйеудің ата-анасымен тұру керек деген сенімде. 31,7%-ы жас жұбайлар отбасылық дәстүрге үйрену үшін некенің басында ғана ата-аналарымен тұру керек десе, 35,3%-ы жас отбасы өздері бөлек тұруы қажет деп санайды. Сол сияқты 0,1%-ден 0,5%-ға дейінгі респонденттер «өздері баспаналы болғанша», «міндетті емес», «жағдайына қарай», «қалауы бойынша» деген жауаптар берді. 1,9% респонденттер үшін бұл сауалға жауап беру қиын болды (№28 диаграмма).

№28 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жас жұбайлар күйеудің ата-аналарымен бірге тұруы керек пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Этностар тұрғысынан қарағанда ата-анамен бірге тұру қажеттігін қазақтар жиі көрсетті (34,9% – «иә, міндетті», 34,2% – «иә, бірақ ұзақ емес, отбасылық дәстүрді алу үшін»). Орыс этникалық тобының 70,1%-ы жас жұбайлар бөлек, өздері тұруы керек деп санайды (қазақтар – 27,9%, басқалары – 48,0%) (№29 кесте).

№29 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жас жұбайлар күйеудің ата-аналарымен бірге тұруы керек пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, этникалық топтар бойынша, %-бен



Елді мекен типі бойынша қала жастары жас жұбайлар бөлек тұруы керек деген пікірде (39,7%, ауыл – 28,3%). Сонымен бірге ауылдық жер жастарының 34,5%-ы жас жұбайлар ата-аналарымен тек уақытша бірге тұруы керек деп санайды (қала – 29,9%) (№30 диаграмма).

№30 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, жас жұбайлар күйеудің ата-аналарымен бірге тұруы керек пе? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, елді мекен типі бойынша, %-бен



Сауал нәтижелеріне сәйкес респонденттердің 57,1%-ында бала жоқ. Қалған бөлігі (42,0%) ішінде – 12,6%-ында бір бала, 14,7%-ында екі баладан. 9,2%-ы үш баланың ата-анасы болса, 5,5%-ы – көп балалы отбасы. 10,5% респонденттер балалы болуды жоспарламаған, 5,9%-ы бір бала болуын қаласа, 24,8%-ы екі баланы, 21,9%-ы үш баланы жоспарлап отыр. Төрт және одан да көп баланы жоспарлаған респонденттер – 22,3%.

Отбасылық өмір үшін болашақ өмірсеріктің орны

Болашақ өмірсерік таңдауда респонденттер бірінші кезекте оның ұлтына жиі назар аударады, ол респонденттердің 39,4%-ы үшін маңызды, 22,3%-ы қаржылық жайлылықты атаса, 21,7%-ы үшін болашақ жардың тегі (ру, тегі) маңызды. Респонденттердің 17,0%-ы мансапты атады. 14,9% респонденттер үшін болашақ жардың ата-анасының әлеуметтік мәртебесі маңызды. Осы шамадағы бөлігі діншілдікті бағалайды. Ал 6,9%-ы үшін керісінше жұбайының зайырлығы маңызды. Сауалға қатысушылардың тек 1,9%-ы ғана мінезге көңіл аударады.

Болашақ өмірсеріктің адамгершілік, тәрбиелілік, қайырымдылық, қарапайымдылық, коммуникабельділік сияқты жеке қасиеттері, сонымен бірге өзара сүйіспеншілік, ақыл, жан дүниесі, моральдық құндылықтар, өмірге көзқарас, білімділік, ұқсас дүниетаным және басқа да ішкі қасиеттері мен бағыт-бағдары сұралған жастардың өте аз бөлігі үшін ғана маңызды (0,1%-дан 0,7%-ға дейін) (№30 кесте).

№30 кесте. «Болашақ жарыңызды таңдаған кезде Сіз неге назар аударасыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Жасы	53,9
Ата-ананың әлеуметтік мәртебесі	45,4
Сыртқы бейнесі	39,4
Ұлты	22,3
Мансап	21,7
Қаржы жайлылығы	17,0
Тегі (ру)	14,9
Діншілдік	14,8
Зайырлық	6,9
Адамгершілік	1,9
Отбасы құруға деген сенімділік	0,7
Мінез	0,6
Жан дүниесі	0,4
Моральдық құндылықтар	0,3
Перспективаның болуы	0,3
Ішкі қасиеттер	0,3
Барлығы	0,2
Өзара махаббат	0,2
Жұбайымды таңдап қойдым	0,2
Түсінушілік	0,1
Қайырымдылық	0,1
Ақыл	0,1
Қарым-қатынас	0,1
Тәрбиелілік	0,1
Өмірге көзқарас	0,1
Харизма	0,1
Білімділік	0,1
Теріс дағдылар	0,1
Ұқсас дүниетаным	0,1

Қарапайымдылық	0,1
Коммуникабельділік	0,1
Денсаулық	0,1
Ештеңеге назар аудармаймын	0,2
Жауап беруге қиналамын	4,4

Гендерлік тұрғыдан алғанда ерлер әйелдерден гөрі болашақ жарының келесі белгілеріне көбірек көңіл бөледі Олар: жасы (56,2%, әйелдер – 51,3%), сыртқы бейнесі (47,7%, әйелдер – 43,0%), ұлты (40,7%, әйелдер – 38,0%), ата-ананың әлеуметтік мәртебесі (17,1%, әйелдер – 12,6%), тек/ру (24,6%, әйелдер – 18,7%). Өз кезегінде сауалға қатысқан әйелдер үшін жар бейнесінде қаржылық жайлылық (30,6%, ерлер – 14,4%) пен мансап (22,9%, ерлер – 11,3%) маңыздырақ (№31 кесте).

№31 кесте. «Болашақ жарыңызды таңдаған кезде Сіз неге назар аударасыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жынысы бойынша, %-бен

	Ерлер	Әйелдер
Жасы	56,2	51,3
Ата-ананың әлеуметтік мәртебесі	17,1	12,6
Сыртқы бейнесі	47,7	43,0
Ұлты	40,7	38,0
Мансап	11,3	22,9
Қаржы жайлылығы	14,4	30,6
Тегі (ру)	24,6	18,7
Діншілдік	14,6	14,9
Зайырлық	6,5	7,2
Адамгершілік	0,5	0,6
Отбасы құруға деген сенімділік	0,1	-
Мінез	2,0	1,6
Жан дүниесі	0,4	0,2
Моральдық құндылықтар	0,2	0,2
Перспективаның болуы	-	0,1
Ішкі қасиеттер	0,4	0,2
Барлығы	-	0,1
Өзара махаббат	0,6	0,8
Жұбайымды таңдап қойдым	0,2	-
Түсінушілік	0,2	-
Қайырымдылық	0,3	0,1
Ақыл	0,7	-
Қарым-қатынас	-	0,1
Тәрбиелілік	0,2	0,3
Өмірге көзқарас	-	0,3
Харизма	-	0,2
Білімділік	0,2	0,0
Теріс дағдылар	-	0,1
Ұқсас дүниетаным	0,1	-
Қарапайымдылық	0,1	-
Коммуникабельділік	-	0,1
Денсаулық	0,1	-
Ештеңеге назар аудармаймын	0,2	0,2
Жауап беруге қиналамын	4,0	4,7

Неке бұзылу себептері

Неке бұзылу үшін ауыр себеп сатқындық (61,0%) болып табылады. Сұралғандардың жартысы дене күш көрсетуі себебінен ажырасуға әзір. Респонденттердің 48,0%-ы үшін ішімдік немесе есірткіге тәуелділік маңызды себеп.

Құмар ойындар (33,5%), мінездердің сәйкес келмеуі (32,9%), психологиялық күш көрсету (31,1%) және махаббат пен өзара жақындықтың болмауы (30,0%) ажырасу үшін айтарлықтай себеп болып табылады. Жастардың 16,8%-ы дәстүрге жат сексуалды бағыт-бағдарды атады. 16,1%-ы балалы болу мүмкіндігінің жоқтығын себеп ретінде көрсетті.

Сауалға қатысушылардың пікірінше ажырасуға әкелетін себептер: өмірлік жоспар мен мақсаттың түрлі болуы – 14,5%, жарының ата-аналарына құрметтің болмауы – 11,8%, діни сенімдердегі айырмашылық – 10,9%.

Жастар сирек көрсеткен себептер: сексуалдық өмірге қанағаттанбаушылық (6,7%), мәдени дәстүрдегі айырмашылықтар (6,0%), қашықтық пен географиялық бөлініс (3,4%). 0,4% респонденттер үшін барлық аталған себептер келеді (№32 кесте).

№32 кесте. «Төменде көрсетілген себептердің қайсысы Сіз үшін неке бұзуға негіз бола алады? (бес жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Жұбайдың сатқындығы	61,0
Денелік күш көрсету	51,0
Жұбайлардың бірінің ішімдік пен есірткіге тәуелді болуы	48,0
Құмар ойындармен әуес болу	33,5
Мінездердің сәйкес келмеуі	32,9
Психологиялық күш қолдану	31,1
Махаббат пен өзара жақындықтың болмауы	30,0
Дәстүрден тыс сексуалдық бағыт-бағдар	16,8
Балалы болу мүмкіндігінің болмауы	16,1
Өмірлік жоспар мен мақсаттардың түрлі болуы	14,5
Жұбайының ата-анасын сыйламау	11,8
Діни сенімдердегі айырмашылықтар	10,9
Сексуалды өмірге қанағаттанбаушылық	6,7
Мәдени дәстүрдегі айырмашылықтар	6,0
Қашықтық және географиялық бөлініс	3,4
Ажырасуды қабылдамау	0,1
Көрсетілгендердің барлығы	0,4
Жауап беруге қиналамын	2,5

Гендерлік тұрғыдан алғанда ерлер әйелдерден гөрі ажырасудың келесі себептерін көбірек көрсетті. Олар: сатқындық (62,8%, әйелдер – 59,1%), мінездер сәйкеспей (36,0%, әйелдер – 29,7%), балалы болу мүмкіндігінің болмауы (18,9%, әйелдер – 13,0%), ата-аналарды сыйламау (13,5%, әйелдер – 10,1%).

Әйелдер үшін денелік күш көрсету (62,1%, ерлер – 40,4%), жұбайының ішімдікке немесе есірткіге тәуелді болуы (51,5%, ерлер – 44,6%), психологиялық күш қолдану (37,7%, ерлер – 24,8%), құмар ойындармен әуестену (37,1%, ерлер – 30,1%) сияқты себептер маңыздылау (№33 кесте).

№33 кесте. «Төменде көрсетілген себептердің қайсысы Сіз үшін неке бұзуға негіз бола алады? (бес жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыдан, %-бен

	Ерлер	Әйелдер
Мінездердің сәйкеспей	36,0	29,7

Жұбайының сатқындығы	62,8	59,1
Денелік күш көрсету	40,4	62,1
Психологиялық күш қолдану	24,8	37,7
Діни сенімдердегі айырмашылықтар	11,0	10,7
Мәдени дәстүрдегі айырмашылықтар	6,3	5,6
Махаббат пен өзара жақындықтың болмауы	30,2	29,7
Өмірлік жоспар мен мақсаттардың түрлі болуы	15,0	14,0
Сексуалды өмірге қанағаттанбаушылық	6,9	6,4
Қашықтық және географиялық бөлініс	3,5	3,3
Балалы болу мүмкіндігінің болмауы	18,9	13,0
Жұбайлардың бірінің ішімдік пен есірткіге тәуелді болуы	44,6	51,5
Құмар ойындармен әуес болу	30,1	37,1
Дәстүрден тыс сексуалдық бағыт-бағдар	16,2	17,4
Жұбайының ата-анасын сыйламау	13,5	10,1
Ажырасуды қабылдамау	0,2	0,0
Көрсетілгендердің барлығы	0,4	0,4
Жауап беруге қиналамын	2,3	2,6

6. ЖАСТАРДЫҢ ТҰТЫНУ МӘДЕНИЕТІ

Заманауи цифрлық кезең контенттің тұтыну мәдениетін едәуір өзгертті. Өлеуметтік желілер, мессенджерлер мен видеоплатформалар көптеген жастардың күнделікті өмірінің құрамдас бөлігіне айналды.

Видеоплатформаларды пайдалану

Респонденттердің 58,8%-ы бос уақытында фильмдер/сериалдар қараған кезде ақысыз платформаларды, соның ішінде, HDrezka, KinoGo, KinoBar, Zetflix, Seasonvar, the-cinema.online және басқаларды пайдаланғанды жөн көреді. Ақылы қазақстандық және шетелдік платформалар сауалға қатысушылар арасында онша танымал емес (№34 кесте).

**№34 кесте. «Қандай платформада Сіз фильмдер/сериалдар қарайсыз? (бір жауап)»
сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен**

	Пайыздар
Ақысыз платформалар (HDrezka, KinoGo, KinoBar, Zetflix, Seasonvar, the-cinema.online және т.б.)	58,8
Ақылы қазақстандық платформалар (Bee TV, Kazakhtelecom TV+, Qazaqsha және т.б.)	14,1
Ақылы батыстық платформалар (Netflix, PrimeVideo, HBO max, Apple TV+, Disney+, Megogo т.б.)	10,3
Ақылы ресейлік платформалар (КиноПоиск, Amediateka, ivi, Start, Premier, More.tv, Okko, Viju, 1tv.ru т.б.)	9,7
YouTube	2,0
Интернет браузерлер	0,3
Барлығы	0,2
Ұлттық каналдар	0,2
Киносотик	0,1
Кинотеатр	0,1
Телеграмм	0,1
Спутниктік ТВ	0,1
Қарамаймын	1,8
Жауап беруге қиналамын	2,7

Жас топтары тұрғысынан BeeTV, Kazakhtelecom TV+, Qazaqsha сияқты қазақстандық платформалар 24-28 жас тобында көбірек танымал (16,0%). Өзгеден гөрі Батыстық платформаларды көбірек көрсеткендер – 19-23 жас тобы (14,6%). Ақылы ресейлік платформаларды 14-18 жас тобы көбірек пайдаланады (10,3%) (№35 кесте).


**№35 кесте. «Қандай платформада Сіз фильмдер/сериалдар қарайсыз? (бір жауап)»
сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен**

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Ақылы қазақстандық платформалар (Bee TV, Kazakhtelecom TV+, Qazaqsha және т.б.)	13,4	13,1	16,0	13,8
Ақылы ресейлік платформалар (КиноПоиск, Amediateka, ivi, Start, Premier, More.tv, Okko, Viju, 1tv.ru т.б.)	10,3	9,1	9,9	9,3
Ақылы батыстық платформалар (Netflix, PrimeVideo, HBO max, Apple TV+, Disney+, Megogo т.б.)	9,3	14,6	10,1	8,2
Ақысыз платформалар (HDrezka, KinoGo, KinoBar, Zetflix, Seasonvar, the-cinema.online және т.б.)	59,4	56,8	58,2	59,9
Интернет браузерлер	0,2	0,2	0,4	0,2
YouTube	1,6	1,2	1,6	3,1
Киносотик	-	-	-	0,2

Барлығы	-	0,2	0,2	0,2
Ұлттық каналдар	0,2	-	0,2	0,3
Кинотеатр	-	0,2	-	0,2
Телеграмм	0,2	-	-	0,2
Спутниктік тв	0,2	-	-	-
Қарамаймын	2,3	1,7	1,3	1,8
Жауап беруге қиналамын	2,9	2,9	2,0	2,7

Барынша танымал видеоөнімдер топ үштігіне кіргендер: қазақстандық видеоөнімдер (57,7%), ресейлік өнімдер (45,1%), голливудтік фильмдер, сериалдар мен шоулар (41,9%). Сонымен қатар түріктік (24,3%), еуропалық (23,8%) және оңтүстік корейлық (20,4%) видеоөнімдер де танымал (№31 диаграмма).

№31 диаграмма. «Бос уақыт өткізу үшін Сіз қандай видеоөнімдер (фильмдер/сериалдар) қарауды ұнатасыз? (бес жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен




Этникалық топтар тұрғысынан қарағанда бос уақыт өткізу үшін қазақстандық (63,1%), оңтүстік корейлық (22,5%), үнділік (7,5%) фильмдер мен сериалдарды өзге топтармен салыстырғанда қазақтар көбірек белгіледі. Өз

кезегінде орыстар өзгелерге қарағанда голливудтық (54,3%), ресейлік (73,4%), еуропалық (33,5%) фильмдер мен сериалдарға басымдық береді.

Жапондық аниме, фильмдер (19,3%), түрік (32,7%), қытай (8,7%) фильмдері мен сериалдары өзге этникалық топ өкілдері тарапынан жиі аталды (№32 диаграмма).


№32 диаграмма. «Бос уақыт өткізу үшін Сіз қандай видеоөнімдер (фильмдер/сериалдар) қарауды ұнатасыз? (бес жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, этникалық топтар бойынша, %-бен



Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалану

Барынша танымал әлеуметтік желілер мен мессенджерлер келесі жолмен берілген. WhatsApp – 89,4%, Instagram–79,8%, TikTok – 63,9%. Респонденттер Facebook (9,1%) пен ВКонтакте (4,7%) желілерін аз қолданады (№33 диаграмма).

№33 диаграмма. «Сіз қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді жиі қолданасыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен




Бос уақытты өткізу сипатына қарасақ, Интернетте респонденттер ақпараттық контент (69,2%) пен көңіл көтеру контентін (60,6%) жиі қарайтыны анықталды. Тартатын (33,3%), жарнамалық (25,7%), вирустық (14,8%) контент сауалға қатысушыларға онша қызықты емес (№34 диаграмма).

№34 диаграмма. «Сіз Интернетте қандай контентті жиі қарайсыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жас тұрғысынан респонденттердің ең жас тобы өзгелерден гөрі көңіл көтеру (66,8%) мен вирусты (21,2%) жиі көрсетті. 19-23 жас тобы респонденттері ақпараттық контентке көңіл бөледі (74,5%), 24-28 жас – жарнамалық (27,0%) пен өткір тақырыптарға тартатын контент (34,4%) (№35 диаграмма).


№35 диаграмма. «Сіз Интернетте қандай контентті жиі қарайсыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, жас топтары бойынша, %-бен



Кітап оқу

32,4% респонденттер кітап оқымайды. Кітап оқытындар арасында 20,3%-ы классикалық романдарға, 19,1%-ы қазіргі романдарға, 16,3%-ы детективке басымдық береді. Сол сияқты танымал жанрлар арасынан респонденттер фантастика мен фэнтези (14,8%) және тарихи романдарды (14,7%) атады (№36 диаграмма).

Диаграмма №36. «Сіз қандай жанр кітаптарын оқисыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Гендерлік тұрғыдан алғанда ерлердің 36,8%-ы кітап оқымайды. Әйелдер арасында классикалық (26,3%) және қазіргі романдар (25,8%) барынша танымал (№36 кесте).

№36 кесте. «Сіз қандай жанр кітаптарын оқисыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен


	Ерлер	Әйелдер
Кітап оқымаймын	36,8	27,7
Классикалық романдар	14,6	26,3
Қазіргі романдар	12,8	25,8
Детективтер	15,8	16,7
Фантастика мен фэнтези	13,5	16,1
Тарихи романдар	15,1	14,2
Триллерлер	5,3	6,3
Нон фикшен	4,6	3,2
Поэзия	6,0	10,0
Отандық әдебиет	8,6	7,4
Ғылыми әдебиет	6,8	6,7
Діни әдебиет	0,4	0,2
Мақалалар	0,1	0,1
Білім бағдарламалары	0,5	0,3
Өңгімелер	0,1	0,0
Жауап беруге қиналамын	4,8	3,5

7. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ СЯСИ ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ

Мемлекеттік саясатқа көзқарас

Мемлекеттік жастар саясатына баға берген респонденттердің жартысынан астамы оның тиімділігін көрсетті (54,2%, «тиімді болар» + «иә, тиімді»). Сонымен бірге теріс бағалағандар 19,8% («тиімсіз болар» + «тиімсіз»). Сауалға қатысқан жастардың осындай бөлігі мемлекеттік жастар саясатынан хабарсыз екенін жеткізді (№37 диаграмма).

№37 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау мен дамыту) біздің елде тиімді іске асырылуда ма? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Респонденттер пікірінше, мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда бірінші кезекте жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге назар аудару қажет (34,0%) (№38 диаграмма).

№38 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау мен дамыту) біздің елде тиімді іске асырылуда ма? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Жас тобына қатысты алғанда респонденттердің ең жас тобы үшін жұмысқа орналасу онша маңызды емес (27,6%), олар жоғары білім сапасы мен қолжетімділігін (21,4%) және жеңілдік, жалақы және стипендия көтерілуін өзгелерден гөрі жиі атады (16,1%).

Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің көкейкестілігі жас топтары көтерілуімен бірге артып отыр (14-18 жас – 25,4%, 19-23 жас – 35,1%, 24-28 жас – 36,9%, 29-34 жас – 38,2%) (№37 кесте).

№37 кесте. «Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда бірінші кезекте неге назар аудару қажет? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	29-34 жас
Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	25,4	35,1	36,9	38,2
Жұмысқа орналастыру	27,6	31,5	32,8	28,3
Медициналық қызмет қолжетімділігі	2,9	2,9	4,9	6,0
Жоғары білім сапасы мен қолжетімділігі	21,4	11,0	11,9	12,4
Жеңілдік, жалақы және шәкіртақының көтерілуі	16,1	14,1	7,9	8,9
Ешқандай көмек, қолдау күтпеймін	4,1	4,3	4,7	6,1
Жауап беруге қиналамын	2,5	1,2	0,9	0,2

Мемлекеттік бағдарламаларға қатысу

Сауалға қатысушылардың жастарды қолдаға бағытталған мемлекеттік жобалар туралы хабардар болуы туралы айтсақ, келесі жобалар барынша танымал болды:

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы – 67,8% («бірдеңе естідім», «жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын»);
- «Дипломмен ауылға!» – 67,3% («бірдеңе естідім», «жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын»).

«Жасыл ел» мен білім беру мекемелері түлектеріне арналған «Жастар практикасы» жобаларын респонденттер сәл аздау көрсетті. Респонденттерде танымалдылығы төмен жобалар қатарындағылар: «Zhas project» – 54,8% «ештеңе білмеймін, естімедім» және Президенттік жастар кадрлық резерві – 54,3% «ештеңе білмеймін, естімедім» (№38 кесте).

№38 кесте. «Жастарды қолдауға бағытталған қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды Сіз естідіңіз, білесіз немесе қатысушысы болдыңыз? (бір жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Мемлекеттік бағдарламалар, Жастар жобалары	Бірдеңе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым және конкурстық іріктеуден өттім	Білемін, қатыстым, бірақ конкурстық іріктеуден өте алмадым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
Білім беру мекемелері түлектеріне арналған Білім Білім мекемелерінің түлектері үшін «Жастар практикасы»	37,1	20,3	2,9	1,0	38,8
«Дипломмен ауылға!»	39,3	28,0	2,1	1,3	29,4
«Жасыл ел» жобасы	35,3	26,5	2,9	0,8	34,6
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	39,2	28,6	1,7	1,2	29,4
«Жаскәсіпкер» жобасы	31,1	19,4	1,5	1,5	46,6
«Серпін-2050»	31,1	19,3	1,2	1,0	47,4
Барлығы үшін тегін техникалық және кәсіби білім	31,8	18,8	2,4	0,8	46,3

Мемлекеттік бағдарламалар, Жастар жобалары	Бірдеңе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым және конкурстық іріктеуден өттім	Білемін, қатыстым, бірақ конкурстық іріктеуден өте алмадым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
«Zhas project» жастар корпусын дамыту жобасы	28,5	14,4	1,4	1,1	54,8
Президенттік жастар кадр резерві	27,0	16,5	1,2	1,1	54,3

Жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу өлшемі контекстінде барынша танымалдары: «Білім беру мекемелері түлектеріне арналған «Жастар практикасы» – 68,4% («қатыстым, толықтай қанағаттандым» + «қатыстым, қанағаттандым деуге болады»). «Дипломмен ауылға!» жобасы – 64,3% («қатыстым, толықтай қанағаттандым» + «қатыстым, қанағаттандым деуге болады»). «Жасыл ел» жобасы – 60,3% («қатыстым, толықтай қанағаттандым» + «қатыстым, қанағаттандым деуге болады») (№39 кесте).


Респонденттер арасында мейлінше қанағаттанбаушылық Президенттік жастар кадрлық резерві жобасына білдірілді («қатыстым, қанағаттанбадым деуге болады» + «қатыстым, толықтай қанағаттанған жоқпын» жауаптарының жиынтығы).

№39 кесте. «Егер Сіз жастарды қолдауға арналған қандай болса да мемлекеттік бағдарламаға қатысқан болсаңыз, көрсетілген қызмет, берілген мүмкіндікке қаншалықты қанағаттандыңыз? (нұсқаларды оқыңыз, әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

Бағдарламалар	Қатыстым, толықтай қанағаттанамын	Қатыстым, қанағаттандым деуге болады	Қатыстым, қанағаттанған жоқпын деуге болады	Қатыстым, толықтай қанағаттанған жоқпын	Жауап беруден бас тарту
Білім мекемелерінің түлектері үшін «Жастар практикасы»	26,3	42,1	5,3	0,0	26,3
«Дипломмен ауылға!»	21,4	42,9	9,5	0,0	26,2
«Жасыл ел» жобасы	22,4	37,9	10,3	1,7	27,6
«Болашақ» халықаралық стипендиясы	2,9	41,2	14,7	8,8	32,4
«Жас кәсіпкер» жобасы	-	41,4	13,8	0,0	44,8
«Серпін-2050»	8,3	25,0	12,5	0,0	54,2
Барлығы үшін тегін техникалық және кәсіби білім	10,6	36,2	12,8	2,1	38,3
«Zhas project» жастар корпусын дамыту жобасы	7,1	28,6	14,3	7,1	42,9
Президенттік жастар кадр резерві	8,7	26,1	17,4	13,0	34,8

Жастар ресурстар орталығының тиімділігін бағалаған респонденттердің 35,1%-ы оны тиімді деп санайды («4» + «өте тиімді»). Тиімсіздігі туралы 13,4%-ы айтты. Сонымен бірге жастар ресурстарының тиімділігіне орташа бағаны «3» сауалға қатысушылардың 23,0%-ы қойды (№39 диаграмма).

№39 диаграмма. «Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО, «Жастар бастамаларын дамыту», «Астана жастары») тиімділігін 1 мен 5 аралық шкала бойынша бағалаңыз, 1 – тиімсіз, 5 – өте тиімді (бір жауап)», %-бен



Жастардың азаматтық белсенділігі

Жастардың қандай болса да түрлі ұйымдар немесе жобаларға қатысуына келсек, сауалға қатысушылардың көпшілігі ешқашан ондай ұйымдар жұмысына қатыспаған және қатысуды да жоспарлап отырған жоқ, бұл ретте респонденттердің басым көпшілігі діни ұйымдарға (78,5%), құқық қорғау ұйымдарына (76,4%), саяси партияларға (76,0%), қоғамдық кеңестерге (75,4%) қатысқысы келмейді.

Қандай деңгейде болса да жастар келесі ұйымдар жұмысына қатысуда. Олар: волонтерлік қозғалыстар (17,2%), жастар ұйымдары/жобалар (15,5%), гуманитарлық/қайырымдылық ұйымдары (13,8%). Сонымен бірге бұрын қатыспағандардың кейбір ұйымдар жұмысына, әсіресе гуманитарлық ұйымдар (23,8%) жұмысына қатысуды жоспарлап отырғанын айта кеткен жөн. Сол сияқты кәсіпкерлікті дамыту (22,3%), волонтерлік қозғалыстар (22,3%) мен экологиялық ұйымдар (21,8%) жұмыстары қызықты (№40 кесте).

№40 кесте. «Сізде соңғы 1-2 жылда келесі ұйымдар немесе жобалар жұмысына қатысу тәжірибесі болды ма? (әр жолға бір жауап)», %-бен

	Иә, белсенді қатысушымын	Иә, кей-кейде қатысамын	Жоқ, бірақ болашақта қатысуды жоспарлаудамын	Ешқашан қатысқан емеспін және қатысуды жоспарлап та отырған жоқпын
Жастар ұйымдары/жобалар	5,5	10,0	18,1	66,5
Саяси партиялар	1,4	6,9	15,8	76,0
Қоғамдық кеңестер	1,8	6,0	16,9	75,4
Құқық қорғау ұйымдары	1,4	4,3	18,0	76,4
Діни ұйымдар	1,8	4,4	15,4	78,5
Экологиялық ұйымдар	3,1	7,4	21,8	67,8
Гуманитарлық, қайырымдылық ұйымдары	3,0	10,8	23,8	62,5
Кәсіпкерлікті дамыту жобалары	2,2	6,1	22,3	69,5
Волонтерлік қозғалыс	4,4	12,8	22,3	60,5

Наразылық себептеріне жасалған талдау респонденттердің 19,7%-дан 28,4%-ға дейін бөлігі («иә, солай болар» + «иә») барлық көрсетілген себептер

бойынша наразылық шараларына қатысуға дайын екенін көрсетті. Өсіресе азық-түлік бағасының артуы (28,4%), коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі (26,4%), дәрі-дәрмек бағасының өсуі (25,6%) жастар наразылығының басты себептері (№41 кесте).

№41 кесте. «Егер Сіздің аймақта болған жағдайда Сіз төмендегі себептермен жаппай қарсылық шараларына жеке қатысуға дайынсыз ба? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі», %-бен

	Иә	Иә, солай болар	Олай болмас	Жоқ	Ж/қ
Азық-түлік бағасының қымбаттауы	10,0	18,4	22,7	43,9	5,2
Дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы	8,6	17,0	24,0	45,4	5,1
Коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі	8,4	18,0	23,1	45,8	4,8
Отын бағасының өсуі (бензин, дизель, газ, көмір)	8,2	14,9	24,8	46,6	5,6
Еңбек даулары	6,9	13,6	23,6	49,7	6,2
Этникалық белгі бойынша құқықтың бұзылуы	6,7	13,0	22,8	51,1	6,5
Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешу ынтасының болмауы	8,0	14,9	22,4	49,4	5,5
Коррупция	9,2	12,9	21,7	50,3	5,9
Әлеуметтік төлемдердің төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия)	8,6	13,9	22,1	49,4	6,1
Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының озбырлығы	8,1	13,1	23,3	48,6	7,0
Елдегі жағдайға, билік саясатына риза болмау	7,7	12,5	24,7	48,1	7,2
Экологияға қатысты маңызды мәселелер	8,6	14,0	22,9	46,5	8,1

Аймақтық тұрғыдан алғанда наразылық көңіл күй портреті төмендегідей: барлық аймақтар ішінде әрбір себеп бойынша жоғары наразылық көңіл-күйді Маңғыстау облысы респонденттері білдірді (82,7%-дан 93,8%-ға дейін). Бұл ретте Ұлытау облысында жастар бірталай себептер бойынша наразылыққа шығуға дайын емес («сыбайлас жемқорлық» ерекшеленіп 4,8% құрады). Абай облысын атап өтуге болады. Жалпы алғанда себептердің көпшілігі бойынша облыс респонденттерінде наразылықтарға қатысу ниеті болмаса да оларды азық-түлік бағасының артуы (47,1%), дәрі-дәрмек бағасының өсуі (47,1%) және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі (37,8%) алаңдатып отыр.

Әр себеп бойынша орташа маңыздарды алғанда, азық-түлік бағасының өсуі наразылық көңіл-күйді өсіретін ең өткір мәселелердің бірі деп алуға болады (28,59%). Екінші ең шиеленісті мәселе – коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі (26,47%). Келесі жиі айтылатын себеп – дәрі-дәрмек бағасының өсуі (26,21%).

Этникалық белгілері бойынша құқықтарға нұқсан келтіру (20,88%), еңбек жанжалдары (20,56%), елдегі жағдайға, билік саясатына наразылық (20,25%) себептері бойынша сауалға қатысушы жастардың жаппай наразылық шараларына қатысуға дайын болу деңгейлері төмен (№42-1; №42-2 кесте).

№42-1 кесте. «Егер Сіздің аймақта болған жағдайда Сіз төмендегі себептермен жаппай қарсылық шараларына жеке қатысуға дайынсыз ба? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі», %-бен

	Биліктің әрекетсіздігі, қала/ауыл мәселелерін шешу ынтасының болмауы	Коррупция	Әлеуметтік төлемдердің төмендеуі (жәрдемақы, зейнетақы, стипендия)	Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының озбырлығы	Елдегі жағдайға, билік саясатына риза болмау	Экологияға қатысты маңызды мәселелер
Абай	1,9	1,9	1,9	1,9	1,9	3,8
Ақмола	13,5	9,5	13,6	12,2	9,5	13,6
Ақтөбе	26,9	26,9	26,9	24,7	25,8	29,1
Алматы	7,4	2,7	4	2,7	2,1	1,4

Атырау	20,8	22,2	25	23,6	16,6	16,7
Батыс Қазақстан	23,1	27,7	27,7	21,5	16,9	16,9
Жамбыл	24,4	17,9	9,7	27,7	24,4	21,2
Жетісу	4,6	4,6	3	1,5	1,5	4,6
Қарағанды	28,7	19,5	17,6	19,4	20,4	30,6
Қостанай	10,4	11,7	13	13	14,3	16,9
Қызылорда	14,1	15,3	20	14,1	11,8	14,2
Маңғыстау	82,7	82,7	93,8	92,6	92,6	92,6
Павлодар	20,6	16,2	16,2	16,2	13,3	22,1
Солтүстік Қазақстан	38,3	36,2	34	40,4	34,1	31,9
Түркістан	22,4	25	26,3	21,5	22,4	21,9
Ұлытау	0	4,8	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	19,3	19,3	19,3	19,4	19,4	21
Астана	22,6	22,6	20,7	20,8	17,6	24,6
Алматы	27,7	27,3	28,2	21,8	24,3	25,2
Шымкент	23,3	27,8	27,1	19,6	15,8	25,6
Орта %	22,77	21,09	22,53	21,82	20,25	22,84

№42-2 кесте. «Егер Сіздің аймақта болған жағдайда Сіз төмендегі себептермен жаппай қарсылық шараларына жеке қатысуға дайынсыз ба? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі», %-бен

	Азық-түлік бағасының қымбаттауы	Дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы	Коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі	Отын бағасының өсуі (бензин, дизель, газ, көмір)	Еңбек даулары	Этникалық белгі бойынша құқықтың бұзылуы
Абай	47,1	47,1	37,8	7,6	3,8	-
Ақмола	16,2	9,5	14,9	9,5	9,5	13,5
Ақтөбе	50,6	48,4	49,5	37,6	25,8	24,7
Алматы обл	9,5	6,1	10,2	6,8	2,7	3,4
Атырау	30,6	26,4	27,8	16,6	15,3	12,5
Батыс Қазақстан	21,5	21,5	20	20	27,7	15,4
Жамбыл	21,9	15,5	17,8	24,4	8,1	14,6
Жетісу	4,6	4,6	4,6	4,6	6,1	3,1
Қарағанды	25	14,8	24	20,4	16,7	22,2
Қостанай	11,7	11,7	11,7	11,7	7,8	9,1
Қызылорда	20	18,8	17,7	18,8	11,8	13
Маңғыстау	96,3	97,5	90,2	93,8	91,3	82,7
Павлодар	19,1	20,6	17,7	8,8	11,7	13,3
Солтүстік Қазақстан	23,4	19,1	23,4	29,8	34	40,4
Түркістан	32,5	31,2	29,4	27,6	22,8	19,3
Ұлытау	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан	25,8	25,8	22,6	22,6	22,5	22,5
Астана	29,6	28,9	29,5	22,7	25,1	18,9
Алматы	32,3	25,6	29,4	24	26,9	26,9
Шымкент	25,5	24,8	24,8	25,6	21	20,3
Орта %	28,59	26,21	26,47	22,78	20,56	20,88

Елдегі жағдайға наразы болған жағдайда сауалға қатысушылар барынша тиімді құрал ретінде биліктің ресми органдарына жүгінуді (55,7%), ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысуды (51,5%), үндеу мен петиция жазуды (43,2%) көрсетті. Респонденттердің 40,2%-ының тиімді құрал ретінде рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысуды көрсеткенін атап кеткен жөн.

Сонымен бірге барынша тиімсіз құрал ретінде санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу (73,4%) және тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу (72,4%) аталды (№43 кесте).

№43 кесте. «Адамдар елдегі қала мен ауылдағы жағдайға қатысты наразылықтарын түрліше білдіріп жатады. Қалай ойлайсыз, төменде берілгендердің қайсысы тиімді, ал қайсысы тиімсіз? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Тиімді	Тиімсіз	Ж/Қ
Ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	51,5	42,1	6,4
Тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	20,3	72,4	7,3
Биліктің ресми органдарына жүгіну	55,7	38,2	6,2
Рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу	40,2	53,1	6,7
Санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу	19,0	73,4	7,7
Өлеуметтік желілерде наразылық білдіру	39,9	52,7	7,4
Үндеу мен петиция жазу	43,2	49,3	7,6

Сауалға қатысушылардың 55,6%-ы рұқсат етілген наразылық білдіру құралы ретінде биліктің ресми органдарына жүгінуді көрсетті. Ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысуды респонденттердің 55,4%-ы, үндеу мен петиция жазуды 48,6%-ы атады.

Сонымен бірге барынша жол беруге болмайтын наразылық білдіру құралы ретінде санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу (69,4%) және тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу (67,7%) аталды (№44 кесте).

№44 кесте. «Елдегі жағдайға қатысты наразылық білдірудің қай құралдарын жеке Сіздің ойыңызша қабылдауға болады немесе болмайды? (әр жолға бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Қабылдауға болады	Қабылдауға болмайды	ж/қ
Ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	55,4	30,5	14,2
Тіркелмеген немесе тыйым салынған партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу	17,6	67,7	14,8
Биліктің ресми органдарына жүгіну	55,6	30,2	14,3
Рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу	42,2	43,1	14,8
Санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысу	16,2	69,4	14,5
Өлеуметтік желілерде наразылық білдіру	43,7	41,6	14,7
Үндеу мен петиция жазу	48,6	36,4	15,1

Климаттың өзгеруіне қатынас

Жастардың климат өзгеруіне қатынасы контекстінде респонденттердің 31,1%-ы ауа-райының өзгеріп, ыстық бола түскенін сезініп отырғанын жеткізді. Бұл ретте 24,4%-ы жаңартылатын энергия көздері жүйесін кеңейту керек деп санайды. Алайда әрбір бесінші жас адам климаттың өзгеруіне сенбейді (23,4%) (№45 кесте).

№45 кесте. «Төменде көрсетілгендердің қайсысы климат өзгерісіне Сіздің қатынасыңызды сипаттайды? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Климат өзгерісі сезіледі, ауа-райы ыстық бола түсті	31,1
Жаңартылатын энергия көздері жүйесін кеңейту керек	24,4
Мен климат өзгерісіне сенбеймін	23,4
Су азаюда	23,3
Пластиктен бас тарту маңызды	21,4
Отынның, қуат көздерінің экологиялық емес түрлерінен бас тарту маңызды	19,7
Климат өзгерісі сезіледі, ауа-райы салқындай түсті	15,5
Климат өзгерісінен көш-қон артуда	8,2
Ядролық энергетикаға АЭС көшу керек	7,7
Қоқыстан тазарту керек	0,1
Ештеңе өзгерген жоқ	0,1
Бар жерде су тасқыны	0,1
Климат өзгерді	0,1
Жауап беруге қиналамын	8,2

Этникалық тұрғыдан қазақтар климат өзгерісіне өз қатынастарын жиі білдіріп, жылынды сезінгендерін жеткізді (31,6%). Өзге этникалық топтардан сауал қатысушылары жаңартылатын энергия көздері жүйесін кеңейту керектігіне сенімді. Өз кезегінде орыстар климат өзгеруіне өзгелерден көбірек сенеді (33,8%) (№46 кесте).

№46 кесте. «Төменде көрсетілгендердің қайсысы климат өзгерісіне Сіздің қатынасыңызды сипаттайды? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, этникалық топтар бойынша, %-бен

	Қазақ	Орыс	Басқа этникалық топ
Мен климат өзгерісіне сенбеймін	22,0	33,8	18,0
Климат өзгерісі сезіледі, ауа-райы ыстық бола түсті	31,6	25,5	36,0
Климат өзгерісі сезіледі, ауа-райы салқындай түсті	16,2	10,1	18,0
Су азаюда	23,9	18,7	25,3
Отынның, қуат көздерінің экологиялық емес түрлерінен бас тарту маңызды	19,3	20,1	23,3
Пластиктен бас тарту маңызды	21,7	20,9	19,3
Климат өзгерісінен көш-қон артуда	8,1	7,9	8,7
Ядролық энергетикаға АЭС көшу керек	7,5	8,3	8,0
Жаңартылатын энергия көздері жүйесін кеңейту керек	23,7	21,9	36,7
Қоқыстан тазарту керек	0,1	-	-
Ештеңе өзгерген жоқ	0,1	-	0,7
Бар жерде су тасқыны	0,1	-	-
Климат өзгерді	-	0,4	-
Жауап беруге қиналамын	8,5	8,3	4,0

Креативті өнеркәсіптің дамуы

Қазіргі жастар үшін креативті өнеркәсіп – қалаулы жұмыс орындарының бірі. Технология дамуымен кәсіби даму үшін ақпараттық және сандық инновация арқылы шығармашылық танылу, ашылу мүмкіндігі жастарды едәуір деңгейде тартып отыр.

Креативті өнеркәсіпті дамытуға қатысты мемлекеттің саясатына келсек, респонденттердің 33,9%-ы билікке креативтік бағыт бойынша оқыту бағдарламалары мен курстарды қолдау туралы кеңес береді. Олардың ширек бөлігі дерлік арнайы мамандандырылған орталықтар құру және инфроқұрылымды (алаңдар, кворкингтер) дамыту қажеттігін айтады. Инвестициялар мен серіктестерді тартуды атағандар – 16,2%. Сонымен бірге 12,8%-ы мемлекеттің

қосымша қадамдарына қажеттілік жоқ, жастар өздерін дербес дамыту керек деп санайды. Сонымен қатар 8,2%-ы креативті стартаптарды қолдау қорын құруды ұсынады (№40 диаграмма).

№40 диаграмма. «Қазақстанда креативті өнеркәсіпті дамытуға көмектесу үшін мемлекет басты көңілді неге аудару қажет? (қаржылық, заңнамалық, ақпараттық) (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



Креативті өнеркәсіптің мейлінше перспективті бағыттары ішінде респонденттер жарнама мен маркетингі (37,8%), ақпараттық технологияны (33,5%), кино мен дубляжды (32,8%) атады.

Сауалға қатысушы жастардың ширек бөлігі дизайн мен сән саласын, 21,4%-ы қолөнер саласын (зергерлік бұйымдар, бижутерия, ұлттық сыйлық өнімдер) атады.

Сол сияқты креативті өнеркәсіп салалары ішінде сәулет өнері (19,9%), видеография мен фотография (19,2%), музыка (15,8%) аталынды (№47 кесте).

№47 кесте. «Креативті өнеркәсіптің қай саласын Сіз біздің елімізде перспективті деп санайсыз? (үш жауаптан көп емес)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен

	Пайыздар
Жарнама мен маркетинг	37,8
Ақпараттық технология (бағдарламалық қамтамасыз ету, геймдевелопмент, жасанды интеллект)	33,5
Кино мен дубляж (фильмдер, мультфильмдер, сериалдар, шоу)	32,8
Дизайн, сән (продакт-дизайн, графикалық дизайн)	24,4
Қолөнер (зергерлік бұйымдар, бижутерия, ұлттық сыйлық өнімдер)	21,4
Сәулет өнері	19,9
Видеография мен фотография	19,2
Музыка (концерттік қызмет, музыкалық шығармаларды шығару)	15,8
Баспа (кітап өндірісі, әдеби өнімдер)	8,4
Музейлер галереялар мен кітапханалар	5,0
Театр (орындаушылық және сурет өнері)	4,7
Радио	3,7
Киім өндірісі, тігу	0,5
Туризм	0,3
Ұлттық сүт өнімдерін өндіру	0,2
Автомобиль бөлшектерін шығару	0,2
Қол кілемдер өндірісі	0,1
Ондай жоқ	0,1
Барлығы	0,1
Жауап беруге қиналамын	6,5

Креативті өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін ең маңызды жоғары кәсіби деңгей мен заманауи технологияны білу керек (28,5%). Сол сияқты респонденттер

шығармашылық пен инновациялық (21,6%), коммуникабельдік пен командада жұмыс істеу дағдысы (16,7%), идеяны өткізу мен клиентті сендіру дағдысы (16,0%) қажет деп есептейді (№41 диаграмма).

№41 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, креативті өнеркәсіпте табысты жұмыс істеу үшін ең маңызды не? (бір жауап)» сауалына жауаптардың бөлінуі, %-бен



ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Осы зерттеуде жастарды жаппай сауалнамасы мен сарапшылық сұхбат әдісін қолдану арқылы өмірдің түрлі аспектілеріндегі Қазақстан жастары дамуының ағымдағы жағдайына талдау жасалды және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша нұсқау-ұсыныстар дайындалды. Зерттеу шеңберінде келесі аспектілер зерттелді:

Біріншіден, жас адамдардың физикалық, менталды және репродуктивті денсаулығы жағдайының аспектілері зерттелді.

Зерттеу нәтижелері бойынша сауалға қатысушы жастардың 80,0%-дан 84,7%-ға дейінгі бөлігі өздерінің жалпы физикалық, менталды және репродуктивті денсаулығы жағдайын айтарлықтай жоғары бағалады. Бұл ретте олардың 20,6%-ы спортпен айналыспайтындықтарына алаңдайды, 14,5%-ы отырықшы өмір салтына, сондай бір бөлігі тым еңбекқорлыққа алаңдайды.

Менталды денсаулықты бағалау үшін респонденттерге қандай болса да өмірлік жағдайлар оларды қаншалықты алаңдатып отырғанын анықтау ұсынылды. Жастар үшін Топ-3 проблемалар: материалдық жағдай (28,1%), өз өмірі және жақындар өмірі (27,3%), жұмысқа орналасу (18,7%). Бұл ретте соңғы мәселе әсіресе ауыл жастары үшін маңызды, сонымен бірге тұрғын үй болмауы мен қарыз бен кредит төлей алмауы сияқты мәселелер бар.

Өз денсаулығын қолдау үшін сауалға қатысушы жастар көбіне таза ауада уақыт өткізуді (75,5%), дәрігерге жүгінуді (67,1%), медициналық чек-аптар (65,5%), немесе үйде дербес емделуді (60,4%) қалайды. 72,7%-ы психотерапия қызметін пайдаланбайды.

Жастар денсаулық орталығына респонденттердің 7,7%-ы ғана жүгінген, ал респонденттердің 33,8%-ы болса ондай орталықтар туралы естімеген де.

Репродуктивті денсаулық туралы айтсақ, бұл тақырып бойынша респонденттер үшін мамандандырылған дәрігерлер (26,6%), интернет-жарияланым (17,9%), отбасылық талқылаулар (16,6%) барынша өзекті ақпарат көздері болып табылады. Жалпы алғанда репродуктивті денсаулыққа қыздар жиі қызығушылық танытады және сұрақтарымен гинекологке жүгінуді дұрыс деп санайды (34,2%). Одан басқа келесі үрдіс анықталды: респонденттер жасы үлкейген сайын олар сексуалды денсаулық мәселесін кәсіби мамандармен талқылауға басымдық береді. Өз кезегінде сауалға қатысушылардың ең жас тобы өкілдері бұл тақырыпты отбасында талқылауға көңіл бөледі.

Венерологиялық аурулардың таралуы туралы респонденттердің 53,5%-ы біледі, олардың ішінде ерлерден әйелдер көп. Бұл жерде 58,9% респонденттер мектептерде сексуалды білім бойынша сабақтар өткізу керек деп есептейді. Бұл анатомия мен физиология туралы хабардар болу деңгейін арттырып, қажет емес жүктілік деңгейін азайтуға көмектесер еді. 35,6%-ы басқаша ойлайды, бұндай сабақтарды өткізу ұят, бұл ерте жыныстық қатынасқа әкелуі мүмкін деп санайды. Жалпы алғанда, оқушылар арасында жыныстық сауаттылықты арттыру қажеттілігі туралы сауалға қатысушылар ішінде әйелдер ерлерден гөрі көбірек алаңдайды.

23,0% жастар жыныстық өмірді бастау үшін барынша жайлы жас 20 деп санайды. 3,8%-ы 13-16 жастан жыныстық өмірді болады деп санайтынын атап өткен жөн.

Спортпен айналысуға қатысты респонденттер бірнеше жиі кездесетін кедергілерді атады. Олар: еріншектік (36,2%), уақыттың жоқтығы (25,0%), ақшаның болмауы (24,9%), мотивация болмауы (24,4%). Бұл жерде уақыттың жоқтығы, ақшаның болмауы, мотивация болмауы сияқты кедергілер қала жастары үшін

барынша өзекті болса, өз кезегінде ауыл жастары спорттық инфрақұрылымның жоқтығын жиі айтады.

Вакцинация бойынша респонденттердің жартысынан сәл астам бөлігі оң пікір білдірді. 14,5%-ы вакцинация керек жоқ, одан пайдадан зиян көп деп жауап берді.

Осылайша, респонденттер өз денсаулығын айтарлықтай жоғары бағалауда. Дегенмен репродуктивті денсаулық бойынша сұрақтарға жауап беруде респонденттерде ыңғайсыздықтар сезілуде, өйткені тақырып қоғам үшін, әсіресе ерлер үшін әлі жабықтау. Сонымен бірге сауалға қатысушылардың басым бөлігінің мектептердегі жыныстық тәрбие сабақтары арқылы жағдайды өзгерту қажеттілігіне сенімді болуы оң ахуал болып табылады.

Екіншіден, зерттеу шеңберінде респонденттердің білім беру жүйесіне қанағаттану деңгейі мен ғылымға қатысы зерттелді.

Респонденттердің басым көпшілігі (76,2%) өздерінің алған немесе алып отырған білім сапасына қанағаттанатындықтарын жеткізді. 20,2% – қанағаттанбайтындықтарын жеткізді. Олардың арасында ғылыми дәреже алған респонденттер көп.

Мектепте білім беруге келсек, респонденттер ең алдымен мектеп мұғалімдерінің біліктілігін (58,5%), кітапханадағы жұмыс жайлылығын (56,4%), қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігін (56,0%), мұғалімдердің этикасын (54,1%) жоғары бағалады. Ең төмен бағаны діни киімдерді кию, дәретханалар тазалығы, оқудан тыс сабақтар, интернет қолжетімділігі сияқты аспектілер алды.

Колледждердегі білім беру жүйесіне қатысты жоғары бағаны оқытушы біліктілігі (43,0%), кітапханадағы жұмыс жайлылығы (42,0%) алды. Респонденттер стипендия көлемі мен діни киімді киюді төмен бағалады.

Жоғары білімге қатысты сол алдағы деңгейдегідей респонденттер оң бағалағандар ішінде кітапханадағы жұмыс жайлылығы (46,3%), оқытушы біліктілігі (46,1%) және қазақ тіліндегі кітаптар мен оқулықтар қолжетімділігі (41,7%) аталды. Өз кезегінде респонденттердің төмен бағасы оқу үшін төлем құны, стипендия көлемі мемлекеттік білім гранттарының саны мен бөлінуі, білім жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар сияқты аспектілерге қойылды.

Қосымша білімді дамыту контекстінде жастардың 34,6%-ы офлайн-курстарда ал 40,3%-ы онлайн-курстарда оқитынын атап өткен жөн.

Ғылыми әрекет жай жеке қызығушылықтан (40,7%) болады немесе жұмыспен оқу бойынша (28,4%) қызығушылық тудырады. Оқушылар мен студенттердің зерттеулер мен ғылыми жобаларға қызығушылықтарын арттыру үшін респонденттер келесі шараларды атады: жобалар мен өнертабыстар үшін марапаттар беру (41,5%), зерттеуге бөлінетін гранттарды көбейту (41,1%), оқу орындарының инновациялық жобаларына жастарды белсенді тарту (39,5%), оқушылардың инновациялық дайындамаларының конкурстарын өткізу (31,8%).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, білім беру жүйесін бағалауда оқытушылар біліктілігі, кітапханалар жайлылығы мен қазақ тіліндегі материалдардың қолжетімділігі мейлінше проблемалары аз аспектілер болып табылады. Бұл ретте діни киімді кию, стипендия көлемі, оқу төлемі және гранттар саны сияқты мәселелер көрініп тұр.

Үшіншіден, жастардың әлеуметтік-экономикалық мәселелері, соның ішінде өз өмірлеріне қатынасы және материалдық жағдай аспектілері қаралды.

Жалпы алғанда респонденттердің басым көпшілігі өз өмірлеріне қанағаттанады (73,4%), сұралғандардың ширек бөлігі ғана өз өміріне

қанағаттанбайды. Аймақтық тұрғыдан алғанда өз өмірлеріне барынша көңілі толмайтын топ-3 облыс – Маңғыстау, Ақтөбе, Алматы облыстары.

Өз болашақтарына қатысты респонденттердің 72,8%-ы алаңсыз және өз болашақтарына сенімді. 19,2% респонденттер өз болашағына алаңдаулы және оған үреймен, қауіппен қарайды. Бұл ретте болашаққа қатысты оптимизм респонденттердің жасы үлғайған сайын төмендей береді.

Респонденттердің көпшілігі өз материалдық жағдайын орташа деп бағалады. 49,8%-ында азық-түлік пен киім алуға мүмкіндік болса да, жылжымайтын мүлік немесе автомобиль алуға ондай мүмкіндіктері жоқ. Сауалға қатысқан жастар өз қаржысын жиі азық-түлікке (77,0%), сонымен бірге киім мен аяқ киімге жұмсайды (66,7%).

Сауалға қатысқан жастардың 5,2%-ының материалдық жағдайы әбден төмен және олардың басым бөлігі ауылда тұрады. Жалпы алғанда ауыл жастарының 15,2%-ында азық-түлік алу мүмкіндігі бар, бірақ одан басқа олардың қаржысы жетпейді.

Қаржылық сауаттылыққа келсек, 40,9% респонденттерге өз кірістері мен шығыстарын үнемі жоспарлап отыру тән. 38,1%-ы бұны тек кейде істейді. Қаржылық жоспарлауға ұмтылу респонденттердің жасына қарай артып отырады және ересек жас топтарындағы респонденттерде жаңа қаржылық шығыстар туындайтынын ескерсек, бұл заңды да.

Қаржылық қиындықтар кезінде ең жас тобындағы (14-18 жас) респонденттердің 32,4%-ы ата-анадан көмек күтеді, ал одан үлкен жас тобындағылар бөліп төлеу, кредит алуға, сонымен бірге қосымша ақы алу үшін қосымша жұмыстар табуға ұмтылады.

Осылайша, өмірге қанағаттанатынына қарамастан кейбір респонденттер бәрібір өз болашағына алаңдайды. Сауалға қатысушылардың тек аз бөлігінде ғана өз баспанасы мен автомобиль алу мүмкіндігі болғанын ескерсек, осындай үрдіс түсінікті. Сонымен бірге сауалға қатысушылар арасында қаржылық сауаттылық деңгейі төмен болу проблемасы бар, олар өткір қаржы жетіспеушілік жағдайы туындаған кезде жалақыны арттыру мен қосымша жұмыс табуға ұмтылғаннан гөрі несие алу үшін банк қызметіне жүгінеді.

Төртіншіден, жастардың қызығушылықтары мен негізгі құндылық бағыт-бағдарлары қарастырылды.

Отбасы (80,1%) мен денсаулық (63,0%) бұрынғыдай басым бағыт болып қала береді. Үшінші орынды өмірді материалдық қамтамасыз ету алды (42,4%). Өткен жылғы зерттеулер қорытындысымен салыстырғанда материалдық қамтамасыз құндылығының едәуір өскенін атап кетуге болады (7,2% – 2023 жылы).

Көңіл көтеру мен рақат алу мүмкіндігі, достық пен білім ең жас тобы (14-18 жас) респонденттері үшін барынша маңызды. Жан тыныштығы мен махаббат жасқа қарай өсе түседі, бірақ 28 жастан кейін төмендейді. Басқаларға қарағанда ең үлкен жас тобындағы жастар үшін алдымен денсаулық маңызды. Сонымен қатар жаспен бірге өмірді материалдық қамтамасыз ету құндылығының өсу тренді анықталды.

Қала жастары көңіл көтеру мен рақат алу мүмкіндігіне, жұмыс болуы мен материалдық игілікке көбірек бағытталса, ауыл жастарына достық, жан тыныштығы, денсаулық пен білім маңыздырақ.

Сенім туралы айтсақ, жастардың көпшілігі ешкімнің пікіріне сенбейді (29,8%). Сенім субъектілері ішіндеі билік өкілдері (24,2%), ғалымдар (22,8%), белгілі қоғам қайраткерлері (20,8%) жиі аталды. Сол сияқты ең жас топ респонденттері өзге топтармен салыстырғанда спортшылар мен блогерлерге

көбірек сенім білдірді. Жалпы алғанда, респонденттер жасы үлкейген сайын олардың кімге болса да сенімдері азая түседі.

Тілдік орта дамуы контексінен алғанда орыс тілін респонденттер видео қарау үшін жиі қолданады (73,1%). Мемлекеттік тілді сауалға қатысқан жастар үй іші жақындарымен әңгімелесуде жиі қолданады (72,9%). Ағылшын тілінің қолданылуы төмен, респонденттердің 14,2%-ы оны өз оқуында қолданады.

Діни сенімдерге келсек, 78,3%-ы дінге сенушілер, олардың ішіндегі 43,6%-ы дінге сенеді, бірақ діни өмірге қатыспайды, 18,0%-ы кей-кейде ғана, мешіттер мен шіркеулерге барады, 16,7%-ы өз діндерінің шарттарын толық сақтайды. Бұл жерде діни сенімдердің қалыптасуына өзгеден гөрі отбасы жиі ықпалын тигізеді.

39,5% респонденттердің үшін атамекен – туған жерлері. 26,8%-ы жалпы елді отан деп санайды. Туған өлке ұғымын туған жермен байланыстыратындар ішінде этникалық қазақтар көп (40,1%). Орыс респонденттер өзгелерден гөрі облыс орталығын, өздері тұрып жатқан аудан, шағынаудан көшелерді туған жер ретінде жиі көрсетті. Өз кезегінде өзге этностық топтар үшін тұтас ел туған өлке болып саналады.

Ел болашағы туралы айтқанда респонденттердің 26,3%-ы ештеңе өзгермейді деп есептейді. Тағы бір ширек бөлігі Қазақстанды болашақта зайырлы заманауи мемлекет ретінде көреді. 22,4% сұралғандар Қазақстанды болашақ күшті де қауіпсіз мемлекет болады деп санайды. Бұл ретте ел болашағына қатысты мейлінше скептикалық көзқарасты 29-34 жас тобы респонденттері білдірді.

Сауалға қатысушылар бос уақытында ата-аналарына баруды (67,8%), әлеуметтік желілерді пайдалануды (66,2%), достарымен кездесуді (49,6%) немесе интернеттен видеоконтент қарауды ұнатады. Респонденттер музейлерге, театрға бару және қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысуды аз белгіледі.

Осылайша, қазақстандық жастар құндылығы отбасылық қатынастар, жеке денсаулық пен материалдық жайлылық негізінде қалыптасады. Отбасы құндылығы бос уақыт өткізудің негізгі түрімен расталады, сауалға қатысушылардың көпшілігі өздерінің бос уақытында ата-аналарына баруға ұмтылады. Тілге келсек, жастар мемлекеттік тілді де, орыс тілін де тұрмыстық қатынаста қолданады, ағылшын тілі онша танымал емес.

Сол сияқты жастар ортасында зайырлық қағидаты басым. Сенушілердің 61,6%-ы канондарды кейде сақтайды немесе оларды мүлдем сақтамайды (тек мейрамдарда ғана мешіт/шіркеу және басқаларға барамын), «мен сенемін, бірақ діни өмірге қатыспаймын» жауаптары жиынтығы).

Бесіншіден, зерттеу шеңберінде жастардың отбасылық-некелік қатынастары мәселелері зерттелді. Некеге қатысты неке жасы, неке дәстүрлерін сақтау, болашақ өмірсерік бейнесі мен неке бұзылу сияқты аспектілері қарастырылды.

58,1% жастар неке үшін барынша қолайлы 22-29 жас деп санайды. Көпшілігі, әсіресе этникалық қазақ респонденттер некені ресми тіркеу қажет деп есептейді.

Респонденттердің 35,3%-ы некеден кейін жас отбасы өздері бөлек тұруы қажет деп санайды. 31,7%-ы жас жұбайлар отбасылық дәстүрге үйрену үшін некенің басында ғана ата-аналарымен тұру керек десе, 30,2%-ы қандай жағдай болса да жас жұбайлар күйеудің ата-анасымен тұру керек деген сенімде. Бұл рет ата-анамен бірге тұру қажеттігін қазақтар жиі көрсетті, орыс этникалық тобы керісінше, жас жұбайлар бөлек, өздері тұруы керек деп санайды.

Болашақ өмірсерік таңдауда респонденттер оның жасына (53,9%) және сыртқы бейнесіне (45,4%) жиі назар аударады. Жасы, ұлты, ата-анасының

әлеуметтік мәртебесіне, ру/тегіне әйелдерге қарағанда ерлер көбірек назар аударады. Өз кезегінде әйелдер үшін қаржылық жайлылық пен болашақ жарының мансабы маңыздырақ.

Болашақ өмірсеріктің адамгершілік, тәрбиелілік, қайырымдылық, қарапайымдылық, коммуникабельділік сияқты жеке қасиеттері, сонымен бірге өзара сүйіспеншілік, ақыл, жан дүниесі, моралдық құндылықтар, өмірге көзқарас, білімділік, ұқсас дүниетаным және басқа да ішкі қасиеттері мен бағыт-бағдары сұралған жастардың өте аз бөлігі үшін ғана маңызды (0,1%-дан 0,7%-ға дейін) екенін атап кеткен жөн.

Неке бұзылу үшін мейлінше ауыр себеп сатқындық (61,0%) болып табылады. 51,0% респонденттерді дене күшін көрсету себебі ажырасуға әкелуі мүмкін. Үшінші барынша маңызды себеп – ішімдік немесе есірткіге тәуелділік.

Сатқындық, мінездердің сәйкес келмеуі, балалы болу мүмкіндігінің болмауы мен ата-аналарына құрметтің болмауын әйелдерге қарағанда ерлер жиі көрсетті. Өз кезегінде әйелдер физикалық және психологиялық күш қолдану, жұбайының ішімдік немесе есірткіге тәуелді болуын және құмар ойындарға тәуелділігін жиі атады.

Отбасылық-некелік қатынастарға қарасақ, респонденттер некені ресми тіркеу қажеттігін, некеге отырғаннан кейін жұбайының ата-аналарымен тұрудың дәстүрлілігін біліп отырғандығы байқалады. Сонымен бірге өмірлік серік таңдауда жеке қасиеттері мен құндылықтарға назар аз аударылады.

Алтыншыдан, жастар арасында тұтыну мәдениеті аспектілерін зерттеу бірнеше басты бағыттардан тұрды: видеоплатформаларды пайдалану, әлеуметтік желілердегі белсенділік, фильмдер мен сериалдарды қарау, оқуға қызығушылық.

Респонденттердің көпшілігі (58,8%) фильмдер/сериалдар қараған кезде ақысыз платформаларды, соның ішінде HDrezka, KinoGo, KinoBar, Netflix, Seasonvar, the-cinema.online және басқаларды пайдаланғанды жөн көреді. Ақылы қазақстандық және шетелдік платформалар сауалға қатысушылар арасында онша танымал емес. Барынша танымал топ-3 видеоөнімдер: қазақстандық (57,7%), ресейлік (45,1%) және голливудтық (41,9%) фильмдер, сериалдар мен шоу.

Барынша танымал мессенджер WhatsApp (89,4%), екінші орында – Instagram (79,8%), үшінші орында – TikTok (63,9%). Интернетте респонденттер көбіне ақпараттық контент (69,2%) пен көңіл көтеру контентін (60,6%) жиі қарайды.

Сауал нәтижелері бойынша 32,4% респонденттер кітап оқымайды. Кітап оқитындар арасында мейлінше танымал классикалық (20,3%) және қазіргі романдар (19,1%). Оқитындар арасында ерлерге қарағанда әйелдер көп.

Тұтыну мәдениетіне қатысты жастардың жария, ақылыдан гәрі тегін платформаларды пайдалануға басымдық беретіні байқалады. Бұл ретте жастардың отандық видеоөнімдерді айтарлықтай жиі қарайтынын айта кеткен жөн. Сонымен бірге кітап оқу ақпарат тұтынудың, әсіресе ерлер арасында кең танымал түрі еместігіне көңіл аударған жөн.

Жетіншіден, жастардың азаматтық және саяси шараларға қатынас деңгейлері, сонымен бірге жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу деңгейі қаралды. Сол сияқты жастардың климат өзгерісі мен креативті индустрия дамуына қатынас-көзқарасы қарастырылды.

Мемлекеттік жастар саясатына қатысты респонденттердің жартысынан астамы оның тиімділігін көрсетті. Бұл тұрғыдан, мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда респонденттер бірінші кезектегі маңызды шаралар ретінде жас отбасыларды тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз етуді атады.

Мемлекеттік бағдарламалар арасында «Дипломмен ауылға!», Болашақ» халықаралық стипендиясы жобалары барынша танымал болды. Респонденттерде

танымалдылығы төмен жобалар қатарындағылар: «Zhas project» және Президенттік жастар кадрлық резерві болды. Қандай болса да бағдарламаларға қатысқан аз ғана респонденттер ішінде көпшілігі берілген мүмкіндіктер мен көрсетілген қызметке қанағаттанадықтарын жеткізді.

Жастар ресурстар орталығының тиімділігін респонденттердің тек 35,1%-ы көрсетті.

Жастардың азаматтық белсенділігіне келсек, сауалға қатысушылардың көпшілігі ешқашан ондай ұйымдар жұмысына қатыспаған және қатысуды да жоспарлап отырған жоқ. Қандай деңгейде болса да жастар волонтерлік қозғалыстар (17,2%), жастар ұйымдары/жобалар (15,5%), гуманитарлық/қайырымдылық ұйымдары (13,8%) жұмысына қатысып отыр.

Наразылық себептеріне жасалған талдау негізінде респонденттердің 19,7%-дан 28,4%-ға дейін бөлігі түрлі себептер бойынша наразылық шараларына қатысуға дайын екенін атап өткен жөн. Әсіресе азық-түлік бағасының өсуі (28,5%), коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі (26,4%), дәрі-дәрмек бағасының өсуі (26,2%) жастардың наразылық шараларына қатысуының басты себептері бола алады. Барынша жоғары наразылық көңіл-күйді Маңғыстау облысы респонденттері білдірді. Мейлінше төмен наразылық көңіл-күй Абай облысында байқалды.

Биліктің ресми органдарына жүгіну (55,7%), ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысу (51,5%), үндеу мен петиция жазу (43,2%) елдегі жағдайға наразы болған жағдайда оны білдірудің барынша тиімді құралы ретінде аталды. Сол сияқты респонденттердің 40,2%-ы тиімді құрал ретінде рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысуды көрсетті. Елдегі жағдайға наразы болған жағдайда оны білдіруге болатын құрал ретінде сауалға қатысушылардың 55,6%-ы биліктің ресми органдарына жүгінуді, 55,4%-ы ресми тіркелген партия, қозғалыс, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысуды көрсетіп отыр. Респонденттердің 42,2%-ы тиімді құрал ретінде рұқсат етілген наразылық акцияларына, митингі мен шерулерге қатысуға болады деп көрсеткен.

Климат өзгеруіне қатысты сауалға қатысушылардың 31,1%-ы ауа-райының өзгергенін, ыстық бола түскенін сезініп отырғанын жеткізді. Бұл ретте 24,4%-ы жаңартылатын энергия көздері жүйесін кеңейту керек деп санайды. Респонденттердің 23,4%-ы климаттың өзгеруіне сенбейді.

Креативті өнеркәсіпті дамытуға қатысты респонденттердің 33,9%-ы билікке креативтік бағыт бойынша оқыту бағдарламалары мен курстарды қолдау туралы кеңес береді. 24,3%-ы арнайы мамандандырылған орталықтар құру және инфроқұрылымды (алаңдар, кворкингтер) дамыту қажеттігін айтады. Жарнама мен маркетинг (37,8%), ақпараттық технология (33,5%), кино мен дубляж (32,8%) креативті өнеркәсіптің мейлінше перспективті бағыттары болып табылады.

Респонденттер пікірі бойынша жастар саясаты айтарлықтай тиімді. Жас отбасыларды тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың ең өзекті мәселесі болып табылады. Респонденттер бағдарламаларға қатыспайды деуге болады, ал қатысқандар жалпы берілген бағдарлама мүмкіндіктеріне қанағаттанады. Сонымен бірге жастар ресурстар орталығының төмен тиімділігі аталды.

Сауалға қатысушы жастардың азаматтық белсенділігі төмен. Жастар тек волонтерлік қозғалыстар, жастар жобалары мен гуманитарлық жобалар жұмысына қатысуға дайын. Жоғары наразылық көңіл-күй Маңғыстау облысында бар. Жылынуға байланысты климат өзгерісін респонденттер түсініп отыр. Креативті өнеркәсіпке келгенде респонденттер креативті мамандықтар бойынша оқыту бағдарламалары мен курстарға қызығушылық танытуда және

осы салада инфроқұрылымды кеңейтуді ұсынып отыр. Жастарды, әсіресе, маркетинг, ІТ мен киноөндіріс қызықтырады.

ҰСЫНЫМДАР

Қазақстандық жастардың жағдайын жақсарту мен дамыту мақсатында және осы зерттеулер нәтижесі бойынша келесі мүмкіндіктерді қарастыру ұсынылады:

– **«Z» және «Альфа» ұрпақтарының бейнелерін қалыптастыру.** Жастардың ұрпақтық ерекшеліктерін зерттеу әр елде тұрақты қалыптасқан тәжірибе болып табылады. Жалпы алғанда жастар саясаты мен стратегиялық жоспарлаудың мазмұнын анықтай отырып, олар унитарлық мәнде болады. Сонымен бірге, елде «Z» және «Альфа» ұрпақтарын, тиісінше 1996-2012 жылдар және 2012-2024 жылдар кезеңінде дүниеге келген жас ұрпаққа қатысты жан-жақты, толық және нақты зерттеулер жоқ. Бұл жастармен жұмыста релевантты амалдар мен құралдарды әзірлеуде қиындық келтіреді.

– **жастарға арналған «Мәдениет картасы» арнайы жобасын даярлау.** Жоба 14-34 жастағы жастарды (оқушылар, орта арнаулы оқу орындары, ЖОО мен ТиПО студенттері, магистранттар мен докторанттар, мамандар, жас ата-аналар, жұмыссыздар, уақытша орналаспаған жастар) мәдени нысандар мен шараларға баруға, отандық әдебиеттерді сатып алуға, республикалық бюджеттен мақсатты қаржыландыру, ал жеке жағдайларда облыстық бюджет есебінен қалыптасатын, белгіленген лимиті бар арнайы карта шеңберінде отандық стримингтік қызметке жазылуды рәсімдеуге ынталандыратын болады.

– **аймақтарда стартаптар мен инновациялық компаниялар базасында бағдарламалар мен курстар ұйымдастыру.** Мысалы, Алматы қаласында жаңа кеңсе ашқан Yandex Qazaqstan оқыту жобалары мен Яндекс бағдарламалық мектебін дамытуда. Бірақ бағдарламалар өзге аймақ жастары арасына тарала қойған жоқ және ірі таныстырылымдар дәл сол Алматыда өтіп жатады, өйткені ондай шараларды өткізу үшін адамдар көп жиналған жерде қауіпсіздік талаптарына жауап беретін арнайы алаңдар қажет. Осыған байланысты тұрақты алаңдарды барлық аймақ орталықтарында ұйымдастыру қажет.

– **мемлекеттің психологиялық және психотерапиялық қызмет көрсететін қазақстандық онлайн-сервистермен ынтымақтасуы.** Осындай сервис қатарында «Sezim» и «Tanym PRO» бар. Ынтымақтастық шеңберінде қызығушылық білдірген жастарға бұл сервистер тегін онлайн-терапия қызметін көрсете алуы үшін оларды қаржыландыру нұсқаларын талқылау қажет. Онлайн-терапияның мүмкіндіктері туралы жастар арасында ақпараттық науқанды қамтамасыз ету.

– **ауыл жастары үшін «Спорт жастары» арнайы бағдарламасын дайындау.** Бағдарлама шеңберінде ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымын салу, жаңартуды қарастыру.

– өндірістік және өнеркәсіп орындарында (студенттік жатақханалар үлгісінде) **жұмыс істейтін жастар үшін уақытша баспана беру мақсатында (ГЧП) мемлекеттік төтенше көмек механизмін құру және іске қосу.**

– аймақ жастарының өзекті мәселелері бойынша нақты шешім ұсынумен **барлық деңгейдегі мәслихаттар отырыстарында жастар мәселесін тоқсан сайын қарау жүйесін енгізу.**

– репродуктивті, менталды денсаулық, сонымен қатар лудомания, есірткі немесе басқа да тәуелді болу мәселелері бойынша **МДО мен МРО-мен бірлескен ақпаратты-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.**

– **МДО мен МРО-ын әлеуметтік желілерде кеңінен таныту бойынша ақпараттық науқан ұйымдастыру,** кең аудиториясымен белгілі блогерлер мен флюенсерлерді тарту.

III. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жастар арасындағы оң өзгерістерді қолдау мен көтермелеуге бағытталған жастар саясаты мемлекет үшін маңызды басымдық болып табылады. Ол жастардың әлеуметтік қалыптасуы мен қоғамдық өмірге белсенді араласу кезеңінің ерекше жағдайымен негізделеді. Жастар саясатының мақсаты жас ұрпақтың саяси, құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Бұл жастарға өз-өзін іске асыруға, азаматтық белсенділікті арттыру мен тұрақты әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға мүмкіндік беру мен жағдай жасаудан тұрады.

2023 жылы Қазақстанда маңызды құрылымдық өзгерістер болды: жастар жасы 35 жылға дейін өсті. Нәтижесінде елдегі әрбір үшінші адам – жас адам. Өткен жылы 2023-2029 жылдарға арналған Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдама бірнеше өзекті бағыттарды қамтиды: азаматтық және шешім қабылдаққа қатысу; әлеует пен кәсіпкерлікті іске асыру; білім мен мәдениет, заманауи құндылықтар мен патриоттық тәрбие; ақпараттық кеңістік; салауатты өмір салты.

Шешім қабылдау деңгейінде Президент жанында жастар саясаты бойынша Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жұмыс істейді. Кеңес жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асырумен, басымдықтарды анықтау бойынша нұсқаулықтар дайындаумен айналысады. Кеңестің басты міндетіне жастар ортасының ағымдағы жағдайы туралы Президентке ақпарат беру, мемлекеттік жастар саясатының тиімділігіне сараптама-талдау жасау және жастарға қатысты саясат бойынша басқа да көкейкесті мәселелерді талқылау жатады. Биліктің түрлі деңгейлері мен қоғамдық құрылымдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, бұл орган Қазақстандағы жастар саясаты дамуының стратегиялық бағыттарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Мемлекеттік саясат жүйесіндегі Кеңестің маңызды орны мен рөлін ескерілді және сапалы да нақты бағытталған нұсқау-ұсынымдар дайындау мақсатында сарапшылық сауалға Кеңес мүшелері де қатысты.

1. Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау

Тұтастай алғанда жастар саясатының іске асырылуы «қанағаттанарлық» деп бағаланды. Сарапшылар нақты да сонымен бірге жүйелі шараларды даярлаудағы мемлекеттің оң ұмтылысын атады. Бұл ретте олар жастар бағдарламаларының жалпы мемлекеттік стратегияға бейімделуі мен олардың ұзақ мерзімді өзгерістерге бағытталуы қажеттігін көрсетті. Олардың пікірінше, ағымдағы бастамалар мен жобалар жастар саясатының тұрақты түрде дамуына негіз болады. Сонымен бірге сарапшылар оны одан әрі жақсарту мен оптимизацияны қажет ететін салалар бар екенін көрсетті.

«Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша шаралар ел аймақтары үшін үлгі болады, дегенмен жастарда шаралар жүйелілігі мен кеңірек ақпараттық қамтуға қатысты қажеттілік бары байқалады. Жастар реакциядан гөрі проактивті шараларды көбірек көргісі келеді. Сол сияқты Президент тапсырмасына сәйкес жастармен жұмысты күту де қалды, басымдықта жастар үшін мүмкіндік туғызу болуы қажет» (**Ж.Ақтаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы**).

«Жалпы алғанда дұрыс бағыт, дұрыс вектор берілді деп ойлаймын, бірақ тек сандық жағынан. Өрдайым сапалық шаралар көп бола алар еді және болуы керек» (**А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы**).

«Білім саласы сарапшысы ретінде мектеп оқушылары мен студент жастарға қатысты мемлекет жүргізіп отырған саясат айтарлықтай тиімді болды деп айта аламын» (**А. Унайбеков, тәуелсіз сарапшы**).

Сарапшылар жастар саясаты ауқымды мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламаларға үйлесе отырып, түрлі салаларды қамту керек деп санайды, оның ішінде әлеуметтік және экономикалық мәселелер де бар. Қазіргі кезде жастар саясаты бөлек сала ретінде қарастырылады, бұл қате көзқарас деп есептеледі. Бұл жастар саясатының әлеуметтік және экономикалық дамудың өзекті аспектілеріне ықпалын шектейді. Мысалы, жастар арасындағы әлеуметтік және мәдени капиталдың қалыптасуында шешуші рөл атқаратын мәдениет мекемелерінде ықпал ету мүмкіндігі шектеулі.

Сарапшылар пікірі бойынша, барынша жан-жақты және кешенді көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында стратегияны қайта қарау қажет, ол елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына жастар саясатының қатысуы мен ықпалының нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік берер еді.

«Оннан алты жарым болар. Неге осылай есептедім? Өйткені жалпы алғанда жақсы жұмыс істеуде, бірақ жастар саясаты көлденең жан-жақты саясат болуы керек, яғни барлық саланы – экономикалық, әлеуметтік сұрақтарды қоса қамту керек, ал бізде оны бөлек сала ретінде қарастырады» (**Ә. Құсманов, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ басқарма төрағасының орынбасары**).

Сарапшылық сауал барысында жастар саясатын іске асыруда сапалық жақсартуды қажет ететін бірнеше мәселелер белгіленді.

Біріншіден, оны жастар арасында тарату үшін барынша ашық бағдарламалар мен каналдардың болуы қажеттілігі. Құралдардың жеткілікті болуына қарамастан жастар саясаты бағдарламаларының жастарға жетпей қалуы жиі кездеседі, бұл олардың тиімділігін төмендетеді. Қолжетімді мүмкіндіктер туралы хабардар болмағандықтан жастардың осы бағдарламаларға қатысуы шектеліп, олардың жеке және кәсіби даму әлеуеті азаяды.

Екіншіден, бағдарламалар әдетте белгілі бір мақсатты аудиторияларға бағытталған, бұл өсу мен тәжірибе бөлуге кедергі болып жатады. Бұл әсіресе, үкіметтік емес секторда (ҮЕҰ) байқалады, қызметкерлердің орташа жасы өседі де жас мамандарды тартуда қиындықтар болып жатады. Бағдарламалардың жастардың белгіленген топтарына шектеулі болуы үкіметтік емес секторда болашақ көшбасшылар мен кәсіби мамандардың дамуына кедергі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді перспективада осы ұйымдардың тиімділігі мен тұрақтылығына қауіп төндіруі ықтимал.

Сарапшылар жастардың мейлінше кең топтарын қамтитын және олардың түрлі әлеуметтік және кәсіби салаларға тартылуына ықпал ететін инклюзивті де қолжетімді бағдарламаларды дайындау қажеттігін атады. Ақпараттың қолжетімділігінің артуы мен қатысуға кедергілердің болмауы жас таланттардың үздіксіз келуіне және белгілі бір кәсіби саланың екпінді дамуына көмектеседі.

Осылайша, жастар саясаты тиімділігін арттыру үшін ақпараттың таралу каналдарын жақсартуға, бағдарламалардың мейлінше кең аудиторияға қолжетімді болуына және түрлі секторларда, оның ішінде үкіметтік емес секторда да тұрақты өсу мен үздіксіз даму үшін жағдайлар жасауға назар аудару қажет.

«...барынша ашық бағдарламалардың немесе жастар үшін оларды тарататын каналдар болғаны жақсы болар еді. Мүмкін, каналдар көп болғандықтан, жастар бар бағдарламаларды білмейді. Оның үстіне, мақсатты аудиториялар бағдарламалары шектеулі және бұл кейде өсу мен даму үздіксіздігіне кедергі болып жатады, оны біз үкіметтік емес сектордан байқап отырмыз. Жас ұлғаюы мен кәсіби кадрды табу мүмкіндігінің болмауы» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Жастар саясатын тиімді іске асыру мен сапалы дамыту контексінде сарапшылар бірнеше көкейкесті бағыттарды атады.

Біріншіден, тәрбиелік компонент. Тәрбие әлеуметтік жүйе ретінде білім беру мекемелерінде қалпына келе бастаса да, отбасылық деңгейде рөлі төмендеуде. Гаджеттер ықпалы артуда, бұл өз кезегінде жас ұрпақпен сенімді қарым-қатынас жасауды қиындатып жіберді. Интернет виртуалды табыну мен басқа да құндылықтардың қалыптасуына жағдай жасауда және бұл тәрбие процесін күрделендіре түседі.

Екіншіден, жастардың еңбекке орналасуы. Жұмыс істемейтін жастар пайызы төмендер емес. Ауылдық жерде жұмыс орындарының аздығы сезілуде, ал бар жұмыс әдетте төмен ақылы болып келеді, бұл жастар арасында тәуелділік көңіл-күй қалыптасуына ықпал етуде. Сарапшылар жастар үшін еңбек жағдайын жақсарту мен еңбекпен қамту бағытында шаралар дайындау қажеттігін көрсетті.

Үшіншіден, ұйымдаспаған жастар мәселесі. Қоғамдық пайдалы жұмыс және шаралар әдетте оқу орындарында жүргендерді немесе қоғамдық ұйымдағыларды жиі қамтиды. Нәтижесін мыңдаған жас адамдар мемлекеттік қолдаудан тыс қалады, ақпараттық вакуумда болады. Сарапшылар осы санаттағы жастарды әлеуметтік және оқыту бағдарламаларына тарту мен қосуға бағытталған стратегияны жоспарлау қажет деп санайды.

Осылайша, сарапшылар жастар саясатының тиімділігін арттыру үшін тәрбиелік компонентке көбірек көңіл бөлу, жастардың жұмысқа орналасу шарттарын жақсарту керек және ұйымдастырылмаған жастармен жұмыс бойынша шаралар дайындау қажет деген қорытындыға келеді. Бұл барлық жастар үшін даму мен қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«...Дегенмен, менің ойымша, шешуді қажет ететін бірнеше мәселелер бар. Бірінші кезекте, бұл тәрбиелік компонент мәселесі. Ол бүгін тек оқу орындарында қайта орын ала бастады, алайда отбасылық деңгейде өз позициясынан айрыла бастады. Гаджеттермен тәрбиелеу, өскелең ұрпақпен тіл таба алмау, интернет-кеңістіктің ықпалы, жалған кумирлер жасау және көптеген басқа мәселелер.

Еңбекке орналастыру міндеті маңызды. Жұмыс істемейтін жастар пайызы айтарлықтай төмендеген жоқ, ауылда жұмыстың болмауы, жалақысы төмен жұмыс, масылдық көңіл-күй» **(Э. Масагутова, ҚР МАМ ЭҚДК «Қоғамдық келісім» РММ директоры).**

Жастар секторын тиімді басқару – енгізіліп жатқан бағдарламалар мен жобалар нәтижелілігінің басты шарттарының бірі. Дегенмен, сарапшылар стандартты, цифрланған метриканы қолдану жағдайдың жалпы ахуалын түсіну үшін әр уақытта бірдей нәтижелі бола бермейді деген пікірде. Олардың ойынша, тек сандық көрсеткіштерді пайдалану нақты картинаны бұрмалауға әкелуі мүмкін. Сандар әдетте көрсеткіштерді орталандырады, бұл өз кезегінде маңызды бөлшектер мен нюанстарды жасыруы ықтимал. Жастар саясаты тиімділігін барынша дәл және терең түсіну үшін сандық деректерді ғана емес, жастардың қанағаттануы, көңіл-күйі сияқты сапалық аспектілер де ескерілуі тиіс.

Сарапшылар қанағаттану индексі және басқа да сапалық метрикаларды пайдалануды ұсынып отыр, оларды диалогтік алаңдар және локалды сауалдар арқылы алуға болады. Осындай әдістер жас адамдардың өздерінің пікірін, өткізіп жатқан шаралар мен бағдарламаларға олардың қатынасын, қабылдауын ескеруге мүмкіндік береді. Бұл жастардың нақты мәселелері мен қажеттіліктерін анықтауға, сонымен қатар ағымдағы бастамалар олардың талабы мен күткен көңілдеріне жауап беретінін бағалауға көмектеседі.

Сонымен қатар сарапшылар жастармен тікелей қарым-қатынас жасайтын платформаларды құру маңызды екенін айтады. Диалогтік алаңдар мен тұрақты жүргізілетін сауалдар туындаған мәселеге жедел көңіл аудару мен кері байланыс үшін тиімді құрал бола алады. Осындай көзқарастар жүзеге асырылып жатқан бағдарламаларды жақсартуға, өзгерістер енгізуге мүмкіндік беріп, барынша икемді де бейімделген басқаруды қалыптастырады.

«Істің жалпы жағдайын түсіну үшін стандартты, цифрланған метрика әр уақытта бірдей тиімді емес шығар. Сандар әдетте көрсеткіштерді қисынсыз орталандырады, бұл өз кезегінде қабылдау үшін кескінді бұрмалауы мүмкін. Қоғамның, жастардың көңіл-күйі жастар саясатының тиімділігі туралы хабар береді деп ойлаймын. Сол сияқты диалогтік алаңдар және локалды сауалдар арқылы алуға болатын қанағаттанудың түрлі индекстері де пайдалы болуы мүмкін» **(А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы).**

Осылайша, сарапшылар жастар секторын тиімді басқару үшін стандартты, цифрланған метриканы локалды сауалдар мен қанағаттану индексі сияқты сапалық әдістермен толықтыру қажет деген пікірде. Бұл жағдай туралы мейлінше толық көрініс алуға және енгізіліп жатқан бағдарламалар мен жобалардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мысалға, сарапшылық сауал барысында жастардың денсаулығын қорғау саласында нәтижелілік пен ықпал етуді кешенді бағалау үшін сандық та, сапалық та көрсеткіштерді біріктіру ойы айтылды. Салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың саны сияқты сандық деректерін есепке алу қажеттілігі маңызды аспект болып табылады. Бұған тәуелді мінез-құлық индикаторы, профилактикалық қараулар мен жаппай спортқа, фитнеске қатысуы кіреді. Бұл деректер әлеуметтік мәселелер профилактикасы мен қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды аспектісі болып табылатын жастардың физикалық денсаулығы мен жасампаз жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді.

Қанағаттану деңгейі мен олардың менталды денсаулық жағдайы сияқты сапалық көрсеткіштерге бөлек аспект арналады. Бұл деректер жастардың психологиялық және эмоционалдық жайлылығын көрсетеді, ол жастардың қоғам өміріне қатысуы мен қоғамдық бейімделуі үшін маңызды.

«Салауатты өмір салтын ұстанатын жастар саны (тәуелді мінез-құлық индикаторымен, профилактикалық қараулар мен жаппай спортқа, фитнеске қатысуымен), өз баспанасы бар жастар саны, табысы 800\$-дан асатын жұмысқа орналастырылған жастар саны, қанағаттану деңгейі мен менталды денсаулық және т.б. сияқты сандық және сапалық көрсеткіштер түйіндемесі қажет» **(Ж.Ақмаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы).**

Жастар денсаулығы көрсеткіштерден басқа жастардың қоғамдық және саяси өмірге қатысуы, білім алу мен денсаулық сақтаудың қолжетімділігі, жұмыссыздық деңгейі, сол сияқты жастар шығармашылығы мен кәсіпкерлігі үшін инфроқұрылым дамуы мемлекеттік жастар саясаты тиімділігін бағалаудың негізгі критерийлері болып табылады. Бұл көрсеткіштер жастар өмір сүретін ортаның кең әлеуметтік-экономикалық спектрін көрсетеді және олардың дамуы мен өздерін көрсетуі үшін жайлы орта құрудың маңыздылығын білдіреді.

Өзге сарапшылар білім алудың, жұмыссыздықтың, қылмыстың, нашақорлық пен лудоманияның деңгейі, жастар арасында суицидтің саны, сонымен бірге некеге отыру мен ажырасу коэффициенті сияқты барынша спецификалық аспектілерге көңіл бөледі. Бұл көрсеткіштер жастардың әлеуметтік тұрақтылығы мен психологиялық жайлылығын, сонымен қатар олардың қоғамға әлеуметтік бейімделуі мен кірігуін көрсетеді.

Түрлі көрсеткіштердің болуы мен талдаулар жастар саясатының тиімділігін бағалауға кешенді түрде қараудың маңыздылығын көрсетіп тұр. Деректердің түрлі категорияларының кірігуі бағдарламалар мен жобалардың жастар өміріне ықпал-әсерін барынша толық бағалауға, сондай-ақ қоғамдағы сын-қатерлер мен өзгерістерге барабар жауап беруге мүмкіндік береді. Осындай көзқарас ағымдағы бастамаларды күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлерінің түрлі аспектілерінде жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған болашақ стратегияларды әзірлеуге ықпал етеді.

Яғни, жастар саясатының тиімділігі кешенді көзқарас қабылдау мен жастар өмірінің түрлі аспектілерін ескерумен байланысты. Сан түрлі көрсеткіштердің кірігуі қол жеткен жетістіктерді мейлінше дәл бағалауға және мемлекеттік пен қоғамдық құрылымдар тарапынан қосымша күш пен көңіл бөлуді қажет ететін салаларды жинақтауға мүмкіндік береді. Сол сияқты сарапшылардың барлығы дерлік жастар саясатының тиімділігін бағалауға еппен келу қажеттілігін атады. Ол әр қоғам ерекшелігі мен өз өмірлерінің түрлі салаларындағы жастар сұраныстарын есепке алады.

«Қазақстанда жастар саясатын іске асыру тиімділігі бірнеше шешуші көрсеткіштер бойынша бағалануы керек деп санаймын. Олар: жастардың қоғамдық және саяси өмірге қатысу деңгейі, білім алу мен денсаулық сақтаудың қолжетімділігі, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, жастар шығармашылығы мен кәсіпкерлігі үшін инфроқұрылым дамуы және әлеуметтік қолдау деңгейі» **(А. Унайбеков, тәуелсіз сарапшы).**

«Білім деңгейі, жұмыссыздық пен қылмыс деңгейі, нашақорлық пен лудоманияның деңгейі, жастар арасында суицидтің саны, сонымен бірге некеге отыру мен ажырасу коэффициенті» **(Е. Берікбаев, Әл-Фараби ат.ҚазҰУ-дың аға оқытушысы).**

Сарапшылық сауал барысында сонымен бірге жастық страт бойынша көрсеткіштерді бөлу мен ведомствоаралық көзқарастың маңыздылығы аталған болатын. Сарапшылар пікірінше, жастар саясатын жан-жақты бағалау үшін келесі аспектілерді ескеру қажет:

- Шаралармен және демалыс өткізумен қамту, бұл қоғамның мәдени өміріне жастардың белсене қатысуын көрсетеді.
- Жұмыссыздық пен қылмыс деңгейі, бұл әлеуметтік тұрақтылық пен жастардың экономикалық және құқықтық жүйеге кірігуінің белгісі.
- Ауылда жұмыспен қамту деңгейі, бұл ауыл аймақтары спецификасын есептеу және осы аймақтарда тұрып жатқан жастарды қолдау үшін маңызды.
- Шығармашылық және қоғамдық жұмысқа тартылғандық, бұл қоғамдық және мәдени бастамаларды дамытудағы жастар белсенділігін көрсетеді.
- Физикалық және психикалық денсаулық көрсеткіштері, қоғамдық денсаулық сақтау мен жастар жайлылығының маңызды аспектісі.

Сонымен бірге жастар саясаты жобалары мен бағдарламалары бенефициарларын бағалаудың және аймақтардан кері байланыс нәтижелерін жинау қажеттілігі аталды. Бұл елдің түрлі аймақтарында жастардың сұраныс спецификасы ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді және қалалық және ауылдық аудандар арасындағы ресурстар дамуы мен қолжетімділігі арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар болуы контексті тұрғысынан ерекше маңызды.

Сарапшылар үшін тағы бір маңызды аспект – өзгеріп отыратын уақыт пен сұраныс. Қоғамдық басымдықтардың немесе технологиялық мүмкіндіктердің өзгерістерінен көптеген бағдарламалар тиімсіз немесе ескірген болып қалуы мүмкін. Сондықтан да жастар саясатын жаңа сұраныстар мен жағдайларға сәйкес үнемі жаңартып, бейімдеп отыру қажет.

Қорытындысында жастар саясаты тиімділігін бағалауда алуан түрлі экономикалық және мәдени аспектілерден тұратын кешенді ұстанымды ескеру қажет екендігі туралы жалпы сарапшылық түсіну бар екендігін айта кеткен жөн. Бұл жастардың, жалпы қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін мақсатты да барынша бейімделген бағдарламалар дайындауға көмектеседі.

«Көрсеткіштер бірнеше болуы керек, олар ведомствоаралық және жастық страттарға бөлінген болуы керек: шаралармен қамту және демалыс, жұмыссыздық пен қылмыс деңгейі, ауылда жұмыспен қамту деңгейі, шығармашылық және қоғамдық жұмысқа тартылғандық, физикалық және психикалық денсаулық көрсеткіштері және басқалар» **(Э. Масагүтова, ҚР МАМ ЭҚДК «Қоғамдық келісім» РММ директоры).**

«Бенефициарларды бағалау, аймақтардан кері байланыс, өйткені бәрібір аймақтан аймаққа қажетті бағыттар бойынша айтарлықтай өзгерістер бар, осыған назар аудару қажет. Сол сияқты уақыт сұранысын ескеру қажет, көптеген бағдарламалар ескіріп қалды немесе оларды ыңғайлы емес іске асыру механизмі бар» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Мемлекеттік жастар саясаты тиімділігін бағалауда жастарды қолдаумен байланысты қолданыстағы бағдарламаларға жеке тоқталу қажет. Мысалы, білім саласында «Болашақ» халықаралық стипендиясы, білім беру гранттары мен кредиттер және техникалық пен кәсіби білім беруді дамыту бастамалары сияқты бағдарламалар іске асырылуда. Бұл шаралар білім беру сапасын арттыруға және жастарға қажетті білім мен дағдыларды алу үшін кең мүмкіндіктер беруге бағытталған.

Жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін «Жастар практикасы» мен «Жастар кадрлық резерві» бағдарламалары енгізілуде. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетілді.

Жастардың тұрғын үй мәселесін шешу үшін «7-20-25» бағдарламасы және жас отбасыларға кредиттер, сол сияқты баспана саласында жеңілдіктер ұсынылуда. Бұл шаралар жастардың әлеуметтік тұрақтылығы мен әл-ауқатының маңызды факторы болып табылатын қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге жастар белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі әлеуметтік және мәдени бағдарламалар ұйымдастырылуда. Жастар ұйымдары мен волонтерлік қозғалыстарға қолдау көрсетілуде, бұл әлеуметтік ынтымақтастық пен азаматтық белсенділікті дамытуға ықпалын тигізеді.

Оң нәтижелерге қарамастан, жастар саясатын іске асыруда шешілмеген мәселелер қалып отыр. Нақты айтқанда, ауылдық жерде жастардың білім алуы мен жұмыспен қамтылуы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мен жастар арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау үшін қосымша күш-әрекет қажет.

Сарапшылар мемлекеттік саясатты бейімдеп және жастардың барлық топтары үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жүргізілетін шаралардың тиімділігіне үнемі жүргізілетін мониторинг пен талдаудың маңыздылығын атады. Жастар саясатын одан әрі жетілдіре түсу үшін түрлі әлеуметтік топтар мен түрлі аймақтардың спецификалық сұраныстарын ескеретін мақсатты бағытталған және кешенді шаралар қажет.

«Жалпы алғанда, Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру оң нәтижелер беріп отыр деп айтуға болады. Дегенмен бұл бағытта әлі шешімін таппаған мәселелер бар. Мысалы, ауылдық жердегі жастардың білім алуы мен жұмыспен қамтылуы, баспанамен қамту мәселесі, жастар арасында әлеуметтік теңсіздік мәселесі өзекті бола түсуде.

Жастарды дамыту бағытында қабылданған шаралардың адекваттылығына келсек, кейбір аймақтарда және кейбір әлеуметтік топтар арасында қосымша қолдау қажет болуы мүмкін. Үнемі мониторинг пен талдау жүргізу, мемлекеттік саясат жастардың барлық топтарына бірдей тиімділікпен ықпал етуі үшін қажет болса түзетулер енгізіп отыру маңызды» **(Е. Бақытжан, Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстар орталығы» КММ директоры).**

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты шеңберінде жүргізіліп отырған үлкен жұмысқа қарамастан, оның толық тиімділігіне қол жеткізу және шаралар жастардың және ағымдағы сұраныстарға жауап беруі үшін қолдау шараларын бейімдеу мен дамытуды жалғастыра беру қажет.

Тиімді жастар саясатының тағы бір маңызды аспектісі – жастарды әлеуметтік-саяси өмірге тарту. Сарапшылар жастар қоғамдық өмірдің барлық аспектілеріне бейімделуі, кірігуі керек деп есептейді. Бұл – сапалы білімге қолжетімділік, жұмыс орындарын құру, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, қажетті әлеуметтік қызметтің көрсетілуі. Жастардың экономикалық іс-шараларға қатысуына, олардың еңбек қызметі үрдісіне тартылуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл олардың еңбекпен қамтылу деңгейін арттыруға және елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін қажет.

«Біздің елімізде Мәдениет және ақпарат министрлігінде жастар саясатын дамытумен айналысатын Комитет бар. Ол бір ауқымды құрылым шеңберінде қызмет етеді. ...менің ойымша, жастар қоғам өмірінің барлық аспектілерінде қарастырылуы керек. Мысалы, егер біз білім беру немесе контент саласы, тұрғын үй немесе әлеуметтік мәселе туралы айтсақ, жастар да сол контентте қарастырылуы керек. ...жастарға бірінші кезекте осы үлкен экожүйенің үлкен бір бөлшегі ретінде қарау қажет. Бірінші кезекте олар үшін не істелді, олар үшін қанша жұмыс орындары құрылды? Олардың жағдайы қалай? Қандай әлеуметтік қызметтермен олар қамтылған? Олар қоғамға не бере алады? Біз не беріп жатырмыз? Бірінші орында «Неге?» сұрағы тұруы керек.

«Ал қазір жастарда өздері бөлектеніп қалғаны сияқты сезімдер туындайды. Сондықтан да, менің ойымша, жастардың мемлекет құрылымындағы, мемлекеттік басқару құрылымындағы орнын әлі анықтау қажет» **(М.Жұмабай, «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығының директоры).**

Осылайша, сарапшылар пікірінше, мемлекеттік саясатты және тиісті басқару механизмдерін қалыптастыруда жас адамдардың пікірі мен қызығушылықтарын ескеру өте маңызды. Және осы контексте өзекті мәселелер мен сұраныстарды анықтау үшін жастардың ағымдағы хал-ахуалына қатысты сандық және сапалық зерттеулер жүргізіп отыру қажет. Яғни, қазіргі жастар саясатын іске асыру құралдары ғылыми негізделген болуы тиіс. Бұл көзқарас пен тәсіл жастардың қоғамдық бейімделуі мен тұрақты түрде өмір сүру деңгейіне қатысты шараларды сапалық жағынан күшейтуге мүмкіндік береді.

2. Қазіргі жастардың құндылық бағыт-бағдары мен басымдықтары

Жастардың материалдық байлыққа ұмтылуы мәселесі, сол сияқты жетілмегендік, тәуелді болушылық пен конформизмнің болуы секілді сұрақтар қазір қоғамда белсенді талқылануда. Сондай-ақ, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың жастардың құндылық бағыт-бағдарына ықпалы сол талқылаулардың өзекті аспектілерінің бірі болып отыр. Нарықтық қағидаттар мен бәсекелестікке негізделген қазіргі экономикалық орта жастар арасында материалдық жайлылыққа жетуге деген қызығушылықты арттыруы мүмкін. Бұл қызығушылық табиғи болып табылады және әлеуметтік жинақылық пен өмір сапасын жақсартуға ұмтылысты көрсетеді.

Екінші жақтан, қазіргі жастарды сипаттаушы құбылыстар ретінде жетілмегендік, тәуелді болушылық пен конформизмнің болуы мәселесі де талқылануда. Ересек өмірге ену мен жауапкершілікті кейінге қалдыру болып түсіндірілетін жетілмегендік (инфантилдік) әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер ықпалымен әлеуметтік ересектік жасының жылжуы нәтижесі болар. Өз кезегінде, тәуелді болушылық жастардың едәуір бөлігінде, әсіресе ауылдық жерлерде мүмкіндіктер мен ресурстар жеткіліксіздігінің нәтижесі болуы ықтимал. Конформизм әлеуметтік бейімделу және қоғамдық нормалар мен құндылықтарды қабылдау ниетімен негізделуі мүмкін.

Инфантильдік, тәуелділік пен шектен тыс конформизм сияқты кейбір сипаттамалар қазақстандық жастар арасында болуы мүмкін, бірақ бұл барлығына бірдей тән емес. Инфантильдік ұзақ уақыт ата-ана көлеңкесінде болу немесе жауапкершіліктен жалтару түрінде болады. Ата-анаға немесе мемлекетке тәуелді болушылық ұзақ уақыт оқудан, жұмыс табу қиындығы мен тұрғын үй мәселесінен туындауы мүмкін. Белгілі нормалар мен стандарттарға сай болу қысымынан болатын шектен тыс конформизм жастарға өз пікірін білдіруге кедергі болуы ықтимал.

Сарапшылық сауал барысында инфантильдік, тәуелділік пен конформизмге қатысты біртұтас көзқарас қалыптасқан жоқ. Бір сарапшылар материалдық байлыққа ұмтылу қалыпты да дұрыс құбылыс, ол жалы қабылданған моралдық-этикалық нормаларға қайшы келмейді деп есептейді. Олар осындай ұмтылыстар жеке тұлғаның, жалпы қоғамның дамуы үшін табиғи мотиватор болатындығын атайды. Дегенмен осы сарапшылар материалдық байлық адал еңбекпен табылуы керек ойды қабылдаудың бұрмаланғанын да атайды, оның нәтижесінде жастар мемлекеттен толық материалдық қамтамасыз етуді күтіп, тәуелді болушылық көңіл-күйіне ұшырауы мүмкін.

Басқа сарапшылар фискалдық саясаттың өзгеруімен байланысты жастар арасында тәуелді болу көңіл-күйінің өсуіне назар аударып отыр. Олар мемлекеттік қолдауға тәуелді болу мен материалдық жайлылыққа дербес жету мотивациясының төмендеуі сияқты ықтимал теріс салдары туралы ескертеді.

«Инфантильдік, тәуелділік пен шектен тыс конформизм – қазақстандық жастардың негізгі сипаттары деп айта алмаймын. Расында, жастардың көпшілігінде белгілі бір дәрежеде ашық түрде материалдық жайлылыққа ұмтылу бар. Бірақ, менің ойымша, бұл жалпы алғанда әбден дұрыс, салауатты ұмтылыс, ол норма шегінен шықпайды және моралдық-этикалық нормаларға қайшы келмейді» **(А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы).**

«Материалдық байлыққа ұмтылу барлық саналы адамдарға тән және бұл мемлекет пен қоғам дамуының маңызды факторы. Дегенмен материалдық игіліктерді тынымсыз және этикалық еңбекпен табу қажеттілігі туралы ұғым социумда бұрмаланған. Сол сияқты тәуелді болу үрдісі де жастарда басым, өйткені толық материалдық қамтамасыз етеді деген есеппен мемлекетке үлкен үміт артып отыр. Фискалдық саясаттың өзгеруімен байланысты жастар арасында осындай көңіл-күйінің өсуі күтілуде» **(Ж.Ақмаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы).**

Сарапшылар пікіріне жасалған талдау қазақстандық жастар арасындағы инфантильдік, тәуелділік пен конформизм сауалдарына қатысты бірыңғай және нақты жауаптардың жоқтығын көрсетті. Кейбірі материалдық байлыққа ұмтылуды қалыптылығын мойындайды, бірақ оған жету жолдарын қабылдаудағы бұрмалаушылыққа алаңдаушылық білдіруде. Басқалары мемлекеттен көмек күтумен байланысты тәуелді болушылықтың тәуекелдеріне назар аударады. Бұл дискурс Қазақстандағы жастардың құндылық бағыттары мен мінез ерекшеліктерін қалыптастыратын факторларды терең де кешенді зерттеудің қажеттілігін көрсетіп тұр.

Қазіргі қоғамдағы өмір қарқыны жылдамдады, бұл жеке даму мен денсаулық сақтауға, жайлы өмір сүру шарттарын қамтамасыз етуге үнемі ұмтылуды талап етуде. Бұл контексте жастардың материалдық байлыққа ұмтылуы түсінікті және негізді. Дегенмен жастар арасында тараған тиісті тәжірибе мен кәсіби біліктілік болмаса да тез мансаптық өсуге болады деген түсінік – адасушылық.

Жастар арасындағы саналылық пен парагматизм деңгейі өсуде, бұл барынша негізделген және саналы өмір жолын таңдауға көмектеседі. Бірақ бұл байқаулар негізінен орта жастағы қала жастарына қатысты болуы ықтимал екенін атап кеткен жөн, өйткені ауыл жастарын зерттеу қосымша назар мен талдауды қажет етеді.

«Өзіндік даму, денсаулықты ұстау мен жайлы өмір сұраныстарын қанағаттандыру үшін қаржы қажет. Сондықтан жастардың материалдық байлыққа ұмтылу тенденциясы әбден түсінікті. Бірақ аяқ астынан баю, тәжірибе мен кәсіби біліксіз жоғары лауазымдар алу мүмкіндігін қабылдау жастар арасында кең тараған адасушылық болып табылады. Солай болса да жас азаматтардың саналылық деңгейі өсіп келе жатқанын және прагматизм сияқты сипаттардың алдыңғы қатарға шыға бастағанын атап өткім келеді»
(Ә. Масағұтова, ҚР МАМ ЭҚДК «Қоғамдық келісім» РММ директоры).

Сонымен бірге сарапшылар қазіргі жастардың өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылып отырғанын және әлеуметтік желілер беріп отырған мүмкіндіктерді белсене пайдаланып отырғанымен келіседі. Дегенмен олар қалыпты амбициялар мен ақпараттың интернет арқылы қолжетімділігі сияқты сыртқы мотивацияға тәуелді болудың арасын ажырату қажеттігін айтады.

«...қазіргі жастар жақсы тұрғысы келеді. Олар өз құнын біледі, әлеуметтік желілер ықпал етеді, сондықтан олардың бәрі жақсы өмірге ұмтылады»
(Ә. Құсманов, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ басқарма төрағасының орынбасары).

Сарапшылар қазіргі жастардың материалдық байлыққа ұмтылуын түрлі көзқарас тұрғысынан қарауға болады деген пікірде. Біріншіден, әлеуметтік желілер ықпалы едәуір рөл атқарады, өйткені жастар өзгелердің өмірін көреді, салыстырады және бұл олардың материалдық құндылықтарға ұмтылысын күшейтеді. Екіншіден, заманауи жаһанданудың экономикалық шарттары экономикалық тұрақтылық пен материалдық қамтылуды өмір сапасының маңызды көрсеткішіне айналдырды. Үшіншіден, қазіргі қоғамдағы бәсекелестік пен жетістікке ұмтылу жас адамдарды өз әлеуетін іске асыруға, материалдық жайлылыққа ұмтылуға бастайды.

Осылайша, жастарды қолдау бағдарламалары мен жобаларын бейімдеу өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, тұру орындарына қарай жастар сұраныстарындағы ерекшеліктерді және әлеуметтік-мәдени контексті ескеруі керек. Кейбір сарапшылар қазіргі жастар салыстырмалы жайлылықта отырып, табиғи түрде материалдық табыстарға бағытталатынын атады. Олардың мотивациясы тұрақтылық және ұзақ мерзімді перспективамен емес, жиі жедел комфорт пен ресурстар алумен байланысты. Қала жастарымен салыстырғанда ауыл жастарында айқын көрінетін материалдық табысқа ұмтылыс төмен. Бұл байқау түрлі аймақтағы жастар сұраныстары мен мотивациясын түсіну және дәл бағалау үшін зерттеулер мен өлшемдер жүргізудің маңыздылығын көрсетеді.

Сонымен қатар сарапшылар ұрпақтар арасында өзара әрекет пен түсіністіктің жетіспеушілігін атады, бұл жастар бағытын айқындауға айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ, мемлекеттік жобалардың көпшілігі, әсіресе әлеуметтік салада тек жастарға бағытталған, бұл жастардың одан да күрделі, маңызды әлеуметтік жобалардан тыс қалуына әкелуі мүмкін.

«Жастар қазір қандай болса да бір жеткілікті жағдайда тұрып жатқандықтан, олардың мотивациясы табысқа құрылатыны түсінікті және заңды. Бұл арада тұрақтылыққа емес, ал нақты жайлылық пен ресурс алуға. Бұл көп жағдайда ауыл жастарында байқалмайды. Деректерге сүйену үшін осындай өлшемдер жасау қызық болар еді. Оның үстіне аға ұрпақпен өзара әрекеттің жоқтығы, бұл да жастар бағытын айқындауға күшті әсер етеді. Түсіндіре кетейін, барлық жобалар тек жастарға бағытталған. Әсіресе әлеуметтік салада. Мысалы, тіпті марапаттау да. Осыдан жастар одан да күрделі, маңызды әлеуметтік жобаларға қатыспайды. Жай айтқанда, олар ондай жобалар туралы хабарсыз. Осылайша, бұл жастардың ғана мәселесі емес, сабақтастық пен біздің көңіл аудару, күш салуымыздың мәселесі» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Жастар сұраныстары мен мотивацияларының түрлі әлеуметтік-мәдени контекстегі сан алуандығын ескеру мен объективті бағалау жастар саясатын дамыту мен қолдаудың тиімді стратегиясын әзірлеу үшін қажет. Тек жастардың түрлі топтары спецификасын ескеру мен кіріктірілген тәсіл-амал ғана жалпы қоғамның тең де тұрақты дамуына жетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте сарапшылар елдегі жастардың психологиялық жайлылығы ахуалына қатысты алаңдаушылық білдірді және жүйелі түрде зерттеулер жүргізу қажет екенін атады. Жастарды алаңдатып отырған мектеп жүйесіндегі өзгерістер, отбасы мен балалар арасындағы күш қолдану мәселесі, қорлау мінез-құлқы мен тәртібі сияқты тақырыптарды қарастырудың маңыздылығы аталды. Бұл әлеуметтік мәселелер тұтас қоғамға қатысты.

«Мен бұны біздің елде жүйелі зерттеулер жүргізілмеуімен байланыстырамын. Жастарды не толғандырады? Біз нені өзгертуіміз керек? Неліктен отбасыларда күш қолдану көп? Олар неге осы әрекеттерге барады? Бұның барлығы жүйелі зерттеуді қажет етеді. Бұл әлеуметтік проблема болып есептеледі, сондықтан бұл біздің мәселеміз» **(М. Жұмабай, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры).**

Жастардың және жалпы қоғамның әлеуметтік және психологиялық жайлылығын тиімді қолдау үшін әлеуметтік және білім беру саласында өзгерістердің керектігі аталды. Оған қоса сарапшылар білім беру мен психология саласындағы ағартушылық және зерттеушілік жобалардың ағымдағы жағдайына қатысты алаңдаушылық білдірді. Олардың ойынша, бұл бағыттағы жүйелі жұмыс белсенді жүріп жатқан жоқ немесе тиімділіктің жоғары деңгейіне жетпей отыр. Мектеп психологтері жұмысын жақсарту мен олардың құзіретін дамытуды кіргізіп, түсінікті де бірыңғай жүйе құру маңызды.

Сарапшылар ата-аналар мен мектептер арасында үйлесімді өзара қатынас қажет екендігін атады, өйткені қазір бұл екі шешуші құрылым едәуір дәрежеде бөлек жұмыс істеуде. Бұл балалар қиын жерде тиісті көмек пен қолдаусыз күрделі жағдайда қалатын проблемаларға әкеледі.

Көмек пен кеңес беру орталықтары дамығаны және барлық мұқтаж жандар үшін қолжетімді болғаны маңызды. Сарапшылар пікірі бойынша, қазіргі кезде жастарды қолдау үшін маңызды шарттардың бірі – білікті психологиялық көмектің қолжетімді болуы. Көрсетілетін қызметтің сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін олар психологтерді оқыту мен сертификаттаудың маңыздылығын атады және кейбір серификаттанбаған мамандар таратып жүрген жалған ақпараттан сақ болуға шақырды.

Сол сияқты жастарға тегін және ашық қолдау көрсететін көптеген сенім телефондарын құру қажет. Бұл мекемелер тек ыстық желілер болып қана қоймай, жастар өз проблемаларын қауіпсіз де қолдаушы ортада ашық талқылай алатын нағыз сенім үйлеріне айналу керектігі көрсетіледі. Психологиялық стресс пен жеткізу мәдениетінің төмендігінен өз проблемалары жөнінде жастар ата-аналарымен әр кез ашық әңгімелесе алмайтындығына байланысты алаңдаушылық білдірілді, бұл өз кезегінде олардың нақты сұраныстары мен проблемаларын төмен бағалауға әкеледі.

Сонымен бірге сарапшылар тиімді де қолдаушы жүйе құруда мемлекет шешуші рөл атқаруы керек деп есептейді, ол қазіргі қоғам жағдайында жастарды қажет көмекпен, қорғаумен қамтамасыз ете алады.

Мазасыздық, депрессия мен үрейлену сияқты менталды мінез-құлқы бар жастар мемлекет пен қоғам тарапынан ерекше көңіл бөлу мен қолдауды қажет етеді. Бұл мәселелер олардың өмір сүру сапасына, оқу мен кәсіби қызметіне, сондай-ақ әлеуметтік кірігуіне ауыр ықпалын тигізуі ықтимал. Сарапшылар осындай ахуалдардың ескерілуі, бағалануы әдетте жиі назардан тыс қалатынын көрсетті, бұл ұзақ мерзімді салдар туындауына, жастардың жалпы физикалық және психикалық денсаулығының төмендеуіне әкеледі.

Менталды проблемасы бар жастардың көбеюін сарапшылар бірнеше факторлармен негізделуі ықтимал екенін айтып отыр. Олардың ішінде әлеуметтік қысым, экономикалық тұрақсыздық, технологиялық прогресс, құндылықтар өзгеруі және сапалы психологиялық көмектің шектеулі болуы маңызды орын алады. Мәдени, экономикалық және технологиялық өзгерістер жастар арасындағы қауіптену мен стресс деңгейіне айтарлықтай ықпал етуі ықтимал.

Жастардың үлкен бөлігі рухани қысымның негізі қайнар көзі ретінде шешу үшін әлеуметтік проблема мен өз мүмкіндіктерінің салыстыруға келмейтінін сезінеді. Қаржылық шектеусіз сапалы үй үшін қажетті қаржы жинақтауға қабілетсіздік, бағамен салыстырғанда жалақының төмендігі, сол сияқты орта таптың жедел қысқаруы жастарда менталдық мәселелердің, тәуелді болушылықтың, маргинализацияның пайда болуының негізгі факторлары болып табылады.

«Кезінде қаржылық шектеусіз сапалы баспанаға қаржы жинақтаудың мүмкін болмауы, бағамен тең жалақының болмауы, орта таптың жедел қарқынмен қысқаруы – бұлар жастарды менталдық проблемаларға, тәуелді мінезге және маргинализацияға итеретін негізгі факторлар» **(Ж. Ақтаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы).**

Әлеуметтік желілердің де орны айрықша, олар өзгелерде бәрі жақсы тек менің ғана жолым болмайды деген ұғым пайда болуына әкеледі. Бұл қоғам тарапынан қысым мен абыржушылық тудыруы ықтимал. Жалақының төмен болуы, жұмысқа орналасу қиындықтары сияқты әлеуметтік-экономикалық аспектілер, сонымен бірге отбасындағы жеке қатынастар да жастардың психологиялық жайлылығына едәуір ықпалын тигізуі мүмкін.

«Бұл, әсіресе соңғы кезде, тез өзгеріп отырған ортаға байланысты деп ойлаймын. Тіпті болашақты болжау мүмкіндігінің болмауы. Оған қосымша, бұрынғы ұрпаққа қарағанда қазір өмір сүру деңгейі қымбаттады. Күрделі экономикалық деңгейге қарамастан, әрдайым. Тұрақсыздық, пандемия, соңғы жылдар катаклизмдері жастардың менталдық ахуалына ғана әсер етіп отырған жоқ. Бұл анық» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Жастар арасындағы менталдық денсаулық мәселелері сонымен бірге нақты мақсаттың болмауымен, бос жүріспен де байланысты болуы мүмкін. Адам түрлі міндеттермен, оқумен, немесе жұмыспен белсене айналысып, қойылған мақсатқа жол тартқан кезде оның миы осы міндеттерге бағытталады да, менталдық мәселелердің туындау мүмкіндігін төмендетеді. Жастарды белсенді қызметке тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау – жастар саясатының басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Жұмыс істейтін немесе оқитын жастар да зерігу мен теріс ойлардың алдын алу үшін жұмыстан немесе оқудан кейін өз ақыл-ойына қосымша ермек табатындай мүмкіндіктер болуы керек. Идеология, жастар және ішкі саясатпен айналысатын мамандар бұл үшін тиімді шешімдер даярлауы қажет.

«Бұл, ең алдымен, бос жүріс, іс жоқтықпен байланысты болуы ықтимал. Маған солай көрінеді. Үнемі қандай болса да міндеттермен айналысып, қандай болса да өз жолымен жүрген, мақсатқа ұмтылған адам оқуда немесе жұмыс істейді. Адамның бір нәрсемен айналысуы, қызығушылығы артқан сайын оның миы да сонымен айналасады, ал осы менталдық мәселелер керісінше азая түседі. Жастардың немен айналысуын ойлау – жастар саясаты міндеттерінің бірі болуы керек. Тіпті біреу жұмыс істесе, бірдеңемен айналысса да, кешке жұмыстан келсе де, ол өз миына ермек табуы керек. Идеологиямен, жастар саясатымен, ішкі саясатпен айналысатындар бұның шешімін табуы тиіс»
(Н. Зайкенов, жеке кәсіпкер).

Көрсетілген проблемалар тек біздің елде ғана емес, түрлі қоғам адамдарына тән. Сарапшылар жалпы даму мен белсенді жаһандану арқасында қазіргі қоғам барынша ақпараттанған және адами психиканың көптеген аспектілерін дұрыс болжап, нақты атауға қабілетті бола түскенін атады. Ішкі проблемаларды тани және мойындай білу оларды шешу жолындағы алғашқы қадам екенін сарапшылар атап өтті.

Қазақстандық жастар түрлі сипаттамаларға ие деуге болады. Материалдық байлыққа ұмтылыс, инфантилизм мен конформизм кейбір жас адамдарды сипаттаса да, ол жалпы алғанда барлық жастарға сипаттама бола алмайды. Әр жас адамның даралық ерекшелігі мен қоғам дамуына қосқан үлесін ескеру маңызды, ол адамның жеке тұлғалық ерекшелігін анықтайды.

«Қазіргі жастардың материалдық байлыққа ұмтылысы туралы қоғамдық дискурста айтылған пікірді түрлі тұрғыдан қарауға болады. Материалдық байлыққа ұмтылыс – Қазақстанда ғана емес, барлық әлемде байқалып отырған құбылыс. Жастардың материалдық байлыққа ұмтылысының артуы бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін» **(Е. Бақытжан, Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстар орталығы» КММ директоры).**

Сонымен бірге қазақстандық жастардың көпшілігі біліммен белсене айналысуда, инновацияға ұмтылуда, кәсіпкерлікке қызығушылық танытуда және қоғам дамуына өз үлестерін қосуда. Олар қоғамдық қозғалыстарға, волонтерлік жобаларға белсене қатысады және жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытады.

Сарапшылық сауал барысында жастар дамуының материалдық және рухани аспектілері арасында баланс қажеттілігі аталды. Мамандар еңбек пен қаржылық тәуелсіздік сияқты материалдық құндылықтар жастар үшін тұрақтылық пен өз-өзін іске асыру негізі ретінде олар өмірінде маңызды орын алатынын атады. Дегенмен олар сонымен бірге қазіргі жастардың ұлттық бірегейлік пен адамгершілік нормалары, мәдени құндылықтар сияқты өз дамуының рухани құндылықтарына жиі көңіл бөле бермейтіндігіне алаңдаулы. Жастардың

материалдық сұраныстарын қамтамасыз етумен бірге олардың рухани дамуына да ықпал ету, қолдау көрсету маңызды, бұл тұрақты тұлға мен азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін аса маңызды болып саналады.

«Қазіргі кезде жастар дамуы оның адам, азамат ретіндегі дамуының рухани аспектілерін ескермейді ғой» **(М. Жұмабай, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры).**

Сарапшылар рухани даму компонентін жастарға арналған білім беру және әлеуметтік бағдарламаларға кіріктіру деген ортақ пікірде. Мәдени бірегейлікті қолдау мен бекіту жастарға өз түп-тамырларын жақсы түсінуге көмектеседі, жалпы қоғамның үйлесімді дамуына ықпал етеді. Жастар арасындағы материалдық және рухани құндылықтар мәселесі өзекті болып қалуда және мемлекет пен қоғам және білім беру мекемелері тарапынан кешенді көзқарас пен көңіл бөлуді қажет етеді.

3. Азаматтық және саяси белсенділік

Жастардың қоғамдық өмірге қатысуы мен азаматтық ұстанымдарын білдіруге ұмтылысы қазіргі қоғам қалыптасуында маңызды орын алады. Тез өзгеріп отырған әлеуметтік және экономикалық шындықтармен кездескен жастар қоғамдық және саяси үрдістерге белсене қосылуда, бұл демократиялық құндылықтардың дамуы мен әлеуметтік ынтымақтың нығаюына септігін тигізеді. Жастардың қатысы түрлі формада көрінеді, қоғамдық қозғалыстар мен саяси науқандарға белсене қатысудан бастап, әлеуметтік маңызға ие бастамалар мен жобаларды іске асыруға дейін. Олар тек нақты әлеуметтік мәселенің шешілуіне ықпал етіп қоймайды, сонымен қатар саналы азаматтық тәртіпті қалыптастырады, диалог мәдениетін және түрлі пікірге құрмет мәдениетін бекітеді.

Азаматтық активизм даму контексінде жастарда сыни ойлау қабілетінің дамуы, ақпаратты талдау қабілеті, дәлелдеме келтіру мен ақпараттанған шешім қабылдау маңызды аспекті болып табылады. Бұл дағдылар қоғам өміріне тиімді қатысу және тұрақты құндылық бағыттарын қалыптастыру үшін қажет.

Азаматтық ұстаным көрінісі жастардың жеке өсуін нығайтып қана қоймайды, сонымен бірге жалпы қоғамның тұрақты дамуына қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі. Жастар болашақ үшін жауапты және әділ, инклюзивті және тұрақты қоғам құруға ұмтылады, бұл оларды қазіргі әлемдегі өзгерістердің шешуші агенттері қылады.

Жастардың қоғамдық өмірге қатысуына және олардың азаматтық ұстанымдарын білдіруіне қолдау көрсету қоғамдық және саяси институттардың стратегиялық міндеттері. Бұл демократиялық азаматтық қоғам қалыптасуына және тез өзгеріп отырған әлем мен жаһандану жағдайында социумның тұрақты дамуына ықпалын тигізеді.

Сарапшылар жастардың қоғамдық өмірге қатысуы өсуіне және азаматтық ұстанымдарын білдіруге ұмтылысына жоғары баға берді. Бұл тенденциялар әлеуметтік және саяси акцияларға белсене қатысу деңгейінде де, қоғамдық бастамалар құру мен пікір білдіру үшін әлеуметтік желілерді пайдаланудан да көрінеді. Оң аспектілердің бірі жастардың саяси және әлеуметтік мәселелерге қызығушылық танытуы, бұл олардың пікірсайыстар мен білім жобаларына қатысы арқылы білінеді. Бұл азаматтық жетілгендіктің жоғары деңгейін және жастардың қоғамдық процестерге ықпал етуге даярлығын көрсетеді. Сарапшылар пікірінше, жастардың қоғамдық өмірге кең де белсене қатысуы олардың әлеуметтік және саяси процестерге ықпал етуге дайын екенін білдіретін позитивті құбылыс болып табылады.

«Қоғамдық өмірге қатысушы жастардың саны арту тенденциясы байқалады деп ойлаймын. Жастардың азаматтық ұстанымдарын білдіруге ұмтылысы қолдауға лайық және бұл жақсы көрсеткіш» **(А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы).**

«Қазақстандық жастарды айтарлықтай ашық және қоғамдық өмірге белсенді деп сипаттауға болады. Жастардың акцияларға, пікірсайыстар мен білім жобаларына қатысу арқылы саяси және әлеуметтік мәселелерге қызығушылық білдіруін біз көріп отырмыз. Қоғамның жас өкілдерінің азаматтық ұстанымдарын білдіруге ұмтылысы қоғамдық бастамалар құру мен пікір білдіру үшін әлеуметтік желілерді белсене пайдаланудан да көрінеді» **(А. Унайбеков, тәуелсіз сарапшы).**

Осылайша, жастардың қоғамдық өмірге қатысуы мен азаматтық ұстанымдарын білдіруге ұмтылысы олардың қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсене қатысуын ғана емес, сонымен қатар демократиялық құндылықтар дамуы мен қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастықты бекітуге ықпалын да растайды.

Сонымен қатар сарапшылардың бір бөлігі жастардың едәуір бөлігінің қоғамдық өмірге бейжайлық пен конформизм көрсетіп отырғанын атады. Бұл ахуал әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен және базалық сұраныстарды қанағаттандыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Олардың пікірінше, жастар қатысуының төмен деңгейі қауымдастықтағы өмірді жақсартуға және қоғамдық процестерге нақты ықпал ете алатын әлеуметтік және локалды жобаларға көңілдің жеткіліксіз болуынан туындайды. Оның орнына акцент жаппай форматтарға аударылды, оның жастар арасында азаматтық белсенділік пен жауапкершілікті дамытуға ықпалы үнемі сезіле бермейді.

Жастардың қоғамдық өмірге қатысуына қатысты осындай қарама-қарсы көзқарастардың болуы түрлі екі топтың барлығын көрсетеді. Көптеген жастар белсенділік көрсетіп, әлеуметтік мәселелерге қызығушылық танытып отырғанымен, түрлі әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық себептермен қоғамдық өмірге қатысу деңгейі төмен болып отырған жастардың екінші тобы да бар.

«Жастардың басым көпшілігінде әлеуметтік-экономикалық факторлардан немқұрайлылық пен конформизм бар, өйткені олардың көпшілігі одан да басым базалық сұраныстарын жабу жолында жүр» **(Ж. Ақтаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы).**

«Жаппай тұрпаттағы шаралар, бұқаралық ақпарат құралдары локалды және әлеуметтік мәселелерден гөрі оларды көбірек береді. Сондықтан да қатысу деңгейі төмен» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Түрлі қоғамдық және волонтерлік бастамаларға қосылу арқасында жастар белсенділігінің жалпы деңгейі артқанын кейбір сарапшылар атап көрсетті және бұл назар аударарлық жай. Сонымен бірге олар республикалық жастар ұйымдарының қысқаруына қатысты алаңдаушылық білдірді. Бұл жастар қозғалысын белсенді қолдауды шектеген мемлекет тарапынан болатын қолдаудың жеткіліксіздігінен немесе жастардың өздерінің басымдықтары өзгергенінен хабар береді.

«Волонтерлік есебінен белсенділіктің жалпы фоны артты, дегенмен республикалық жастар ұйымдарының саны айтарлықтай қысқарғаны туралы дерек алаңдатады. Яғни, мемлекет тарапынан қолдау жеткіліксіз, ол жастар қозғалысының белгілі бір бағыттарына қызығушылығын жоғалтты немесе бір

ұйым шеңберінде қоғамдық қызметпен шектелмеуге ұмтылған жастардың өздерінде басымдықтар ауысты» **(Э. Масағұтова, ҚР МАМ ЭҚДК «Қоғамдық келісім» РММ директоры).**

Сарапшылар пікірінше, жастар өздерін формалданған құрылым, ұйымдармен шектегісі келмей, қоғамдық өмірге қатысудың мейлінше ыңғайлы, формалды емес түрлері арқылы белсенді болуға ұмтылуы мүмкін. Бұл бір қозғалыс немесе ұйымға байланбай, түрлі бастамалар мен жобаларға қатысу болуы ықтимал. Жастардың қоғамдық белсенділігі өзгеруіне түрлі көзқарас мемлекеттік қолдаудың маңыздылығын, сонымен бірге жастардың қоғамдық өмірге қатысуын ұйымдастыруға көзқарастың оңтайлы, икемді болуы қажеттілігін де көрсетіп тұр.

Жастар арасында азаматтық ұстанымның байқалуы да азаматтық қоғам мен демократиялық институттардың дамуына ықпал етуші фактор ретінде жоғары бағаланады. Жастардың қоғамдық өмірге белсене қатысуы қоғам алдындағы жауапкершілік сыни ойлау қабілеті қалыптасуына көмектеседі. Дегенмен жастардың деструктивті саяси және діни қозғалыстарға тартылуымен байланысты туындауы мүмкін тәуекелдерді де ескерген дұрыс. Өмірлік тәжірибе мен білім жетіспеуінен жас адамдар идеологиялық насихат пен манипуляция алдында осалдық танытуы мүмкін. Сондықтан да жастарға сыни ойлау мен саналы таңдау қабілетін дамытатын оқыту бағдарламаларын ұсыну қажет.

«Бұл сала көңіл бөлуді қажет етеді, өйткені «ерікті жастар ұйымдары» шетелдік көздерден қаржыландырылады. Жалпы алғанда, азаматтық ұстанымның байқалуын мен құптаймын, тек өмірлік тәжірибе мен білім жетіспеуі салдарынан жастардың деструктивті саяси және діни қозғалыстарға тартылу тәуекелі бар» **(Е. Берікбаев, Әл-Фараби ат.ҚазҰУ-дың аға оқытушысы).**

Жастар бастамасын қолдаудың тиімді саясатын дамыту жастардың қоғамдық өмірге белсене қатысуы үшін жағдайлар жасауды, сонымен қатар оларды экстремистік идеология мен манипуляция ықпалынан қорғауды күшейтуді қажет етеді. Жастардың саяси белсенділігінің қазіргі қоғам үшін үлкен маңызы бар. Ол жас азаматтардың саяси процестерді қалыптастыруға белсене қатысуына ықпал етеді және олардың қоғамдық өмірдегі ықпалы мен орнын арттырады. Саяси айтыстарға, сайлау мен қоғамдық қозғалыстарға қатысқан жастар өз мүддесі мен көзқарасын білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар саяси дискурсқа жаңа идеялар мен перспективалар береді.

Бұл белсенді қадам жастарда сыни ойлау мен азаматтық қасиеттердің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Саяси процестерге қосылу олардан ақпаратты талдай білуді, дәлелдеме келтіруге білу мен ымыраға келе білуді талап етеді және бұл олардың тұлғалық, кәсіби дамуына жол бастайды. Сонымен бірге жастардағы белсенді азаматтық позиция қоғамдық істерге жауапкершілікпен қарауды, қоғам болашағын қалыптастыруға қатысудың маңыздылығын түсіне білуді үйретеді.

Жастардың саяси белсенділігі деңгейінің артуы да демократиялық институттардың нығаюына және саяси процестердің ашықтығының артуына әкеледі. Жастар елдің саяси өміріне көбірек қатысқан сайын саяси жүйенің өкілділігі де арта түседі, яғни мейлінше барлық азаматтардың мүддесіне жауап береді. Жастар арасында саяси белсенділікті ынталандыру демократиялық құндылықтарды дамыту, азаматтық қоғамды нығайту және жалпы қоғамның тұрақты әлеуметтік-саяси дамуы үшін қажет.

Сарапшылар Қазақстанда жастар арасында саяси белсенділіктің едәуір артқанын атап отыр. Соның ішінде жастардың, әсіресе жас мамандар мен

студенттердің саяси процестерге қатысу белсенділігінің артуы оң тренд ретінде бағаланды. Бұл фактор қоғамдағы үн мен пікір алуандығының артуына ықпал етсе, ол өз кезегінде мейлінше репрезентативті саяси жүйе құрылуына ықпалын тигізбек.

«Қазақстанның жас азаматтарының саяси белсенділік деңгейінің арту тенденциясы бар деп ойлаймын. Мүмкін, өз дауысының қажеттілігін, жастар арасында өз ұстанымын көрсетудің маңыздылығын іштей сезіну жалпы алғанда азаматтық қоғамның дамуынан хабар береді» **(А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы).**

«Қазақстанның жас азаматтарының саяси белсенділігі жалпы қоғам мен демократия дамуы үшін маңызды. Жастардың, әсіресе жас мамандар мен студенттердің саяси процестерге қатысуға қызығушылығы артқаны байқалады. Бұл – қоғамдағы үн мен пікір алуандығының артуына және мейлінше репрезентативті саяси жүйе құрылуына ықпалын тигізетін оң тренд» **(А. Унайбеков, тәуелсіз сарапшы).**

Жастар арасында саяси белсенділікке қызығушылықтың артуы өз дауысының маңыздылығын іштей сезіну мен қоғамдық істерде өз ұстанымын көрсетудің қажеттілігінен деп түсіндіруге болатын шығар. Бұл тенденциялар елдегі азаматтық қоғамның біртіндеп дамып келе жатырғандығының белгісі, елде қоғамдық маңызды шешімдер қабылдау мен саяси ареналар қалыптасуында жастар барынша белсенді орын алуда. Өз дауысының маңыздылығын іштей сезіну мен жастардың қоғамдық істерде өз ұстанымын көрсетуге ұмтылуы – елде азаматтық қоғамның біртіндеп дамып келе жатырғандығының көрсеткіші. Осылайша, Қазақстанның жас азаматтары арасында саяси белсенділіктің артуы елде азаматтық қоғамның нығаюы мен демократиялық процестердің тереңдеуіне ықпал ететін позитивті құбылыс болып табылады.

Сарапшылық сауал барысында Қазақстан жастары арасындағы саяси белсенділіктің оң динамикасы аталды. Соның ішінде, ҚР Парламентінің соңғы сайлауы және басқа да маңызды оқиғалар жастардың консультативтік-кеңестік органдарға қатысуына назарды күшейткен болар. Мысалы, жастар саясаты бойынша кеңеске мемлекеттік орган өкілдері орнына жастардың кіргізілуі жастардың қоғамдық-саяси саладағы орнын нығайтуға бағытталған елеулі қадам болып табылады.

«Жастардың саяси белсенділігі жыл сайын артып келеді. Бұл әсіресе ҚР Парламентіне соңғы сайлау барысында байқалды. Сол сияқты жастардың консультативтік-кеңестік органдарға қатысуына назар күшейтілді. Мысалы, жастар саясаты бойынша кеңестерге мемлекеттік органдар өкілдері емес, жастар көбірек тартыла бастады. Президенттің Ұлттық Құрылтайда және Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII Сессиясында сөйлеген сөздерінде жастарға көңіл бөлінді. Сессияда Президент этномәдени бірлестіктер мен ҚХА-ның қоғамдық құрылымдарында орынбасарларды жастардан тағайындау туралы нақты нұсқау берді, бұл жастарды қоғамдық жұмысқа ғана емес, маңызды саяси бағыттар мен дискуссияларға тарту болатын» **(Э. Масағұтова, ҚР МАМ ЭҚДК «Қоғамдық келісім» РММ директоры).**

Жастардың саяси процестерге ықпал етуге ұмтылысының артуы сарапшылар пікірі бойынша бірнеше шешуші факторлармен негізделеді. Біріншіден, жастар арасында, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында да белсенділіктің едәуір артқаны байқалады, бұл олардың қоғамдық шешімдерге ықпал ету ниетімен байланысты. Екіншіден, ақпарат таралуы мен қоғамдық пікір

қалыптастыруда әлеуметтік медиа мен мессенджерлер үлкен орын алады, бұл да жастардың саяси ортаға тартылуына айтарлықтай ықпалын тигізеді.

Талдау саяси құрылымдардың өзгеріп отырған өмір шындықтарына бейімделуі мен жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысуына мүмкіндіктер беру қажет екендігін көрсетеді. Бұл демократиялық практиканың тереңдеуі мен азаматтық қоғам дамуына ықпал етеді.

«Әлеуметтік медиа мен әлеуметтік мессенджерлерде мәдениет даму үстінде. Қолжетімділік, қамту аймағының кеңдігі. Бұл саяси ортаға қатысудың үлкен серпіні. Менің ойымша, партиялардың жастар «қанаты» осы трендті жалғастырып әкетуі тиіс. Жастар парламенті, дебаттар, заң жобаларын жазуға үйрету. Жеңіл жолмен жүрмеу, мысалы, тек волонтерлікке кету (бұл жаман жол емес, тек бұл жүрілген, тапталған жолмен жүру жеңіл) емес, саяси сауатты, көзі ашық жастарды өсіру. Ал бұл басқа құралдар» **(Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры).**

Осылайша, бүгінде жастардың саяси процестерге қатысуға деген қызығушылығы едәуір өсті деп тұжырымдауға болады. Бұл тренд олардың қоғамдық шешімдерге ықпал етуге ұмтылысы мен кеңесші органдар мен білім жобаларына қатысу арқылы ел болашағын қалыптастыруға қатысу ынтасын білдіреді. Бұл ретте жастардың саяси белсенділікке дайындығына қатысты алаңдаушылық білдіріліп, осы салада мейлінше терең білім мен кәсіби дайындықтың қажеттілігі аталды.

Қазақстан жастарының азаматтық белсенділігін одан әрі дамыту үшін саяси дағдыларға үйрету механизмдерін жалғастыру, олардың елдің саяси өміріне қатысуы үшін жайлы жағдайлар жасау және қоғамдық пікір мен ұлт болашағын қалыптастырудағы жастардың белсенді орнын белгілеу маңызды. Жастардың саяси мінез-тәртібіне ықпал ететін экономикалық жағдай мен әлеуметтік-мәдени факторлардың сан алуандығы жағдайында олардың азаматтық білім алуы мен қоғамдық және мемлекеттік институттар тарапынан қолдау алуына баса назар аудару қажет.

Сарапшылардың маңызды байқауы бойынша, Қазақстандағы жастардың саяси белсенділігі бірнеше шешуші бағытта дамып келеді. Ең алдымен, жастар арасында саяси ақпараттану деңгейі мен білім деңгейінің өскендігі байқалады. Әлеуметтік желілер мен интернеттің кеңінен таралуы жас адамдарға қажетті ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Университеттер мен мектептерде саяси сауаттылықты арттыруға бағытталған шаралар өтеді.

«Қазақстанда жастардың саяси белсенділігі артып келеді, олар елдің саяси өміріне белсене қатысуда. Бірақ осы белсенділікті одан әрі арттыру үшін саяси білім, қолдау мен кедергілерді алу керек. Жастардың саяси процестерге қатысуы елдің демократиялық дамуы мен тұрақты қоғам қалыптастыруға жәрдемдеседі» **(Е. Бақытжан, Өскемен қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстар орталығы» КММ директоры).**

Жастардың жастық шегін 35 жасқа дейін көтеру де олардың қоғамдағы орны мен ықпалына жаңаша көзқарасты қажет етеді. Сарапшылар пікірінше, жастар саясатын дамытуға қатысты тұжырымдама мен заңнамалық актілердің болуына қарамастан жастарды елдің қоғамдық өміріне белсенді түрде кіріктіру қажет.

Жастар сұраныстары мен мәселелерінің кең спектрін қамтитын жүйелі механизмдерді құрумен бірге жастардың шешім қабылдау процестеріне белсене қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Сарапшылар жастар саясатын дамытудың

ұзақ мерзімді және тұрақты стратегиясын құруға шақырады. Бұл жастардың ағымдағы өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етумен бірге олардың болашақ Қазақстанды қалыптастыруға белсене қатысуының негізін дайындайды. Сонымен бірге жастар саясатына жауапты мемлекеттік құрылымдар жұмысында ашықтық пен тазалықты қамтамасыз ету маңызды екені аталды. Бұл ресурстарды тиімді пайдалануға және мемлекеттік органдар, жастар ұйымдары және жалпы қауымдастық арасында өзара пайдалы қатынас орнатуға жәрдемдеседі.

4. Жастармен идеологиялық жұмыс

Қазіргі ақпараттық кеңістік жағдайында жастармен идеологиялық жұмыс – күрделі де көпаспектілі процесс, ол жастардың сандық және медиаресурстармен сан түрлі өзара қатынасын терең түсінуді қажет етеді. Қазіргі жастар әлеуметтік желілермен, сандық платформалармен және медиа арналармен белсенді өзара қатынаста және бұл олардың идеологиялық бағыт-бағдарының қалыптасуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Идеологиялық жұмысты құру процесі дегеніміз құндылықтар мен сенімдерді беру ғана емес, сонымен бірге олардың көзқарасымен, пікірлерімен тығыз қатынаста болу. Ақпараттық кеңістіктің сан алуандығы олардың білімін толықтырады, дегенмен сонымен қатар тұлғалық бірегейлік пен құндылық бағдарды қалыптастыруда тәуекел де болып табылады. Ақпараттық кеңістіктің сан түрлі екендігін ескере отырып, тиімді идеологиялық жұмыс жастардың түрлі топтарына тән әлеуметтік және мәдени контекстерді де есте ұстағаны жөн. Бұл тұрақты да конструктивті идеологиялық шептерді қалыптастыруға жәрдемдесетін оқыту мен коммуникация стратегиясын құрудан тұрады.

Жастармен идеологиялық жұмыстың негізгі аспектілері оқыту бағдарламаларына кірігуден, сыни ойлауды дамытудан және түрлі көздерден түсіп жатқан ақпаратты талдай білуден тұрады. Бұл оң бірегейлік қалыптасуына және тұрақты құндылық бағыттарын дамытуға көмектеседі.

Жастармен кері байланыс орнатуды құру контексі мен сапалы идеологиялық жұмыс қалыптастыруда сарапшылар біржақты жүргізу орнына дәлдік құралдарды пайдалануды ұсынады. Бұл диалог құру, олардың пікірі мен мүддесін ескере отырып, жастарды талқылау мен бастамалар дайындауға тарту. Бұндай тәсіл түрлі ұрпақ арасындағы өзара түсіністікті нығайтумен қатар идеологиялық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Коммуникациялық стратегияларды жастар басымдықтарына қарай бейімдеу олардың қоғамдық өмірге барынша тереңдеп енуіне және тұрақты құндылықтар бағдарының қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен, ақпараттық кеңістікте жастармен коммуникацияның жайлы формаларын есепке алу азаматтық белсенділікті дамыту мен конструктивті қоғамдық өзгерістерге бағытталған табысты идеологиялық жұмыстың шешуші аспектісі болып табылады.

«Жастармен байланысты олар өздерін барынша жайлы сезінетін форматты құру керек деп ойлаймын. Ақпараттық кеңістікте бір жақты жүргізусіз, тікелей үндеусіз дәл жұмыс жүргізілуі керек» **(А. Абыкен, «Green Case Group» компаниясы топтарының негізін қалаушы).**

Сонымен бірге сарапшылар пікірінше бірлік нарративасын (өңгімелерін) белсенді ілгерілету керек және барша азаматтарды біріктіретін азаматтық ұлтшылдық (национализм) сияқты факторларды атап отыру керек. Бұл амал

қоғамдағы әлеуметтік үйлесім мен ынтымақты нығайтуға жәрдемдеседі. Тәуелділік, экологиялық проблемалар мен әлеуметтік әділетсіздік сияқты өткір әлеуметтік мәселелерді, бірлесе шешу төңірегінде азаматтардың шоғырлануы өте маңызды болып табылады. Осындай күш-жігер жұмсау ұжымдық әрекет пен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мен азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған тұрақты шешімдер іздеуге негіз болады.

«Бірлік нарративасын ілгерілету керек және жалпыға ортақ факторларды (азаматтық ұлтшылдық) үнемі атап отыру керек және оларды тәуелділік, экологиялық проблемалар мен әлеуметтік әділетсіздік және т.б. өткір әлеуметтік мәселелерді, бірлесе шешу төңірегінде шоғырландыру қажет» (**Ж. Ақмаев, «Esbol Qory» ҚҚ төрағасы**).

Азаматтық белсенділікті дамыту мен қоғамдық процестерге конструктивті әсер ету үшін бірліктің айқын нарративтері мен қоғамдық мақсаттар идеологиялық базаны айтарлықтай сапалы күшейте алады.

Коммуникацияның түрлі арналарын пайдалану жастардың идеологиялық тұжырымдамалармен, құндылықтармен өзара әрекетін тереңдете түсуге жәрдемдеседі және бұл оларды барынша дәл түсіну мен қабылдауға ықпалын тигізеді. Бұл тәсіл сол сияқты жастарда сыни ойлау мен белсенді азаматтық қатысуды қалыптастыруға ықпал етеді. Әлеуметтік желілер, оқыту бағдарламалары, мәдени оқиғалар мен медиа платформалар кең аудиторияға жетуді ғана емес, сонымен бірге жастардың түрлі топтарының сұраныстары мен қызығушылықтарына сәйкес контентті бейімдеуге де мүмкіндік береді.

«Жастармен жүргізілетін идеологиялық жұмысты әлеуметтік желілер, оқыту бағдарламалары, мәдени оқиғалар мен медиа платформалар сияқты коммуникацияның түрлі арналарын пайдалану арқылы іске асыруға болады. Олардың тиімді қосылуы мен қатысуын қамтамасыз ету үшін жастардың түрлі топтарының сұраныстары мен қызығушылықтарына сәйкес контентті бейімдеу мен ескеру маңызды» (**А.Унайбеков, тәуелсіз сарапшы**).

Коммуникациялық арналардың әртүрлі болуы мен контентті бейімдеу жастармен идеологиялық жұмыс жүргізу талпыныстарының басты элементтері болып табылады, бұл олардың қоғамдық және саяси процестерге белсене тартылуы мен қосылуына ықпал етеді. Сонымен бірге бірыңғай идеологиялық құжаттың болмауы идеологиялық тұжырымдаманы ілгерілету бойынша жалпы стратегияны қалыптастыруға кедергі болып отыр. Мысалы, жарнама, сериалдар, фильмдер және жаппай өндірісті жалпы идеологиялық стратегияның элементтері ретінде пайдалануға болады.

«Бірінші – оны жазу керек, бізде тап жастар идеологиясы бойынша бірыңғай құжат, негізінде тұжырымдама жоқ. Тұжырымдама бар, бірақ ол идеологиялық компонентсіз. Екінші – тарату және үлкен ауқымды алу үшін жарнама, сериалдар, фильмдер және жаппай өндіріс арқылы беру» (**Т. Миронюк, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры**).

Идеологиялық жұмыс тартымды және қазіргі жастар мүдделеріне сай болуы тиіс. Көрерменді қызықтырып, қажет идея мен ойлау моделдерін байқатпай

енгізетін сериалдар мен фильмдер идеология жеткізудің тиімді құралы бола алады. Батыста ойын-сауық контенті арқылы идеологиялық тұжырымдамаларды енгізумен тұтас институттар айналысып отыр және осындай тәсілді Қазақстанда да қолданған дұрыс.

«Идеология тартымды түрде жеткізілуі керек, менің ойымша, ол фильмдер мен сериалдар болуы тиіс. Қазір не тартымды, ақпарат жеткізудің қай құралы қызықты сол жерде беру керек. Негізінде, Батыста тұтас институттар айналысады, қалай енгізеді, фильмдер, сериалдар. Өйткені адам қарайды да белгілі бір жауаптар алады, анықталған ойлау жүйесін көреді, қазір Батыста оны фильмдерге таңып қояды, ал бізде ол қалай...» **(Н. Зайкенов, жеке кәсіпкер).**

Сарапшылар соңғы жылдары идеология мәселелері өзекті бола түскенін айтуда. Олар қоғамдағы біріктіруші құндылықтардың маңыздылығын атады, олар нақты анықталған және жастар арасында талқыланған болуы қажет. Олардың пікірінше, жастар күрделі саяси мәтіндерді әр кез түсіне бермейді, сондықтан олармен өз тілінде, жастар тілінде сөйлесу керек, ғылыми және жалпыадамзаттық құндылықтарды олармен қарапайым да түсінікті тілде талқылау қажет.

